щественно-политические отношения. Обычное право, отличаясь низким уровнем целостности и внутренней согласованности, было слито воедино с религией и моралью, растворено в политических, экономических, семейных и прочих институтах и процессах. Но в то же время это было право, правовой порядок, правовое измерение общественной жизни. Такая парадигма общественного порядка, взаимосвязи права со всеми сторонами жизни отражала ощущение целостности, ощущение того, что правовые учреждения и процессы, как и правовые нормы и правовые решения, составляют неотъемлемую часть Вселенской гармонии. Право, как искусство, как миф и религия, как сам язык, было не способом применения правил для определения вины и вынесения приговора, не средством разделения людей на основе набора принципов, оно было средством, способным удержать людей вместе. Право воспринималось прежде всего как процесс посредничества, способ общения, а не как процесс создания норм и принятия решений. Разумеется, имелись установившиеся правила и процедуры для наказания преступлений, возмещения ущерба, соблюдения договоров, посмертного распределения имущества и решения других проблем, связанных с правосудием. Это был довольно сложный правовой порядок. Но не было правовой системы как сознательно изложенной и систематизированной структуры правовых учреждений, ясно отличающейся от других общественных институтов и культивируемой лицами, специально обученными для этого.

#### **Заключение**

Значение казахского обычного права выходило далеко за пределы своей собственной регулятивной нормативной роли в этнокультурных границах Казахстана. Оно было в широком смысле законом и властью, источником общественного бытия и нравственности, искусством и духовной ценностью. Рожденное в рамках кочевой цивилизации, оно вобрало в себя многие ценностные черты и оптимумы человеческих мечтаний и человечности той эпохи [4, с.28]. Будучи особым творением человеческой культуры, оно по праву может и должно занять достойное место в мире исторически значимых правовых систем.

#### *Список использованной литературы:*

1. Леви-Брюль А. *Сверхъестественное в первобытном мышлении*. – М., 1957. – С. 10.
2. Кабжанов К. *Некоторые философские проблемы обычного права казахов // Государственная независимость Центрально-Азиатских стран: итоги и перспективы: Материалы междунар. науч.-практ. конф.* – Алматы: Изд-во Центрально-Азиатского ун-та им. Д.А. Кунаева, 2011. – С. 114.
3. Кенжалиев З.Ж. *Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет*. – Алматы, 2007. – С. 22-23.
4. *Древний мир права казахов: Материалы, документы и исследования / Под ред. академика С.З. Зиманова*. – Алматы, 2011. – С. 29.



*Н.Б. Калкаева<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Абай атындағы ҚазҰПУ, Тарих және құқық институты, Қылмыстық-құқықтық пәндер кафедрасының қауымдастырылған профессоры, з.ғ.к., Алматы қ., Қазақстан  
e-mail: nesibeli77@mail.ru*

## **ШАРИҒАТ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӘДЕТ-ҒҰРЫП ҚҰҚЫҒЫ БОЙЫНША ЖАЗА ТҮРЛЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

*Аңдатпа*

Мақалада қазақ әдет-ғұрып құқығындағы қылмыстық жаза ретінде кінәліден бүкіл мүлігін тартып алуды қолданылғандығы айтылған. Әдет-ғұрып құқық жазбалары және қазіргі заманғылардың айтулары бойынша бұл басқа дінді қабылдау үшін қолданылғанымен, бұл жаза өте сирек қолданыс тапқан. Сонымен қатар, қазақ әдет-ғұрып құқығында жаза түрі ретінде айыптылар ауылдан, рулық, көшпенді қауымдастықтардан қуылған. Бұл жаза көбіне ауыл старшиналары мен туыстарының келісімінсіз өз үйінде қылмыскерлерді тығып ұстаған үшін қолданылған. Егер кімде-кім рудан қуылғанды өлтірсе, ол жауаптылыққа тартылмаған.

Мақалада қазақ әдет-ғұрып құқығында түрмеге қамау, гаупвахта, қоғамдық жұмысқа тарту, лагерде ұстау, жер аудару, айдау секілді жаза түрлері беймәлім болғандығы айтылады. Сонымен бірге қазақ әдет-ғұрып құқығына ұзақ мерзімге бас бостандықтан айыру сияқты жазалар да таныс болмағандығы айтылады. Қазақ қоғамында бұл жаза түрлерін қолдану және іске асыру үшін керекті жағдай болмаған. Бірақ та аз уақытқа бас бостандығынан айыру жазасы қазақ әдет-ғұрып құқығында болған. Кінәліні қараңғыда керегеде ұстау, ағашқа байлау, біраз сағатқа байлап, жалаңаш қалдыру (ыстық күні) ал қыста – суық кезде жеңіл киіммен қалдыру сияқты абсолютті жазалардың қолданылғаны айтылған.

**Түйін сөздер:** Бас бостандығынан айыру, қазақ әдет-ғұрып құқығы, қараңғыда керегеде ұстау, ағашқа байлау, ыстық күні біраз сағатқа байлап, жалаңаш қалдыру, қыстың суық кезінде жеңіл киіммен қалдыру.

*Н.Б. Калкаева<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>к.ю.н., ассоциированный профессор кафедры Уголовно-правовых дисциплин  
Института истории и права КазНПУ имени Абая, г.Алматы, Казахстан  
e-mail: nesibeli77@mail.ru*

## **ОСОБЕННОСТИ ВИДОВ НАКАЗАНИЙ ПО ШАРИАТУ И ОБЫЧНОМУ ПРАВУ КАЗАХОВ**

*Аннотация*

В статье освещаются вопросы, связанные с применением изъятия всего имущества у виновного как уголовного наказания в обычном праве казахов. В обычном праве казахов, по мнению современных авторов, даже в пределах иной религии, данный вид наказания редко применялся. Также в обычном праве казахов применялись такие наказания, как изгнание виновного из аула, рода, кочевнического сообщества. Такие наказания в основном применялись, когда прятали и держали в своем доме виновного лица без согласия старшин аула и родственников. Лицо не привлекалось к уголовной ответственности, если он убивал виновного лица, который был изгнан из рода.

В статье также рассматриваются вопросы обычного права казахов, когда чужды были такие наказания, как содержание в тюрьме, гауптвахте, привлечение к общественным работам, содержание в лагере, депортация, каторжные труды. Также рассматриваются вопросы неприменения в обычном праве казахов таких наказаний,

как лишение свободы на длительное время. В казахском обществе не было необходимости в применении данного вида наказания. Тем не менее в обычном праве казахов применялось лишение свободы на короткий срок. В статье перечисляются случаи применения таких абсолютных наказаний, как содержание в холодной темной комнате, привязывание к дереву, оставление в жаркие дни человека голым на длительное время, в морозные дни оставление в легкой одежде.

**Ключевые слова:** Лишение свободы, обычное право казахов, содержание в темной холодной комнате, привязывание к дереву, оставление в жаркие дни человека голым на длительное время, в морозные дни оставление в легкой одежде.

*N.B. Kalkayeva<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Candidate of Law Sciences, the associated professor of department of Criminal and legal disciplines of Institute of history and the right of KAZNPU of a name of Abay, Almaty, Kazakhstan  
e-mail: nesibeli77@mail.ru*

## FEATURES OF TYPES OF PUNISHMENT UNDER SHARIA AND COMMON LAW OF KAZAKHS

### *Abstract*

In article questions in which withdrawal of all property at guilty as criminal penalty in common law of Kazakhs is applied are taken up. In common law of Kazakhs, according to modern writers even if for application of other religion, this type of punishment was seldom applied. Also in common law of Kazakhs such punishments as exile of the guilty person from the aul, a sort, kochevnichesky community were applied. Such punishments were generally applied when hid and kept in the house of the perpetrator without the consent of foremen of the aul and relatives. The person wasn't brought to trial if it killed the perpetrator which was expelled from a sort.

In article questions, common law of Kazakhs when such punishments as keeping in prison, a guardroom, attraction to public works, content in lager, deportation, hard labors were alien are also considered. Also questions of non-use in common law of Kazakhs such punishments as imprisonment for a long time are considered. In the Kazakh society there was no need for application of this type of punishment. Nevertheless in common law of Kazakhs imprisonment for short term was applied. Are listed in article about application such absolute punishment as contents in the cold dark room, attachment to a tree, leaving in hot days of the person naked for a long time, in frosty days leaving in light clothes.

**Keywords:** Imprisonment, common law of Kazakhs, contents in the dark cold room, attachment to a tree, leaving in hot days of the person naked for a long time, in frosty days leaving in light clothes.

Шариғаттың түгелдей рухына Алланың шапағаты дарыған деп есептелгендіктен, жазалар да оның атынан “Алланың белгілеген шектерінен” асқаны үшін тағайындалады (Құран 65/1).

Шариғатта жаза төрт түрге: қысас, диат, хадд, таъзир болып бөлінеді. Толығырақ айтсақ:

1) Қысас (әрекетке әрекет) (Құран 5/49: “Жанға-жан, көзге-көз, мұрынға-мұрын, құлақ-құлақ, тіске-тіс, жаралағандығы үшін кек алу”) Қысас жазасына көбіне кісі өлтіру, адамның дене мүшесін зақымдау, мертіктіру жатады. Мұны шариғат “адам құқығына қол сұғу” деп қарайды;

2) Диат (төгілген қан үшін өтемақы немесе құн алу). Өлген жақтың туысқандары кісі өлтірушіден “қанды кек” алмай, орнына құн (диат) аламын деуге құқылы. Кейде еш нәрсе алмай, кешіруі де мүмкін. Мұндай жазаның тәрбиелік мәні өте үлкен;

3) Хадд жазасына тартылғандарға кешірім берілмейді. Хадд жазасына зинақорлық, ғайбат сөйлеу, ішімдік ішу, ұрлық, тонаушылық, діннен

безу, көтеріліс жасау және т.б. жасағандар тартылады. Бұлар өлім жазасына, түрмеге қамауға, дүрелеуге, қол-аяғын кесуге, таспен атып өлтіруге және т.б. жазаланады;

4) Таъзир жазасына қысаспен хадд жазасына жаппайтын, онша ауыр емес қылмыс жасағандар жазаланады. Бұларға айып салынады, дүрелейді, жалаңаштап көшеде алып жүреді, аяғына жығып, кешірім сұратады және т.б.

Жазалау көпшілік алдында өтеді. Шариғат бойынша көп қолданылатын жазалар тізімін келтірейік: қан төгілгені үшін, өлім мен дене жарақаты үшін құн төлеу; түрлі қылмыстық және азаматтық қылмыстар үшін сот белгілейтін айыппұл; діннен бас тартқаны үшін, киелілерге залал келтіру, сенім мен дінді қорлағаны үшін өлім жазасына кесіледі немесе өмір бойына қамауға алынумен жазаланады; жақын туыспен зинақорлық жасағаны үшін жазалау; үш ретке дейін зинақорлық үшін – 100 дүре, төртінші рет үшін өлім жазасы; үйленген әйелмен зинақорлық жасау – таспен ұру немесе ұзақ уақыт бойына үйде қамап қою; бір жыныстылармен, өлікпен

зинақорлыққа бару – 25 дүре; өтірік жала жапқаны үшін еркін адамға 80 дүре, құлға – 40; шарап ішкені үшін – еркін адамға 40-80 дейін дүре соғу, құлға – соның жартысы; ұрлық жасау – Алланың және адамдардың алдында ауыр күнә, сондықтан ұрының оң қолын шауып, жазалайды (Құран 5/42); әйелді өлтіргені үшін құнның жартысы (50 түйе), ер адамды өлтіргені үшін – 100 түйе төленеді; мұсылманның христианды немесе иудейді (зимми) өлтіргені үшін – 100 түйе немесе 1 мың динар көлемінде (10-12 мың дирхем немесе шамамен 10-12 кг күміс) құн төленеді; адамның дене мүшесін жарақаттағаны үшін тура сондай жарақат немесе адам өлтіргендей жаза қолданылады; ұсақ тәртіп бұзушылық үшін халық алдында сөгіс жариялау, есекке, қара сиырға теріс отырғызып көше бойымен алып жүру секілді жазалар тағайындалады; өлтіруге итермелегені үшін өмір бойы бас бостандығынан айырумен жазалайды; әкесін өлтіргенге – қинау.

Араб мемлекеттерінің қылмыстық заңдарында жазаның бірнеше топтары бар. Топтастырудың бір түрі жасалған қылмыстың дәрежесіне қарай жазаны бөлуді ұсынады: қылмыс, бұзақылық және құқық бұзушылық жасағаны үшін жазалау. Топтастырудың басқа түрі – жазалауды негізгі және қосымша деп бөлу. Негізгі жазалар қылмысты әрекеттер үшін тағайындалады; оларды жазалаудың басқа түріне қосуға болмайды. Араб мемлекеттерінің қылмыстық заңдары бойынша жазаның негізгі түріне келесілер жатады: 1) өлім жазасы; бас бостандығынан айырумен байланысты жазалар: а) өмірінің соңына дейін болатын ауыр жұмыстарға жазалау (жазалардың бұл түрі БАӘ мен Бахрейннің ҚК-мен қарастырылмаған) олар өмір бойына және уақытша да болуы мүмкін; б) қамауға алыну; в) уақытша немесе өмір бойына түрмеге қамауға алыну (Сирия мен Ливанда түрмеге отырғызудың орнына – қамау); г) тұтқындалу – жай немесе түзету жұмыстары; д) еркінен тыс қоныстандыру; 3) мүліктік жазалар: а) айыппұл; б) еріксіз түрде алынған мүлікті мемлекет пайдасына алу; 4) құқықтары мен бас бостандығынан айырумен байланысты жазалар (мысалы, азаматтық құқықтарынан айыру). БАӘ-де шарифаттағы барлық жазалардың түрі қолданылады: – хадд және қысас дәрежесіндегі қылмыстарға негізгі жазалар қолданылады. Қосымша жазалар негізгі жазалармен біріктіріледі. Егер де сот қылмыскердің негізгі жазаға тартылуы жеткілікті емес деп шешетін болса немесе заңда пайдакүнемдік себеппен жасалған қылмыс деп бағаланса, онда мүлік еріксіз түрде мемлекет пайдасына алынады.

Жазаның қосымша түрі келесідей топтарға бөлінеді: 1) міндетті (сот оларды тағайындауға міндетті, себебі олар заңда көрсетілген, ал егер де сот қосымша жазаны тағайындамаса, онда ол сот қателігі деп саналады да, шешіміне қарсы шығуға болады); 2) болуы мүмкіндері (олардың тағайындалуы соттың шешіміне байланысты). Сонымен қатар, бірге жүретін жазалар да бар, соттардың оларды шешімге қосуы міндетті емес, бірақ та ол оларды жоққа шығара да алмайды. Бұл жазалар міндетті түрде қылмыстық кодексте қарастырылуы қажет емес; олар арнайы заңдарда көрсетілуі мүмкін.

Мысал ретінде шарифат нормаларындағы қылмыстарды қазақ әдет-ғұрып құқығымен салыстыра қарағанымызда, бұған көзіміз әбден жетеді. Адам құны қазақ әдет-ғұрпының ірі заң ескерткіші “Жеті Жарғыда” 1000 қой болса, шарифат заңында алты түрлі: 1) 100 алты жасар түйе; 2) 200 мүйізді қара мал; 3) 1000 қой; 4) 200 хулле (бір хулледе екі кездеме мата); 5) 1000 мысқал алтын; 6) 1000 дирхам. Міне, осы секілді адам денесін жарақаттаған қылмыскерге де; қазақ әдет-ғұрпы бойынша – екі көзге толық құн; бір көзге жарты құн; екі қолға толық құн; әйелдің емшегін кескенге – толық құн; т.б. шарифат заңдарында дәл осыған ұқсас құн (диат) алынған [1, 43-45 бб.].

Тәуке хан жарғысымен қазақ әдет-ғұрып құқығының басқа да жазбаларында мынадай жазаның негізгі түрлері белгіленген: “1) өлім жазасы, 2) тәндік жазалар және абырой шашатын жазалар, 3) құн, 4) айып, 5) басымен беру, 6) бүкіл мүлкін тартып алу және тайпадан, рудан қуу [2].

*Өлім жазасы.* Өлім жазасы – заңға белгілі жазалардың ішіндегі ең қатал шарасы. Сонымен қатар мұндай істер жөніндегі соттың қатесі үкім орындалып болғаннан кейін түзетілуі мүмкін емес [3].

Мысалы, Тәуке хан жарғысы бойынша кісі өлтіру, адам ұрлау және әйел зорлау, көзге шөп салу үстінде ұсталу, малды бірнеше рет ұрлау үшін кінәлілер өлім жазасына тартылған. Аталған заң бойынша жәбірленуші мен оның туыстарының келісімімен өлім жазасы сот үкімі арқылы басқа да жаза түрімен, мысалы құнмен, құлдыққа берумен, денеге және абыройға зиян келтіретін жазалармен ауыстырыла алған. Деректерде жазылғандай, Тәуке хан кезінде өлім жазасы өте сирек қолданылған. Ол хан немесе сұлтан өзі басқарған билер мен старшиналардың жиналысында тағайындалған. Сот үкімі халықтың алдында атқарылған, ал бұл жайт кей еңбек авторларына мұндай халықтың жиналуы “халық жиналысы” деп атауға формальды негіз береді.

Өлім жазасын жекелеген хандардың, сұлтан-дардың қолдануы көшпенділер арасында қолданылған билік сипатына байланысты болған. Көшпенді өмір салтында рулық қатынастар қалдықтарының сақталуы және мемлекеттік биліктің орталықтануының әлсіздігі өлім жазасын қолданудан соң жаңа қылмыстардың пайда болуына, барымтаның өрбуіне немесе т.б. рулық қарама-қайшылықтардың өсуіне алып келген. Хандар мен сұлтандар өлім жазасына тек артында қолдайтын мықты адамдары бар жақтарды тартқан. Қазақ жүздерін хандық басқару кезеңінде кінәліні өмірден айыру көбіне кек алу, кінәліге өзіндік сот, барымта және басқа да жәбірленуші жақтың өз еркімен жасалатын жазалар жиі қолданыста болды.

Қанды кектің негізінде талиондық “қанға-қан, жанға-жан” принциптері жатыр, яғни өлім жазасы мемлекет қолданатын жазаға дейін барлық халықтарда адам өлтіріп кек алу түрінде жүзеге асты [4].

Өлім жазасы хууд санатына жататын қылмыстар үшін, яғни зинақорлық, қарақшылық, діннен безушілік және бүлік шығару секілді және т.б. үшін тағайындалады.

Зинақорлық үшін тағайындалатын өлім жазасы – мухсанды зинақорлық әрекетін жасағаны үшін тас лақтырып өлтіреді.

Алла және Елшісімен жағаласқандардың және жер жүзінде бұзақылық жасап жүргендердің жазасы: Өлтірілулері, не асылулары, яки, қол-аяқтарының қиғашталып кесілулері немесе жерден айдалулары. Бұл олардың дүниедегі жапасы. Және олар үшін ахиретте ірі азап бар. (5 сүре «Маида», 33 аят).

Бұл жағдайда жазаларды қылмысты саралаудың нәтижесіне байланысты, егер де тонаушы қарақшылық шабуыл барысында жәбірленушіні өлтіретін болса, онда ол өлім жазасына кесілетін болған, ал егер тонаушы онымен қоймай, мүлкін иеленіп алған болса, онда оның денесін керіп іліп қоятын болған.

*Тәндік және абырой шашатын жазалар.*

*Қолды кесу жазасы* хууд санатына жататын ұрлық қылмысы үшін тағайындалады. Жәбірленушінің айыптыға рақымшылық жасағаны немесе кешіргені есепке алынбайды. Құранда осы мәселе бойынша 5 сүренің 38 аятында былай делінген: «Ер және әйел ұрының, қылмыстарына жаза әрі Алладан бір өнеге түрінде қолдарын кесіндер. Алла (Т.) аса үстем, хикмет иесі».

*Төрттағандау* жазасы жәбірленушінің мүлігін иеленіп алып, алайда оны өлтірмеген қарақшыға тағайындалады. Бұл жаза оң қолы мен сол аяғын кесу дегенді білдіреді. Бұл жаза «хадд» са-

натына жатады. Бұл жаза түрі 1991 ж Суданның ҚК 168-бабында қарастырылған.

*Дүре соғу* – бұл жаза шарифат бойынша түрлі санатқа жататын әртүрлі қылмыстар үшін тағайындалады, ол қамшымен сабау дегенді білдіреді.

Хадд санатына жататын қылмыстарды жасағаны үшін дүре соғу - зинақорлық жасағаны үшін 100 мәрте дүре соғу;

Таъзир санатына жататын бұзақылық жазасы үшін тағайындалатын негізгі жаза дүре соғу болып табылады – қамшымен 20 рет дүре соғу; жезөкшелік үшін – 100 ретке дейін дүре соғу; қорлық көрсеткені үшін – 20 рет дүре соғу; хууд санатына жатпайтын ұрлық жасау – 100 ретке дейін дүре соғу.

Тән жарақатын келтіргені үшін қысас жазасы – қасақана кісі өлтіруге ғана емес, тән жарақаттарын келтіргені үшін абсолютті түрде білгіленген жаза түрі. Қысас дегеніміз айыпты адамның жәбірленушіге жасаған әрекетін өзіне жасау арқылы жазалау дегенді білдіреді [5].

Шарифат бойынша тән жарақаттары келесі топтарға бөлінеді:

1. Бас және бет тұсына келтірілген жарақаттар (шиджадж);

2. Қандай да бір дене мүшесінен, мысалы, қол, аяқ, құлақ, мұрын және т.б. айырылып қалу салдарына алып келетін тән жарақаттары;

3. Көру, есту қабілетінен айыратын немесе қандай да бір дене мүшесінің өз қызметін атқаруын тоқтатуына немесе адамның есінен ауысуына және т.б. себеп болатын тән жарақаттары [6, 81-82 бб.].

Тәуке жарғысы және қазақ әдет-ғұрып құқығының нормалары тәндік және абырой шашатын жазалардың қолдануына жол берген.

Әдет-ғұрып құқығы нормалары негізінде тәндік және абырой шашар жазалар жеке адамға қарсы, мүліктік және т.б. қылмыс санаттары үшін қолданылды. Бұл кездерде бұл жазалар не өзі немесе басқа жазалармен бірге қолданылған. “Егер қылмыс ауыр болмаса” – деп, Тәуке заңында айтылған – “онда өлім жазасының орнына қылмыскерді жартылай шешіндіріп, бетіне күйе жағады, мойнына кішкене қара ат жалына байланған жүн кигізіп, жіпті тісімен ұстауды бұйырады және оны ат артынан жүргізеді, сол кезде екі адам оны қамшымен сабап отырады”. Көп жағдайда қазақ қоғамында қолданылған тәндік жазаның түрі дүре болған, яғни қамшымен бұқара алдында жазалау. Қамшының қалыңдығы орта саусақ қалыңдығынан кем болмауы керек. Ұрылар көбінесе халық алдында жалаңаш арқанға созылған. Шарифат ережелеріне қара-

ғанда қазақ әдет-ғұрып құқығында әрбір қылмыс үшін дүренің саны белгіленбеген, ол тек билер сотында шешілген. Тәндік жазалар сонымен қатар қамшымен, таяқпен ұру түрінде жүзеге асқан. Сонымен қатар, тәндік және абырой шашар жазалар кінәлінің мойнына жіп байлап, ауыл сыртынан үш рет айналумен де орындалған.

Тәндік жазалар іс жүзінде тек кедей адамдарға қолданылған, ал бай, мүлкі бар адамдарға басқа жаза түрлері қолданылған. Тәуке жарғысында адам мүшесіне зақым келтіруді жазаның түрі ретінде қолдану туралы айтылған. Бірақ жарғы сотпен бұл жаза түрлерін қолдануға жол бермейді, ал тек кей жағдайларда жәбірленуші немесе оның туыстарының ретіне қарай қолдануға болады делінген.

*Құн алу.* Құн алу – жазаның бұл түрі ерте заманнан белгілі және оның мағынасы келтірілген залал үшін материалдық және моралдық зияндардың орнын толтыру болып табылады. Бұл жаза, қылмыс арқылы жәбірленушіні немесе басқа тұлғаларды шығынға ұшыратқан жағдайларда тағайындалады.

Қазақ әдет-ғұрып құқығының жаза жүйесіндегі ең кең таралған жаза түрі құн алу болған. Өлім жазасы немесе тәндік жазалар жәбірленушінің және оның руластарының келісімі болған жағдайларда құнмен ауыстырылған, яғни қан және жарақатқа төлем болған. Құн төлей отырып, кінәлі немесе оның туыстары жеке кек және басқа да кейінгі заңмен қудалаудан босатылған. Құн қазақтарда ғана емес, Орта Азияның басқа да елдерінде қолданылған. Киев Русінде вира мен головщина түрінде қолданылды. Құн ерте феодализм кезіндегі барлық қылмыстық құқықтарда үлкен орын алды. Феодалдық қатынастары патриархалды-рулық тұрмыс түрінде болған елдерде құн төлеу жүйесі қазан социалистік төңкерісіне дейін сақталған. Құн төлеу жүйесінде кінәлі тараптың жәбірленуші тарапқа құн төлеуі көлемді ақшамен, мал немесе басқа да мүліктермен, ал кейде адамдармен анықталған.

Құнның көлемі құқықтық ескертпелерге сүйенсек, таптық сипатқа ие болған. Көшпенді және жартылай көшпенді қазақтарда барлық елдердегідей көп жағдайларда кінәліге немесе оның туыстарына дене жарақатын келтірудің орнына, құн ретінде мал алу көп болған. Бұл елдерде құн көлемі мал басымен анықталған, мал құнды нәрселерді өлшеуші құрал болған. Осылайша, Тәуке жарғысы бойынша қарапайым ер адамның өмірі 1000 қоймен, немесе 100 түйе не 200 жылқымен, ал әйел адамның өмірі ер адам өмірінен екі есе кем болып есептелген. Сұлтан мен қожа өмірінің құны қарапайым ер адамның

құнынан бір есе көп болып есептелген. Әйгілі Тәуке жарғысында арнайы ақсақалдардың, билердің, батырлардың өмірінің құны туралы көрсетілмеген, бірақ олардың да құндары қарапайым адамдікінен көп болған [2].

*Айып.* Қазақ қоғамында кең тараған жазаның бірі айып болған. Айып – қазақ әдет-ғұрып құқығы бойынша “сату”, “сабақ” деген сөз. Айып – қылмыс жасағаны үшін сотпен тағайындалатын жаза түрі, ол жәбірленушімен оның туыстарына төленеді. Айып көбіне мүліктік қылмыстарға тағайындалған. Сонымен қатар, жеке адамға қарсы қылмыстарға, басқару тәртібімен басқа да қылмыс санаттарына қолданылған. Айып мөлшері Қазақстанның әр бөлігінде әртүрлі көлемде қолданыс тапқан. Ол көп есеппен анықталған.

Айып тек оны төлей алатын адамға пайдалы болған. Кедейлер үшін айып ауыр жаза болған, мүлік тәркілеуге теңестірілген. Кінәлілер айыпты төлей алмаса, ауыр жазаға тартылған, яғни, кінәліні құлдыққа немесе жәбірленушінің өз қарауына берумен ауыстырылған. Қазақ әдет-ғұрып құқығы бойынша құн мен айып көбірек қолданылған. Егер кінәлі құн немесе айып мөлшерін төлей алмаса және туыстары өз еркімен ол үшін айыпты төлеуден бас тартса, онда кінәліні немесе оның туыстарын айып пен құн мөлшерін өтеу үшін жәбірленушінің қолына белгілі бір уақытқа немесе белгісіз уақытқа дейін берген. Мұндай кезде кінәлі, шын мәнінде, құл жағдайына қойылған, кей жағдайда құнды ол өмір бойы өтеген. 1824 жылғы Қазақ әдетінің жинағында былай деп көрсетілген. “Егер біреу қарны ашқандықтан, кедейліктен бір мүлікті ұрласа, онда енді ұрлық қайталанбас үшін ол құн төлейді, егер құн төлей алмаса, балалардың бірін малайлыққа береді, не өзі малайлыққа барады” [7].

Кей жағдайда жәбірленушілер кінәлі жеткіншектерді құлдыққа берген. Құн немесе айып тек кінәлімен ғана емес, оның жақын туыстарымен де өтелген.

*Кек алу және айыппұл жазасының түрлері.* Мұсылман құқығының барлық зерттеушілері кек алу және айыппұл төлеу адам өлтіру (кек алу мақсатында және абайсызда) және түрлі дәрежеде дене жарақаттарын салу сияқты қылмыстарға қолданылады деп санайды. Шарифатта бұл “қылмысқа тең жаза” тенденциясы деп жүргізіледі. Құранда “әрқалай жауыздықтың жазасы, өзіне ұқсасты жамандық деп, яғни әрбір жамандықтың өзіне тән жазасы бар” “Әй, мүміндер, егер сіздер өзіңізге жеткізілген бір залал үшін өш алғыңыз келсе, тек сіздерге келтірілген залалға тең қайтарымы алыңыз”, – деп жазылған [8, 76 б.].



Мұхаммед пайғамбардың “кек алу мақсатында өлтіру үшін – өш, кек” деп айтқаны хадистердің бірінде жазылған.

Шариғатта кек алу – өш алудың санкциясы көрсетілген. Құқыққа қарсы және қоғамға қауіпті қылмыстың ауыр-жеңілдігіне қарай тең жаза белгілеу керек деген [9, 176.].

Шариғат бойынша кек алу жазасын қолданылудың, оны сақталып қалудың себептерінде әлеуметтік-тарихи негізділік болды. Ислам діні келгенге дейін араб тайпаларының және оларға жақын жерлерде өмір сүрген басқа тайпалардың халқы арасында да қанды өш алудың болғандығы, бір топтың мүшесі басқа топқа жататын кісіні өлтірілсе, марқұмның жақындарының кек алу мақсатында тек қылмыскерді емес, кінәлінің күнәсіз жақындарын өлтіргендігі тарихтан белгілі. Демек, кек алу жазасы исламға одан бұрынғы адамдардан, ережеден мирас болып келген. Сонымен қатар шариғаттың бірінші даму кезінде қанды өш алумен бірге жәбірленушінің жақындарының ризашылығымен айыппұл, яғни қан ақысын алу арқылы өзара кешірім жасауды уағыздайтын да ережесі бар. Мысалы: құранда Бақара сүресінің 178 аятында “Әй, мүміндер! Сендерге қысас (есе қайтару) парыз етілді: Азатқа-азат, құлға-құл, әйелге-әйел (өлтіріледі). Дегенмен оған туыс жағынан кешірім берілсе, ережеге үйлесуі үшін екінші жақтың да оған дұрыс төлеуі қажет. (Егер қысас кешіріліп, құнға тоқтаса, алушының орынсыз егеске қысас істемеуі, берушінің де дұрыс орындауы керек). Міне, осы Раббылары жағынан жеңілдік және мәрхамет. Ал кім де кім бұдан кейін шектен шықса, (кек сақтаса) ол үшін ахиретте күйзелтуші азап бар”, – деп көрсетілген. Шейх Мұхаммедке америкалық ғалым “христиан діні исламнан қайырымдырақ емес пе, оның қағидаларында: “кім сенің оң бетіңнен ұрса, сол бетіңді бер”, – делінген, исламда: “Алдымен өш алып, кейіннен кешіруге шақырады”, – деген сұрақтарды қойғанда, ол былай жауап берген: Ислам – адамның шын көңіл шақыруы, бұл мәселеде ислам шақыруы христиандықтан қайырымдырақ десем болады. Себебі жамандыққа жолыққан кісіге өш алу ақысы берілсе, оның көңілі тыныш табады. Ол ақы үшін бір істі істеуге рұқсат алады, кейін осы ақының иесін кек алудан кешіру дұрыс болады деген ойға көндірілсе, ол кешіріледі. Ешбір күдік жоқ, егер адам кек алуға мүмкіндігі бола тұрып кешірсе, бұл рақметпен құрметтей келіп шыққан кешірім болады. Бірақ біз оны кешіруге шақырсақ және кек алу құқығын бермесек (христиандар сияқты) ол мұнымен келіссе де, бәрібір

жаман көріп кетеді, себебі бұл амалсыздықтан кешіру деп жауап берген.

Шариғатта дене жарақатын салу қылмысы үшін құранда көрсетілгендей: “жанға-жан, көзге-көз, құлаққа-құлақ, мұрынға-мұрын, тіске-тіс” бойынша жазалаумен бірге “кім кешірсе, бұл ол үшін алла тағаланың үкіміне лайықты үкім қылмаған рақымсыздар” деген ережеге де амал қылған.

Жоғарыда көрсетілгендей, адам тарихының алға басыуына, уақыттың өтуіне байланысты шариғатта да адам өлтіру және дене жарақатын салу қылмыстарына белгіленген кек жазасының қолданылуы азайып, қылмыстың ауыр-жеңілдігін ескере отырып, қажет болған жағдайда айыппұл төлеу кеңінен таралған.

*Айыппұл* – жазаның бұл түрі, мысалы, 1960 ж. Иорданияның ҚК 274-бабымен және Морокко мемлекетінің ҚК 222-бабымен қарастырылған, бұл құжаттар бойынша рамазан айында оразаны бұзғаны үшін бас бостандығынан айыру немесе айыппұл салу секілді қылмыстық жазалар тағайындалады.

Мұсылмандық құқық бойынша, тек таъзир санатына жататын қылмыстарды жасағаны үшін ғана айыппұл қарастырылады: мысалы, худуд санатына жатпайтын, ұрлық үшін ұрланған заттың екі еселік құны көлемінде айыппұл салынады.

Шариғат бойынша егер айыпталушы айыппұл төлеуге шамасы келмесе, айыппұл салудың орнына бас бостандығынан айыру қолданылмайды. Бұл жағдайда, айыппұл төлеудің орнына мәжбүрлі түрде жұмыс жасатылады. Өтей алатын, алайда өтеуден бас тартатын айыптаушыға қатысты бас бостандығынан айыру жазасы қолданылады, алайда айыппұл төлеудің орнына емес, оны сот үкімін орындауға мәжбүрлеу тәсілі ретінде қолданады [146].

Айыппұл өлтірілген кісінің мирасына, дене жарақаты болғанда жәбірленушіге айыпты жағынан төленетін ақы болып табылады.

Шариғатта өлтірілген кісі үшін төленетін құн ақысы: 100 бас түйе не 1000 динар (бір динар – 4,235 гр алтын тенге), 10 000 дирхам (1 дирхам – 3,13 гр күміс тенге) немесе 200 бас қой не 200м мата, (бір мата бір адамға киім бас тігуге жететін өлшемде) не 200 бас қара мал түрінде белгіленген.

Жоғарыда көрсетілген айыппұл ақы өлшемін белгілеуде Мұхаммед пайғамбар адам өлтірген айыптының мал-мүлкі есебінен: түйесі барларға -100 бас түйе, қара малы барларға – 200 бас қара мал, қойы барларға – 200 бас қой төлеу міндетін жүктеген. Халифа Омар болса алтыны бар айыптыларға мың динар, күмісі барларға он

мың дирхам, түйесі барларға – 100 бас түйе, қара мал иесіне – 200 бас қара мал, қойы бар кісілерге – 200 бас қой, матасы барларға – 200 м. матадан тұратын айыппұл төлеуді белгілеген. Осыдан басқа Халифалар Омар және Осман адам өлтіргендерге төленетін айыппұл ақысын ақшалай не мүмкіндігі бар болса, түйемен төлеуге де рұқсат берген [10, 175 б.].

Кек алу үшін адам өлтіргенде ауыр айыппұл, яғни түрлі жастағы түйелерден 25 тен төрт ұлыс және бір жасқа толған ұрғашы түйе, екіншісі – екі жастағы ана түйе, үшіншісі – үш жасқа толған ана түйе, төртіншісі – төрт жасқа толған ана түйе төленген. Ауыр айыппұл деуге себеп ол түйелердің саны емес “бұл жастағы түйелерді бірме – бір тауып алу қиын болған”. Абайсызда кісі өлтірілгенде айыппұл ақысы жүз түйе, бірақ жасына қарай бес ұлыс: бір, екі, үш, төрт жасты ана түйеден жиырма, бір жасқа толған еркек түйеден – 20 берілуі шарт деп саналған [10, 175 б.].

Адамды абайсызда өлтірудің жазасы бір құлға бостандық беру болған, егер кінәлінің жағдайы бұл шараға сәйкес келмесе, онда екі ай ораза ұстаған, не 60 кісінің қарнын тойдыру керек болған. Тағы да айыбы үшін айыппұл төлеу керек болған, айыпты мирас құқығынан ажыратылған.

Әйелдер қылмыс жасағанда, еркектерден алынатын айыппұлдың жартысы алынған. Шариғатта әйелдердің экономикалық жағдайы есепке алынып, оларға қатысты айыппұл қолдануда біраз жеңілдік берілген. Сондай-ақ шариғатта адамға келтірілген жарақаттың ауыр-жеңілдігіне байланысты бірнеше түрдегі айыппұл төлеу белгіленген. Мысалы, денедегі жұп органның екеуіне залал келтірілсе толық айыппұл, біреуіне залал келтірілсе жарты айыппұл, мұрынға, жыныс органына, миға, тілге, сақал не шаш енді шықпайтын етіліп алып тасталса, саусақтардың барлығына залал келтірілсе де айыппұл белгіленген.

Шариғатта айыппұл төлеу сияқты жаза түрінен пайдалану бұл негізгі айыптының қылмыстық әрекетінен жәбірленген тұлғаға айыпты жағынан жеткізілген материалдық және рухани залалды толық мөлшерде өндіруге қызмет етеді. Қазіргі күнде де айыппұл шариғат заңдары мен қағидаларына бойұсынатын Сауд Арабия, Оман, Йемен Халық Демократиялық Республикасы және басқа мемлекеттердің қылмыстық заңында жаза түрі сияқты пайдаланылуда. Оның мөлшері мемлекет тарапынан белгіленуі керек. Мысалы, Сауд Арабиясында айыппұл ақысы 45 мың реал, Йемен Араб Республикасында 60 мың реал деп белгіленген.

Бұл жазаның тиімділігі туралы В.А. Лихачёв “Жәбірленушіге келтірілген залалды өндіруді көздеген бұл санкция қылмыстық заңның және оны жүзеге асыратын соттың абыройын асырады. Сондықтан қазір ұлттық және халықаралық дәрежеде айыппұл жазасынан қосымша немесе негізгі қылмыстық жаза ретінде кеңірек пайдалануға ұсыныс байқалады” дейді [11, 134 б.].

Шариғатта айыппұл жазасының келтірілуі оның жақсы жағын көрсетеді. Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексында адамның өмірі мен денсаулығына қарсы қылмыстар туралы 99, 101, 103, 109, 112, 119, 345 және тағы басқа баптарында көрсетілген қылмысты әрекеттерге қолданылатын жазаның бір түрі ретінде сотталушыны материалдық тұрғыдан жазалауды қолдана отырып, айыппұлдың бұл қылмыстар бойынша да белсенді түрде қолданылғанын қалаймыз. Бірақ біз айыппұл туралы сөз қозғағанда, тек материалдық залалды емес, рухани залалды да өндіруді назарға аламыз. Азаматтық және Еңбек кодекстерінде рухани залалды өндіруге назар бөлінген. Осыларды есепке ала отырып және әлеуметтік экономикалық жағдайы мен саяси жүйесі дамыған шет мемлекеттердің жаза қолдану тәжірибесін ескере отырып, айыппұл жазасын Қылмыстық кодекске белсенді түрде кіргізуді мақсатқа лайықты деп санаймыз. Мұндай қорытындығы келуіміздің басты себебі дамыған шет елдердің жаза қолдану қызметінде айыппұл жазасы барлық қолданылған жазалармен салыстырғандағы үлес салмағы 80-90% аралығын құрайды. Мысалы Жапония мемлекетінде ең жиі қолданылатын жаза түрі айыппұл болып, ол жазаға тартылғандардың 95% құрайды екен. Айыппұл жазасы Жапония қылмыстық заңы бойынша автокөлікпен байланысты қылмыстарға ғана емес, сондай-ақ денсаулыққа жарақат салу, абайсыздықта қаза келтіру қылмыстары бойынша да қолданылады. Деректерде көрсетілгендей, Германия Федеративтік Республикасында айыппұлға жалпы сотталғандардың 80% тартылады. Олардың мұндай көрсеткішіне қарай отырып, айыппұлдың тек пайдакорлықпен және қоғамдық тәртіпке зиян келтірумен байланысты қылмыстар бойынша ғана емес, сондай-ақ кез келген қылмыстар тобы бойынша қолданатындығын байқауға болады.

*Басымен беру.* Кінәлі адамды жәбірленушіге немесе оның туыстарының қарамағына берген. Сондай-ақ жағдайы төмен кінәлі талапкердің еркіне беріледі, ал ол онымен не істегісі келсе, соны істейтін болған. Кейбір жағдайларда, қожа өз еркімен оның құлы жасаған қылмыс үшін құн төлемей, оны жәбірленушіге не туыстарына берген.

Өмірінің соңына дейін бас бостандығынан айыру – өлім жазасының баламасы ретінде қолданылады. 1991ж Судан Қылмыстық Кодексінде жазаның бұл түрі конституциялық құрылымды бұзу, мемлекетке қарсы соғыс жүргізу, тыңшылық секілді қылмыстар үшін тағайындалады.

Белгілі бір мерзімге абақтыға қамау – шарият бойынша бас бостандығынан айырудың екі түрі бар: 1) белгілі бір мерзімге 2) белгісіз мерзімге (кәнігі қылмыскерлерге қатысты) [6].

Бүкіл мүлігін тартып алу және рудан қуу. Жер аудару – бұл жаза түрінің қай санатқа жататыны туралы мұсылман ғалымдарының нақты пікірлері жоқ. Жер аударудың да, белгілі бір мерзімге абақтыға қамау секілді бірнеше түрі болады: 1) «нафий» – бұл жағдайда, айыпты қылмыс жасаған орнынан аластатылып, жазасын басқа жерде өтейді, ол қарақшылық, бандиттік әрекеттер үшін бас бостандығынан айыру секілді жазаны өтейді (1991ж. Суданның ҚК); 2) «тагриб», айыптыға осы жазаның түрі тағайындалған кезде, ол қылмыс жасаған орыннан аластатылады, және оның ықтимал зинакорлық әрекеті қадағаланатын болады.

Тәркілеу – мұсылмандық құқық бойынша мемлекет қазынасына өз меншігін осылай өтеусіз беру (байт ал-мал) жазасы өте сирек қолданылатын және билеушілерге қарсы жасалған ауыр қылмыс жағдайларында қосымша жаза ретінде тағайындалатын.

Сонымен қатар, мұсылмандық құқық бойынша діннен безүшіге тағайындалатын жазаның жалғасы ретінде оның мүлкін тәркілеу қарастырылған, яғни бұл жазаны сот үкімінде арнайы көрсетудің қажеті жоқ. Алайда, мұсылмандық заңгерлердің діннен безүшінің қандай мүліктері тәркіленетіні туралы ортақ пікірлері жоқ. Малик және аш-Шафии атты зерттеушілер, олардың барлық мүліктерін тәркілеу қажет деп санаса, Абу-Ханифаның пікірі бойынша, діннен безүшінің діннен безү әрекетін жасағаннан кейін алған мүліктерін ғана тәркілеу қажет [6, 84].

Қазақ әдет-ғұрып құқығы қылмыстық жаза ретінде кінәліден бүкіл мүлігін тартып алуды қолданған. Әдет-ғұрып құқық жазбалары және қазіргі заманғылардың айтулары бойынша бұл басқа дінді қабылдау үшін қолданылған. Бірақ шынында бұл жаза өте сирек қолданыс тапқан. Сонымен қатар, қазақ әдет-ғұрып құқығында жаза түрі ретінде ауылдан, рулық, көшпенді қауымдастықтардан қуылған. Бұл жаза көбіне ауыл старшиналары мен туыстарының келісімінсіз өз үйінде қылмыскерлерді тығып ұстаған үшін қолданылған. Егер кімде-кім рудан қуылғанды өлтірсе, ол жауаптылыққа тартылмаған.

Шын мәнінде, құн мен айыпты өтеу тәсілі қазақ қоғамында қарапайым халықты езгіге салу болып табылды. Қайталай отырып қылмыс жасаған кінәлінің кейде бүкіл мүлігін тартып алған, ал оның өзін патша әкімшілігіне берген. XIX ғасырда Қазақ ру басшылары құн мен айыпты баюдың көзіне айналдырған.

Қазақ әдет-ғұрып құқығына түрмеге қамау, гаупвахта, қоғамдық жұмысқа тарту, лагерде ұстау, жер аудару, айдау секілді жаза түрлері беймәлім болған. Сонымен бірге қазақ әдет-ғұрып құқығына ұзақ мерзімге бас бостандықтан айыру сияқты жазалар да таныс болмады. Қазақ қоғамында бұл жаза түрлерін қолдану және іске асыру үшін керекті жағдай болмаған. Бірақ та аз уақытқа бас бостандығынан айыру жазасы қазақ әдет-ғұрып құқығында болған. Мысалы, кінәліні қараңғыда керегеде ұстау, ағашқа байлау, біраз сағатқа байлап, жалаңаш қалдыру (ыстық күні) ал қыста – суық кезде жеңіл киіммен қалдыру, т.б.

Қазақстан Ресейге қосылған соң қазақ әдет-ғұрып құқығы жүйесінде кейбір жаңа жаза түрлері пайда болды. Біз атағандай, XIX ғасырдың екінші жартысында Патша әкімшілігі билер сотының жұмысын жазылған заңнамамен реттегісі келді. Жазалар туралы 1845 ж. жарғыда Сібір қазақтарына қатысты былай жазылған: “Қырғыз салттары бойынша рулық істер бойынша кінәлілер егер тәндік жазаға тартылмаса, 10-60 рет ұру қолданылады, ал одан алынса – 7 күннен 1 айға дейін қамауға алынады” [7].

Кіші жүз қазақтарына қатысты былай деп жазылған: “өз салттары бойынша жазаланатын қырғыздарға мынадай жазалар қолданылады: а) қадағалауға беру, б) қамауға алу, в) залалды өтеу, г) жария, ашық уақытша жұмыс, д) ұру мен тәндік жазалар, е) түзелгенше Сібірге айдау. 1867-1868 Уақытша жарғы бойынша билер сотына жаза ретінде 1 жылдан 6 айға дейін түрмеге қамау құқығы берілген. 1867 ж. Уақытша ережесі бойынша билер сотына құн үстінен үкім шығару құқығы – егер керек болса Сібірге қоныс аудару берілген. Осы заңдар әсерінен қазақ әдет-ғұрып құқығында елеулі өзгерістер болды. XIX ғасырдың екінші жартысында билер соты құн мен айыптан басқа түрмеге қамау, әкімшілік белгілеген жерге жер аудару қоғамнан қуу, 1 айға дейін қамау секілді жазаларды қолданған [7].

Кінәні ауырлататын және жеңілдететін мәнжайлар. Қазақ әдет-ғұрып құқығында қазіргі заман терминдермен айтқанда, кінәні жеңілдететін және ауырлататын жағдайларды анықтауға арналған нормалар болған.

Жоғарыда келтірілген билер сотының тәжірибесі туралы жазбалар, негізінде, қазақ әдет-

ғұрып құқығы мына жағдайларды кінәні ауырлатады деп санаған:

а) егер ол “Ұлы адамдардың” мүддесін бұзса (хандар, сұлтандар, билер, ақсақалдар т.б.), б) егер қылмыс тайпа ішінде жасалса, в) киіз үйде жасалса, г) отбасы басшысына қарсы жасалса, д) елеулі залал алып келсе, е) қайталанса, тоқтатылмаса, ж) адамдар тобымен, қарумен жасалса, з) төтенше жағдайда жасалса т.б. [13, 215 б.].

Айтылғанды негіздеу үшін әдет-ғұрып құқығының кейбір ережелерін еске түсірейік. Мысалы, Тәуке хан жарғысы бойынша сұлтанды немесе қожаны сөзбен ренжіту үшін қарапайым адам 9 бас мал айып төлесе, ұру үшін 27 бас мал төлеген, ал сұлтанның немесе қожаның қарапайым адамға қол көтеруі еш жазамен айыпталмаған. 1825 ж. қазақ әдет-ғұрыпының жинағында осыған ұқсас нормалар бар. Егер мұндай әрекеттерді “құрметті адамдарға” қарсы мүліктік-құқықтық жағдайы бар адамдар жасаса, онда айыпталмаған. Мысалы, сұлтанға сұлтанның қарсы болуы және т.б. Бір тайпа ішіндегі ұрлықтың жазасы басқа ру ішінде жасалған ұрлықтан ауырлау болған, себебі, ұрлықтың 1-ші түрі 2-шісіне қарағанда ауыр деп саналған. Киіз үйде жасалған қылмыстар үшін жаза ашық жерде жасалғандарға қарағанда ауырырақ болған, себебі ашық далада жәбірленушінің қорғануға көбірек мүмкіндігі бар. Кінәні ауырлататын мән-жай болып отбасы басшысына қарсы шығу да саналған. Мысалы, Тәуке хан жарғысы бойынша егер әйел адам күйеуін өлтірсе, оған ата-анасына қарсы шыққан балалар да тартылған.

Кінәні ауырлататын мән-жайға үлкен, елеулі зардап келтірген қылмыстар да жатқызылған. Мысалы, 1893 ж. билердің Тоқмақ съезінде жазылған ережеде былай делінген: “он бас малға дейін ұрлағандар, ұрланғанының үш есесін төлеуге айыпталады; байлық алғандар, жарты жылдан бір жылға дейін абақтыға қамауға кесіледі. Он бас малдан артық алғандарды билер әр 1 мал басы үшін 9 мал басынан, түйеден бастап, және 1 жылдан 6 айға дейін абақтыға қамауға айыптай алады”.

Қайталанған немесе топ адамдармен жасалған ұрлықтар үшін жазаның мөлшері де көбірек болған. “Егер 2 немесе 3 рет бірнеше адам ұрлық жасаса, онда жазадан басқа әркімнен ат пен шапан алынады” – деп жазады 1824 жылғы қазақ заңы [7].

Қылмыскерде қарудың болуы да кінәні ауырлатқан. Егер ұры “қарапайым қарумен жабдықталса, мейлі ол таяқ не шоқпар болса да, ол аты мен шапанынан айырылған”.

Қазақ әдет-ғұрып құқығында кінәні жеңілдететін мән-жайларға мыналар жатқызылған:

а) егер қылмыс “құрметті адамдармен” қарапайым адамдарға қарсы жасалса;

б) басқа тайпаға қарсы жасалса;

в) отбасы басшысы отбасына қарсы жасаса;

г) кінәні мойындап келуі және қылмыскердің өзі тән алуы;

д) бірінші рет жасаса;

ж) мастықпен жасаса;

з) аз зардап алып келсе немесе зардап ауыр емес болса;

и) жәбірленушінің өзі келтірген реніштерден ызалы күйде жасаса;

к) қылмысты жасағаннан кейін ұзақ уақыт өтсе [7].

Айтылған жағдайлардың көбі көп талқылауды қажет етпейді. Мысалы, сөзбен қорлау, ұрып-соғу және т.б. іс-әрекеттерді сұлтандар мен қожалар, билер қарапайым адамдарға жасаса, онда қылмыс болып табылмаған.

Қарапайым адамның өлімі үшін сұлтандар мен қожалар өлім жазасына тартылмаған, ал сұлтан мен қожалар өлімі үшін қарапайым адам 7 есе құн төлеген немесе оның жақын 6 туысын өлтірген. Қазақ әдет-ғұрып құқығында қылмыс жасаған туыстарына сот қарауына дейін рудан орын беру дұрыс деп саналған. Ол барымтаны қолданған, яғни басқа тайпа, руға шабуыл кешірілген немесе жаза мөлшері аз болған.

Қылмысты мойындап келу және өзінің тән алуы жазаны жұмсартудың басты негізі болған және кейде кінәліні жауаптылықтан босатқан.

1865 ж. болған Қапал және Алатау округтерінің билері мен “құрметті адамдарының” съезіндегі ережелерде былай делінген: “Егер ұры ұрлық туралы өзі айтса, онда айыппұл алынбайды”. Ал, 1905 ж. Қапал жиналысында жазылған ережеде былай көрсетілген: “егер адам ұрлық туралы өзі айтып мойнына алса және жәбірленушімен өзі есеп айрысса, онда оған жаза кіші көлемде белгіленеді”. Осыған ұқсас одан бұрын, яғни 1893 ж. Тоқмақ съезіндегі Ережеде “Егер ұры қылмысты бірінші рет жасаса, қарулы болмаса және ұрлық мөлшері аз болса, онда жаза мөлшері азаяды, ал ұрлықтың қайталануы жазаны күшейтеді” деп көрсетілген [7].

Мастықпен қылмыс істеген адам есі дұрыс емес қалыпта болған деп есептеліп, оны салыстырмалы түрде айтқанда жеңіл жазалаған. Сонымен қатар, кінәні жеңілдететін жайт болып, қылмысқа итермелеген жәбірленушінің реніші алынған. Жетісу облысының әдет-ғұрып құқығының жазбаларында айтылғандай, “Егер қырғыз өзі бастаған қырқыста өлсе немесе ұрлық

үстінде өлсе, онда толық құн тағайындалмайды, ол жағдайда жарты құн немесе одан кем төленеді”. Демек, кінәліге жаза шараларын анықтау кезінде сот, ең алдымен, әрбір нақты жағдайдағы жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлардың бар жоғын анықтап алады [14].

Қазақстанның Ресейге қосылған кезінен, әсіресе, XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап кінәні ауырлататын және жеңілдететін мән-жайлардың көбіне бірқатар өзгерістер енгізілген. Мысалы хандарға қарсы қылмыстар мағынасын жоғалтты, ру арасындағы айырмашылықтар жойылды. Отбасы басшысымен жанұясына қарсы қылмыстардың, сонымен қатар барымта кезіндегі және т.б. қылмыстардың мағынасы әлсіреді.

Сондай-ақ, XIX ғасырдың екінші жартысында кінәні ауырлататын жәйттарға болыстық басқарушылар, ауыл старшиналары, молдалар, “ел алдында жақсылық істеген, үкіметтік марапаттары” бар адамдарға қарсы шығу, ұрлыққа күшпен кіру, алдын ала ойластырылған техникалық тәсілдерді қолдану сияқты жағдайлар қосылды.

XIX ғасырдың екінші жартысына дейін қазақ әдет-ғұрып құқығында қылмыстық жазаның ескіру мерзімі қарастырылмаған. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап билер соты қылмыстардың түрлері бойынша жазаның ескіру мерзімін анықтай бастады. Мысалы, 1885 ж. билердің Шарыс съезінде шығарылған Ережеде былай делінген: “Күнәлар мен келіндер туралы қылмыстардың ескіруі 20 жыл, ал басқа істер үшін – 10 жылдан; 4 жылға жататын істер үшін істей залалдың толық мөлшері анықталады. 10 жылдан кейін ашылған істер үшін үкімнің 3 жылында залалдың 1/3 мөлшері анықталады, 1875 ж. пайда болған істер саламатқа жатады”. Осылайша, күнәлар туралы істердің айыппұлдары анықталды [12].

Шын мәнінде бұл мерзімдерді билер соты ұстанбаған. Қазақстанның басқа жерлерінде билер сотымен басқа мерзімдер белгіленген. 1879 ж. Әулие ата уезінің билер соты Нұрбай деген қазақтың өлімі туралы істі қарап, былай үкім шығарған: “Құн туралы арызды жауапсыз қалдыру керек, себебі арыз беруші ағасының

өлімі туралы 3 жыл ішінде құрметті және сенімді адамдарға айтқан жоқ”. Егер, қылмыстық жауаптылықтан ескіру мерзімдерінің өтуі бойынша босату туралы деректерге көңіл бөлсек, қазақ әдет-ғұрып құқығында қылмыстық жазаның ескіру мерзімі нормалары анық белгіленбеген.

Бұл мақалада жүргізген зерттеуімізден айыппұл сияқты материалдық тұрғыдан қылмыскерлерді жазалау шарасының пайда болуы және оның өзге жазалармен салыстырғанда артықшылық байқатуы, адамзат дамуындағы қазіргі заманғы озық танымынан шығып отырған жоқ, оның негізі мұнан мындаған жылдар бұрын қалыптаса бастаған деген шешім жасауға итермелейді. Ал Қазақстан Республикасының нарықтық экономикалық қоғамға бет бұру және халықтың негізгі бөлігінің кәсіпкерлікпен айналысу жағдайында қылмыскерлерді материалдық тұрғыдан жазалаудың тиімділік көрсетері даусыз.

Қазақтың әдет-ғұрыпındaғы жаза жүйесінде айып салу немесе “құн алуды” белгілеу ерекше орын алды. Олар мүліктік сыныптар үшін өзіндік пайдасын тигізді. Мұндай жазалардың іске асырылуы бүгінгі таңда да өзектілігімен танылады. Құн алу түріндегі жазаның ҚР Қылмыстық заңында орын алуы бүгінгі заманның қажеттіліктерінен туындаған деп айтуымызға болады. Себебі кейбір қылмыстардың сипаты мен келтірілген зардабына қарай немесе адамның мүліктік жағдайын ескеруде осындай жаза түрін тағайындау тиімді болып табылады. Құн алу көбінесе мүліктік қылмыстар үшін тағайындалуы сыйымды болып келеді. Жазаның негізгі немесе қосымша түрі ретінде тағайындалуы шарттары болып қылмыстың қоғамдық қауіптілік дәрежесі мен сипатына қарай сотпен тағайындалады.

Тарихи тәжірбиелерге және қазіргі замандағы шарифат құқығы нормалары қолданылып жатқан ислам мемлекеттерінің тәжірбиесіне сүйене отырып, адамның өмірі мен денсаулығына қарсы бағытталған кейбір қылмыстар бойынша жәбірленушіге келтірілген рухани және материалдық залалды өндіруді қамтамасыз ету мақсатында ҚР Қылмыстық кодексіне “құн алуды” жазаның негізгі немесе қосымша түрлері ретінде енгізудің қажеттілігі туындайды.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Рахманов Н. Ташига битилган қоулар // Хукукий мадаянтятимиз тарихи. – Ташкент, 1997. – №5 (17). С. 24-27.
2. Артықбаев Ж.О. «Жеті жарғы» – мемлекет және құқық ескерткіші (зерттелуі, деректер, тарихи мәтіні). Оқу құралы. – Алматы: Заң әдебиеті, 2006. – 150 б.
3. Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару құқығы /Авт.: Т.К. Биятов, Г.Н. Вардаев, А.С. Нұрғалиева ж.б. – Алматы: Жеті жарғы, 2002. – 256 б.

4. Жүнісова Г.А. Өлім жазасын тағайындау мен орындау ерекшеліктері. Заң ғыл. канд. дисс. автореф. – Алматы, 2007. – 28 б.
5. Сюкияйнен Л.Р. Шариат и мусульманско-правовая культура. – М.: Институт государства и права Российской Академии наук, 1997. – 48 с.
6. Манна Аммар Абдуль Карим. Преступление и наказание по мусульманскому праву: Учеб.пособие. – М.: РУДН, 2007. – 88 с.
7. Материалы по казахскому обычному праву и положения на них Омского временного комитета. 1824 г. // Материалы по казахскому обычному праву. – Алма-Ата, 1948. – Сборник 1. – 349 с.
8. Құран Кәрім (Қазақша мағынасы және түсінігі) / Аударған: Халифа Алтай. – Алматы, 2000. – 472 б.
9. Мұхаммед пайғамбардың хадистері / Аударған Н. Қазыбеков. – Алматы: Жазушы, 1993. – 64 б.
10. Абу Юсуф Йакуб. Китаб ал-Харадж: Хрестоматия по исламу / Пер. с арабского, введения и примечания. – Москва: Наука, 1994. – 320 с.
11. Лихачев В.А. Уголовное право в освободившихся странах (сравнит.исслед.) – М.: Наука, 1988. – 205 с.
12. Калкаева Н.Б. Шаригат бойынша қылмыс пен жаза. – Алматы, 2017. -236 б.
13. Қультелеев Т. Уголовное обычное право казахов. – Алматы: Дәуір, 2004. – 312 с.
14. Гаскин С.С. Отягчающие обстоятельства. – Иркутск: Иркут. унив., 1984. – 104 с.

**АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ  
ГРАЖДАНСКОЕ ПРАВО  
CIVIL LAW**

---

---

УДК: 347.736  
МРНТИ: 10.23.47

*Л.Ш. Копбаева<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Абай атындағы ҚазҰПУ, Тарих және құқық институты, мемлекеттік және азаматтық құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, құқық магистрі, Алматы., Қазақстан  
e-mail: laurakopbaeva@mail.ru*

**БАНКРОТТЫҚ КЕЗІНДЕГІ ҚҰҚЫҚҚА СЫЙЫМСЫЗ ӘРЕКЕТТЕРДІҢ  
ОБЪЕКТИВТІ БЕЛГІЛЕРІ ХАҚЫНДА**

*Аңдатпа*

Мақалада шаруашылық жүргізуші субъектілердің банкротқа ұшырауын рәсімдеу кезінде орын алуы мүмкін қылмыстық іс-әрекеттерге талдау жүргізіледі. Автор банкроттық кезіндегі құқыққа сыйымсыз әрекеттердің объективті белгілерін қарастыра отырып, кейбір белгілерге қатысты анықтамаларды нақтылау қажеттілігіне назар аударады.

**Түйін сөздер:** шаруашылық жүргізу, банкроттық, мүлік, мүліктік міндеттемелер, қылмыс заты, объективті белгілер.

*Л.Ш. Копбаева<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Магистр права, старший преподаватель кафедры государственных и гражданско-правовых дисциплин института истории и права КазНПУ имени Абая, г. Алматы, Казахстан  
e-mail: laurakopbaeva@mail.ru*

**ОБ ОБЪЕКТИВНЫХ ПРИЗНАКАХ НЕПРАВОМЕРНЫХ ДЕЙСТВИЙ  
ПРИ БАНКРОТСТВЕ**

*Аннотация*

В статье проводится анализ противоправных деяний, которые могут иметь место при оформлении процедуры банкротства хозяйствующих субъектов. Автор, рассматривая объективные признаки неправомерных действий при банкротстве, обращает внимание на необходимость уяснения смысла некоторых оценочных признаков.

**Ключевые слова:** ведение хозяйства, банкротство, имущество, имущественные обязательства, предмет преступления, объективные признаки.

*L.Sh. Kopbayeva<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Master of law, senior lecturer of the Department of civil law disciplines the institute of History and Law of Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan  
e-mail: laurakopbaeva@mail.ru*

**ABOUT THE OBJECTIVE SIGNS OF ILLEGAL ACTION  
IN BANKRUPTCY**

*Abstract*

The article analyzes the wrongful act, which can take place when making the bankruptcy of economic entities. The author considering the objective evidence of wrongful action in bankruptcy, drew attention to the need to understand the meaning of some of the estimated signs.

**Keywords:** agriculture, bankruptcy, property, property obligations, the subject of crime, objective evidence.

**Кіріспе.**

Пайда табу – шаруашылық жүргізуші кез-келген субъектілердің кәсіпкерлік қызметінің маңызды құрамдас қызметі болып табылады. Еліміздің даму үстіндегі нарықтық қатынастар жағдайында шаруашылық жүргізуші субъекті-

лер мен азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғау елеулі маңызға ие болады. Осы арада кредиторлардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіруде борышкерді банкрот деп табу құралы үлкен роль атқарады. Банкроттық кредиторлардың талаптарын, оның ішінде

бюджетке төленетін міндетті төлемдерді қанағаттандыруға борышкердің ара-тұра қабілетсіздігінен, оның толық қаржылық дағдарысының нәтижесі ретінде көрініс береді.

Мекемелердің басшылары мен меншік иелері әр уақытта да түрлі айла-шарғылар мен амалдарды қолдана отырып, қарыздарды өтеуден жалтаруға әрекет етіп отырады. Осыған байланысты, қазіргі уақытта банкроттықты рәсімдеу мәселесі өзектілікке ие болып отыр. Мекеме басшылары немесе жекелеген кәсіпкерлер төлем қабілетсіздігі жағдайын әдейі туындатады, экономикалық зардаптар келтіреді, көрінеу сауатсыз қаржылық басқаруды жүзеге асырады. Мұның бәрі кредиторларды жаңылыстыру мақсатында жасалады.

Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың бір элементі болып табылатын банкроттықпен ұштасқан қылмыстар кредиторлар ғана емес, еліміздің экономикалық қауіпсіздігіне де қатер төндіреді. Қылмыстық банкроттыққа қарсы іс-қимылдар жүйесін қалыптастыру мемлекеттің жалпы қылмыстылықпен күресу саласындағы кезек күттірмейтін міндеттерінің бірі, сондықтан оның құқықтық негіздері мен оны жүзеге асыру тетіктерін жетілдіру заманауи экономикалық тұрақтылық үшін үлкен маңызға ие болады. Осы бағыттағы міндеттер ҚР жаңа Қылмыстық кодексын қабылдаған уақыттан бері банкроттық туралы азаматтық-құқықтық заңнамаларға елеулі өзгерістер енгізілуімен күрделене түседі. Сондықтан, тиісті қылмыстық-құқықтық нормаларды жетілдірумен қатар, қылмыстық банкроттыққа қарсы іс-қимылдардың негізгі бағыттарын зерттеудің және талдаудың қажеттілігі туындайды.

*ҚР Қылмыстық заңнамасы бойынша банкроттық кезіндегі құқыққа сыйымсыз әрекеттердің объективті белгілері.*

ҚР Қылмыстық кодексі 238 бабы [1] бойынша қылмыстық-құқықтық саралаудағы көптеген мәселелер тиісті құқықтық тиым салулардың көмегімен жасақталған түсініктердің нақты көрсетілмеуінен немесе оларды қате талқылаудан келіп туындайды. Аталған бап диспозициясының бланкеттік болуына орай, қылмыстық заңнаманың экономикалық қызмет саласына араласу шектерін айқындау қажет екендігі түсінікті болады. Аталған мән-жайлар қылмыстық жолмен жазалануға жататын банкроттық институтын, оның құқықтық мәнін теориялық талдау, қылмыстық-құқықтық белгілерін анықтауда бірізділікті қалыптастыру және оларды дұрыс түсіндіру қазіргі уақыттағы қылмыстық-құқықтық ғылымның өзекті мәселесі болып қалып отыр.

Банкроттық институты, бір жағынан борышкердің мүлкі есебінен кредиторлардың мүлкілік талаптарына кепілдік беруді қамтамасыз етсе, екінші жағынан ол борышкердің де мүдделерін қорғайды, өйткені заңды тұлғаның немесе дара кәсіпкердің мүлкі жеткіліксіз болған жағдайда, кредиторлардың қанағаттандырылмаған талаптары жойылады [2].

Дегенмен, банкроттық институты шаруашылық жүргізуші субъектілердің мүдделерін қорғау функциясын атқарумен қатар, түрлі қылмыстық құқық бұзушылықтардың орын алуына жағдайлар қалыптастырады. Айталық, банкроттық кредиторлардың қаржыларын жымқыру және оны кейінірек жылыстату құралы ретінде пайдаланылуы мүмкін. Сондай-ақ, банкроттық шаруашылықты жеңілділікпен жүргізу, шашып-төгу, қажетті сақтандыру шараларын қабылдамау салдарынан туындаған төлем қабілетсіздігі үшін жауаптылықтан жалтарудың тәсілі болуы да мүмкін. Кредиторлардың мүлкілік талаптарын қамтамасыз етудің азаматтық-құқықтық құралдары жеткіліксіз болғанда, олардың мүдделерін қорғауда қылмыстық-құқықтық құралдар қолданылады.

Қылмыстық банкроттықтың белгілерін талдауда банкроттық түсінігін анықтау үлкен маңызға ие болады.

Этимологиялық жағынан «банкроттық» италиян тілінің «banca» және «rotta» сөздерінің қосындысынан туындайды да, «сынған орындық» мағынасын береді [3]. Құқықтық тұрғыдан банкроттық – борышкердің (азаматтың, мекеменің, банктің) төлем қабілетсіздігі, қаражаттың болмауы салдарынан мекеменің өз міндеттемелерін орындаудан бас тартуы; қаржылық құрдым, «тақырға отыру» [4].

Банкроттықты жүзеге асырумен байланысты қоғамдық қатынастарға қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтың қоғамға қауіптілігі осы әрекеттерді жасау банкроттықты жүзеге асыру саласындағы заңнама талаптарын бұздан көрінеді. Банкроттық рәсімдерін жүргізудің тәртібі мен шарттары ҚР Азаматтық кодексімен [5], сонымен бірге ҚР Оңалту және банкроттық туралы заңнамасына [6] сәйкес реттеледі.

Банкроттық кезіндегі құқыққа сыйымсыз әрекеттердің (ҚР ҚК 237 бабы) топтық объектісі – экономикалық қызмет саласындағы қоғамдық қарым-қатынастар. Ал тікелей объектісі ретінде банкроттық рәсімдеу кезіндегі заңдылықты қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастар көрініс береді. Осы көзқарасты қолдайтын О.Г. Карпович борышкерлер мен кредиторлардың өз құқықтық міндеттерін адал орындауын қамтамасыз ететін кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру тәртібі тіке-



лей объект ретінде қарастырылуы тиіс деп санайды [7].

Заң шығарушы банкроттық кезіндегі құқыққа сыйымсыз әрекеттер жасауда қылмыс затын көрсетіп кетеді: – мүлік; – мүліктік міндеттемелер; мүлік, оның мөлшері, орналасқан жері туралы мәліметтер; – мүлік туралы өзге де ақпараттар; – бухгалтерлік және (немесе) есептік құжаттаманы не экономикалық қызметін көрсететін өзге де құжаттар.

Азаматтық-құқықтық қатынастар тұрғысынан мүлік – заттар, ақша қаражаттары, бағалы қағаздар, құжаттар мен электронды жеткізгіштерде бекітілген мүліктік құқықтар.

Мүліктік құқық – иеленушінің өз шаруашылық аясындағы мүлікті тікелей қолдану арқылы мүддесіне жетуді қамтамасыз ететін заңды мүмкіндігі. Мұндай мүмкіндіктер тиісті құжаттарда бекітілген сатып алу – сату, қызметтер көрсету, жалдау, заем және т.б. мәмілелерден туындауы мүмкін.

Мүлік, оның мөлшері, орналасқан жері туралы мәліметтер материалдық заттарда, құжаттарда бекітілген жағдайда ғана ҚР Қылмыстық кодексі 237 бабында қарастырылған қылмыстың заты болып танылады. Айталық, қағаз немесе электронды жеткізгіштер, кино-, бейнежазбалар, суреттер, сонымен бірге бухгалтерлік және (немесе) есептік құжаттамалар.

Кәсіпкерлік саласында экономикалық қызметті сипаттайтын бухгалтерлік және (немесе) есептік құжаттамалар оларды сақтау мерзімі бұзылған, жүргізу, толтыру, банкроттық басқарушыға беру тәртібі бұзылған жағдайда немесе оларға жалған мәліметтер енгізілген жағдайда қылмыс заты болып табылады. Аталған құжаттар жойылуы, оларға өзгерістер енгізілуі немесе ақиқат мәліметтер бұрмалануы мүмкін. Зерттеулер көрсеткендей, экономикалық қызмет

саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың 10 пайызында бухгалтерлік және (немесе) есептік құжаттамалар қылмыс заты ретінде орын алған [8].

ҚР Қылмыстық кодексі 237 бабы 1 бөлігінде қылмыс затының нақты сипатталуы мүлік түсінігін белгілі бір дәрежеде тарылтады, өйткені оның құрамдас бір түрі – мүліктік міндеттемелер – балама қылмыс заты ретінде бекітілген. Осыған орай, біріншіден, ҚР ҚК 237 бабы 1 бөлігінде мүлік ретінде тек заттар, екіншіден, аталған бапта сипатталған қылмыстардың негізгі объектісінің ортақ екендігін ескере отырып, мүлік осы баптың басқа да бөліктерінде дәл осы тар мағынада түсінілуі тиіс [9].

Банкроттық кезіндегі құқыққа сыйымсыз әрекеттерден кредиторлармен қатар, борышкер болып отырған тарап та жәбір көруі мүмкін.

### Қорытынды

Банкроттық кезіндегі құқыққа сыйымсыз әрекеттер кезіндегі қылмыс затының белгілерін («мүлік», «мүліктік міндеттемелер») салыстырмалы түрде айқындалған деп айтуға болады, өйткені азаматтық заңнамаларда олар жеткілікті дәрежеде сипатталған, тиісінше құқықтық анықтамаларға ие болады. Нәтижесінде оларды кең мағынада талқылауға, қылмыстық заң нормасындағы термин шеңберінен шығуға мүмкіндік туындайды.

Банкроттық кезіндегі құқыққа сыйымсыз әрекеттердің объективті жағын сипаттайтын белгілерді нақтырақ сипаттау қажет. «Жасыру», «жою», «бұрмалау» сияқты терминдер тиісті қылмыс құрамдарын саралау үшін айқындылықты талап етеді, өйткені заңнамада, оның ішінде қылмыстық кодексте, аталған терминдер нақтыланбаған. Қылмыстық заңнамада бұл түсініктер бағалаушы сипатта, демек олар соттың түсіндіруіне арқау болары сөзсіз [10].

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. 3.07.2014. // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226> (15.09.2017)
- 2 Некоторые проблемы квалификации преднамеренного банкротства по субъекту преступления. И.М. Серeda, Е.А. Бирюкова // Российский следователь. – 2012. – N 14. – С. 12.
- 3 «Словарь иностранных слов (около 10 000 слов)». Составитель – Т.Ю. Ушакова. – СПб., 2008. – С. 77.
- 4 Христенко Е.В. Оценочные признаки и квалификация правонарушений при банкротстве // Юрист. – 2012. – N 11. – С. 15.
- 5 Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. 27.12.1994. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000> (16.09.2017)
- 6 Қазақстан Республикасының Оңалту және банкроттық туралы заңы. 7.03.2014. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000176> (16.09.2017)
- 7 Карпович О.Г. Ответственность за преднамеренное и фиктивное банкротство // Юрист. – 2002. - N 5
- 8 Криминальное банкротство / А. Шестакова, А. Каширин // ЭЖ-Юрист. – 2008. – № 33 <http://www.lawmix.ru/bux/42385>. (18.09.2017)
- 9 Шишко И.В. Неправомерные действия при банкротстве (ст. 195 УК РФ) // Законы России: опыт, анализ, практика. – 2011. – N 7. – С. 42.
- 10 Христенко Е.В. Оценочные признаки и квалификация правонарушений при банкротстве (ч. 1 ст. 195 УК РФ) // Юрист. – 2012. – N 11. – С. 17.

## АЗАМАТТЫҚ ПРОЦЕСС ГРАЖДАНСКИЙ ПРОЦЕСС CIVIL PROCEEDING

УДК: 347.962; 347.97/99  
МРНТИ: 10.71.31

*І.Е. Асхатбек<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Абай атындағы ҚазҰПУ, Тарих және құқық институты, құқықтану мамандығының  
2 курс магистранты, Алматы қ., Қазақстан  
e-mail: [ashatbek@mail.ru](mailto:ashatbek@mail.ru)*

*Ғылыми жетекшісі: Е.А.Бурибаев<sup>2</sup>*

*<sup>2</sup>д.ю.н., профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ, Тарих және құқық институты, мемлекеттік және  
азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының профессоры, з.ғ.д., Алматы қ., Қазақстан  
e-mail: [yermek-a@mail.ru](mailto:yermek-a@mail.ru)*

### АПЕЛЛЯЦИЯЛЫҚ САТЫДАҒЫ СОТТЫҢ ӨКІЛЕТТІЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Аңдатпа*

Бұл мақалада апелляциялық сатыдағы соттың өкілеттілік мәселелері қарастырылған. Сонымен қатар апелляциялық сатыдағы сот мәлімдеген талап қою шегінде жаңа фактілерді анықтауға және жаңа дәлелдерді зерттеуге де мүмкіндіктері баяндалған. Апелляциялық сатыдағы сот бірінші сатыдағы сот шешімінің күшін жоюға, жаңа шешім қабылдауға құзырлығына талдау жүргізілген.

**Түйін сөздер:** апелляциялық сатыдағы сот, кассациялық сатыдағы сот өкілеттіліктері, өкілеттілік.

*И.Е. Асхатбек<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Магистрант 2 курса юриспруденции института истории и права  
ҚазНПУ имени Абая, г. Алматы, Казахстан  
e-mail: [ashatbek@mail.ru](mailto:ashatbek@mail.ru)*

*Научный руководитель: Е.А.Бурибаев<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>д.ю.н., профессор, кафедры государственных и гражданско-правовых дисциплин  
Института истории и права КазНПУ им. Абая, г. Алматы, Казахстан  
e-mail: [yermek-a@mail.ru](mailto:yermek-a@mail.ru)*

### ПОЛНОМОЧИЯ СУДА АПЕЛЛЯЦИОННОЙ ИНСТАНЦИИ

*Аннотация*

В данной статье рассматривается вопрос полномочий суда апелляционной инстанции. Излагаются новые возможности суда апелляционной инстанции по установлению новых фактов и новых доказательств в пределах предъявленного иска. А также анализируются полномочия суда апелляционной инстанции об отмене решения суда первой инстанции и о принятии нового решения.

**Ключевые слова:** суд апелляционной инстанции, полномочия суда кассационной инстанции.

*I. Y. Askhatbek<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Master of 2 course of jurisprudence, Institute of History and Law  
Kazakh National University named after Abay, Almaty, Kazakhstan  
e-mail: [ashatbek@mail.ru](mailto:ashatbek@mail.ru)*

*Research supervisor: E.A.Buribayev<sup>2</sup>*

*<sup>2</sup>doctor of jurisprudence, professor of department of the state and civil legal disciplines  
of KazNPU of a name of Abay, Almaty, Kazakhstan  
e-mail: [yermek-a@mail.ru](mailto:yermek-a@mail.ru)*

### CREDENTIALS OF THE COURT OF APPEALS

*Abstract*

This article examines the issues of the powers of the court of appeal. In addition, the Court of Appeal set out in the study of evidence and within the claimed lawsuit identify new opportunities, and new facts. The court of appellate instance shall revoke the decision of the court of first instance, adopt a new decision, analyze the competence.

**Keywords:** court of appellate instance, powers of the court of cassation instance, powers.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабы «Әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар», – деп бекіткен [1].

«Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық Заңы сот жүйесіне Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотын, облыстық және оларға теңестірілген соттарды, аудандық және оларға теңестірілген соттарды жатқызады [2].

ҚР АЖЖК-і бойынша аудандық және оған теңестірілген соттар тек қана бірінші сатыдағы соттар ретінде іс – қимыл жасайды, ал облыстық және оған теңестірілген соттар бірінші, апелляциялық, қадағалау сатысы ретінде әрекет жасайды. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты апелляциялық және қадағалау сатысындағы сот ретінде әрекет жасайды. Республиканың Жоғарғы Сотының Қадағалау сатысы Қазақстан Республикасының 2005 жылдың 30-желтоқсанындағы «Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу және Азаматтық іс жүргізу кодекстеріне соттылықтың ара-жігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №111 заңына сәйкес қадағалау алқасы және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соттың жалпы отырысы құрамдарына бөлініп, сот билігін жүзеге асырады [3].

Аудандық және оларға теңестірілген соттардың заңды күшіне енбеген шешімдер мен қаулыларын апелляциялық шағымдар, наразылықтар бойынша апелляциялық тәртіппен облыстық және оларға теңестірілген азаматтық істер жөніндегі алқасы қарайды, ал облыстық және оларға теңестірілген соттардың шешімдері мен қаулыларын апелляциялық тәртіппен Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының азаматтық істер жөніндегі алқасы қарайды.

Сонымен, апелляциялық сатыдағы соттың өкілеттілігі көрсетілген екі алқа арқылы жүзеге асырылады. ҚР АЖЖК-нің 41-тарауында бекітілген «Апелляциялық шағымдар, наразылықтар бойынша істерді қарау» тәртібі екі алқаның іс әрекеттеріне бірдей қолданылады. Демек, талдауға ұсынылып отырған апелляциялық сатыдағы соттың өкілеттілік мәселелері екі алқаның да апелляциялық шағымдар мен наразылықтардың келтірілуі мәселелерінен бастап, істі қарау тәртібін, қабылдайтын шешімдер түрлерін, қаулының мазмұны мен шығаруын, шығарылған қаулының орындалу тәртібін бірдей толық қамтиды. Сондықтан, заң нормалары, Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары, сот тәжірибелері екі алқаның мәселелеріне тепе-тең көзделінеді.

«Өкілеттілік» деген ұғым бұрынғы пайдалануда болған азаматтық іс жүргізу кодекстерінде қолданылмаған. Бірінші рет сот саласына бұл ұғым Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің «кассациялық сатыдағы сот өкілеттіліктері» деген бапта көзделді. Қазақстан Республикасының 2001 жылдың 11 шілдесінде қабылданған «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне сот ісін жүргізу мәселелері бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» № 238 заңымен кассациялық сатының орнына апелляциялық сатыны енгізіп, көрсетілген ұғым «апелляциялық сатының өкілеттіліктері» деген тақырыппен орын алды. Бұл бапта мынадай өкілеттіліктер бекітілген:

а) Апелляциялық шағыммен немесе наразылықпен түскен істі қарау кезінде сот тараптардың өтініш жасауы бойынша немесе өз бастамасымен:

1) сот – психиатриялық сараптама тағайындауға;

2) егер істе бар және қосымша табыс етілген материалдар бойынша жүргізу мүмкін болса, өзге де сараптама тағайындауға;

3) тараптардың (талапкер, жауапкер) және іске қатысушы басқа да адамдардың денсаулық жағдайына, отбасы жағдайы туралы деректерге байланысты құжаттарды талап етіп алуға құқылы.

ә) Сот отырысының хаттамасында ашылмаған жайлар болған және куәлардың әр түрлі түсінуге мүмкіндік беретін айғақтары баяндалған жағдайда, сот өз бастамасымен немесе тараптардың өтініш жасауы бойынша ол адамдардан жауап алуға құқылы.

Бұл жағдайда жауапкердің сот отырысына қатысуы міндетті. Жауап алудың алдында куәға, талапкерге жалған айғақтар бергені және айғақ беруден бас тартқаны үшін заңда белгіленген тәртіппен жауапты болатыны ескертіледі, олардың айғақтары хаттамаға түсіріліп, одан әрі дәлелдеме ретінде қарастырылады.

«Өкілеттілік» деген атау (термин) әдеби теорияда кең мағыналарда қолданылады.

Л.М. Потеружа кітабының «кассациялық соттың өкілеттіліктері» деген тарауында істі кассациялық тәртіппен қарауда кассациялық сатының өкілеттіліктері кассациялық сатының алдына қойылатын мақсаттарымен белгіленеді деп, ол мақсаттарының қатарына шешімнің заңдылығы мен негізділігін жан-жақты тексерілуін, бірінші сатыдағы соттың жіберген қателіктері мен заң бұзушылықтарын түзетуін, заңды бір-келкі түсіну және қолдану, сот процессінің алдын-ала ескерту және тәрбиелік ықпалын

арттыруын көздеп, кассациялық сатының өкілеттіліктеріне істі тексеру бойынша шешімді өзгеріссіз қалдыру не өзгерту, шешімнің күшін жойып, істі қысқарту не қосымша тергеуге жіберу құқықтарын жатқызған. Сонымен қатар ол кассациялық сатының өкілеттіліктерінің шектеулерін көрсеткен. Ол шектеулердің қатарына кассациялық сатыдағы соттың нақты мән-жайларды анықтауы және шешімде анықталмаған немесе соттың алып тастаған мән-жайларын анықталды деп табуы, сондай-ақ іс бірінші сатыдағы соттың жаңадан қарауына немесе қосымша тергеуге жіберілгенде айыптаудың дәлелденгендігі немесе дәлелденбегендігі туралы, дәлелдемелердің анықтығы туралы немесе бір дәлелдемелердің басқаларынан басымдылығы туралы алдын-ала шешіп қоюға болмауын жатқызған.

А.П. Рыжаков, А.И. Сергеев кассациялық инстанциясының істі қарау нәтижесінде шешімді өзгерту немесе оның күшін жойып, істі қысқарту және тағы басқа қабылдайтын шешімдерін кассациялық сатының кең өкілеттіліктері деп дәрежелейді [5, 36 б.]. Ондай дәрежелеуді кассациялық және апелляциялық сатыдағы соттарға В.В. Вандышев та берген.

Ф.Н. Фаткуллин кассациялық және қадағалау сатыларының шешімнің заңды тұжырымдалғандығын және құқықтық саралауын өзгерту құқықтарын ол сатылардың өкілеттіліктеріне жатқызған.

Әдеби теорияда істің дұрыс шешілуін іс бойынша объективтік (материалдық) шындықтың анықталғаны (орнатылғаны) деп түсіндіріледі. Бірақ әрбір қаралған іс бойынша қабылданған шешім шындықты анықтайды және барлық іске қатысушыларды қанағаттандырады деу ақиқаттық шындыққа жатпас еді. Ресейдің белгілі ғалымы бүкіл дүниежүзілік процессуалдық құқықты салыстырмалы талдау жасаған И.Я. Фойницкий істің бір сатыда қаралуы қандай да ол саты дұрыс құрылмасын, іс бойынша шығарылған шешімде қате болуына мүмкіндік қалдырады деген тұжырымға келген.

Мәселен, өткен 2011 жылы Республика бойынша апелляциялық сатыдағы соттарда қаралған 9294 істердің 2797 істері бойынша шағымдар мен наразылықтар қанағаттандырылған. Бұл істер бірінші сатыдағы соттарда қаралған барлық істердің сонымен салыстырсақ, туынды сан көп те көрінбес еді. Бірақ заң істің заңды және негізді шешілуін әрбір қаралған іске жүктейді, сот шешіміне оның құқықтық орнына байланысты ең жоғарғы талап қояды.» Шешімнің мемлекет атынан шығарылуы, оның

маңыздылығы судьялардан оның заңдылығы мен негізділігі үшін ерекше жауапкершілік сезінуді талап етеді», – деп Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 11 шілдедегі «Сот шешімі туралы» №5 нормативтік қаулысы соттарды міндеттеген.

Шешімге бірінші болып баға беруші – сотқа қатысушылар: азаматтық іс бойынша іс жүргізуі кезінде өздерінің немесе өздері білдіретін құқықтар мен мүдделерді қорғайтын адамдар: прокурор, талапкер, олардың заңды өкілдері, қорғаушы, азаматтық жауапкер, олардың заңды өкілдері мен өкілдері береді.

Іске қатысушылардың іс бойынша, әрине, өз мүддесі болады. Мәселен, прокурордың мүддесі – істің жан-жақты тексеріліп, заңды және негізді шешім шығарылуы болса, талаптардың мүддесі – әр істің жан-жақты тексеріліп, заңды, негізді және әділетті шешілуі.

Іс бойынша шығарылған шешімнің заңды және негізді екенін тексеру міндетін ҚР АІЖК-сі апелляциялық сотқа жүктеген. Апелляциялық сатыдағы сот апелляциялық шағымдар, наразылықтар бойынша:

– іс жүргізуді жүзеге асыру кезінде азаматтық іс жүргізу заңы нормаларының сақталуын;

– шешімнің не қаулының заңдылығы мен негізділігін толық көлемде тексеруге тиісті.

Бұл міндетті апелляциялық сот істе бар және іс қаралғаннан кейін іске қатысушылардың апелляциялық шағымдар мен наразылықтарға тіркелген не істі апелляциялық сатыда қарау барысында тапсырылған қосымша материалдарды тексеру арқылы орындайды. Демек, бірінші сатыда қаралған, шешім шығарылған іс тағы да екінші сатыда қаралуы көзделген. ҚР АІЖК-нің апелляциялық сатыда «істі қарау» тәртібі деп бекіткен.

Процессуалдық әдеби теориясында істі қайта қарау – сот төрелігінің бір түрі, сондықтан іс қаралуы жалпы процессуалдық принциптерге негізделеді, бірақ сонымен қатар жоғары сатыдағы соттар өздеріне жүктелген міндеттерін орындауда бірінші сатыдағы сот қарауынан бөлек, ерекше әдіс (метод) қолданады деп көрсетілген. Бұл пікірдің авторы А.Л. Ривлин сол уақыттағы қолданудағы процессуалдық заңдарда бекітілген кассациялық тәртіппен істі қараудың ерекше әдісіне мынадай өкілеттіліктерді жатқызған:

– сот тұжырымын сотта қаралған дәлелдемелермен анықталуын іс бойынша жүргізілген алдын ала және сот тергеуі материалдарын оқу арқылы зерттеу;

– азаматтық іс жүргізу кодексінде бекітілген кассациялық саты сотының қабылдайтын ше-

шімнің күшін жою немесе өзгерту негіздерін іс бойынша анықтау;

– істің тексеруін тек қана наразылықпен не шағыммен шектемей, іс бойынша шағым бермеген басқа да адамдар туралы тексеру жүргізу. Теориялық әдебиеттерде бұл әдіс «ревизиялық тексеру» деп аталған.

Қазақстан Республикасы АІЖК-де күшіне енгенде кассациялық сотқа, ал 2001 жылғы 11-шілдеде қабылданған «Қазақстан Республикасы кейбір сот ісін жүргізу заңдарына өзгертулер мен толықтырулар енгізу» Заңымен апелляциялық сотқа едәуір өкілеттіліктер берді. Атап айтсақ:

– сот-психиатриялық сараптама тағайындауға;

– өзге де сараптама тағайындауға;

– тараптардың және іске қатысушы басқа да адамдардың денсаулық жағдайына, отбасы жағдайына туралы деректерге байланысты құжаттарды талап етіп алуға құқылығы;

– куәлардан заңда көрсетілген жағдайларда жауап алуға құқылығы;

– адамның шағымда, наразылықта жағдайының нашарлауы туралы мәселе қойылғанда апелляциялық сатыға қатыстыруы;

– қосымша материалдарды қабылдау, оларды тексеру және оларға шешім қабылдауда баға беру.

Көріп отырғанымыздай, апелляциялық сотқа тараптардың өтініш жасауы бойынша немесе өз бастамасымен дәлелдемелер жинауға (сараптамалар тағайындау, құжаттарды талап ету, жауап алу), қосымша материалдарды қолдануға, сотталған адамды және басқа да тараптарды іске қатыстыруға немесе процессуалдық тілмен айтқанда басты сот талқылауының кейбір әрекеттерін қолдануға өкілеттіліктері бекітілді.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы Қ. Мами өзінің сот жүйесін рефор-

малаудағы негізгі бағыттарын зерттеуге арналған монографиясында бірнеше шет елдерде заңды күшіне енген шешімдерді қараудың аралас түрі – «ревизия, сочетающая черты апелляции и кассации» қолданылады дей келе, 2001 жылғы 11-шілдедегі Республикамыздағы процессуалдық кодекстерге өзгертулер мен толықтырулар енгізгеннен кейін Қазақстан ревизиялық тәртіппен іс қараудың аралас түрін («воспринял смешанную форму ревизии») қабылдады деп тұжырымдайды. Мысалы, Азаматтық іс жүргізу кодексінің 345 және 358 баптарына сәйкес апелляциялық сатыдағы сот мәлімдеген талап қою шегінде жаңа фактілерді анықтауға және жаңа дәлелдерді зерттеуге мүмкіндігі бар. Апелляциялық сатыдағы сот бірінші сатыдағы сот шешімінің күшін жоюға, жаңа шешім қабылдауға құқылы.

Бұл тұжырымның орындылығы қолданыстағы ҚР азаматтық іс жүргізу кодексіне енгізілген жоғарыда көрсетілген өкілеттіліктермен дәлелденеді. Апелляциялық сатыдағы сот советтік дәуірдегі кассациялық сатыдағы соттың істі қарау тәртібіне шет елдерде қолданылатын апелляциялық сотының кейбір өкілеттіліктерін енгізіп, істің аралас түрде қаралуын бекітті.

Бұл жерде ерекше назар аударатын мәселе – енгізілген өкілеттіліктерге өздерінің бірінші сатыдағы процессуалдық әрекеттерімен салыстырғанда бірсыпыра шектеулер қойылған. Мәселен, апелляциялық соттың куәлардан, жауап алу өкілеттілігі олардың жауаптары сот отырысының хаттамасында анық жазылмауы себепті әртүрлі түсінуге мүмкіндік беретін айғақтары баяндалған жағдайда ғана іске асады. Сондай-ақ, апелляциялық соттың өзге сараптама тағайындауы тек қана істе бар және қосымша табыс етілген материалдар бойынша жүргізілуі мүмкін болуымен шектелген.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы конституциялық заңы // *Ведомости Верховного Совета КазССР*. – 1991. – № 51.

2. «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 25 желтоқсандағы № 132 Конституциялық заңы. Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 11 желтоқсандағы № 199-III заңымен енгізілген өзгертулер және толықтырулармен.

3. Қазақстан Республикасы 2005 жылдың 30-желтоқсанындағы «Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу және Азаматтық іс жүргізу кодекстеріне соттылықтың ара-жігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» № III заңы // *Юрист – анықтама жүйесі*.

4. Потеружа И.И. *Роль суда второй инстанции в укреплении законности*. – Минск: Наука и техника, 1980.

5. Рыжаков А.П., Сергеев А.М. *Кассационное производство*. – М.: Флинь, 2007.

6. Мәми Қ.Ә. *Қазақстан Республикасындағы сот билігінің қалыптасуы мен дамуы*. – Астана: Елорда, 2001.

УДК: 347.9.08; 347.91.02  
МРНТИ: 347.9.08; 347.91.02

*Г.Б. Мейірбекова<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Абай атындағы ҚазҰПУ, Мемлекеттік және Азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Алматы қ., Қазақстан  
e-mail: [meirbekova67@mail.ru](mailto:meirbekova67@mail.ru)*

## КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ІСТЕРІН ҚАРАУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Аңдатпа*

Мақалада кәмелетке толмағандарға арналған соттарды кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі әділет жүйесінің орталық және шешуші негізі ретінде талдау және олардың қызметін одан әрі жетілдіру жөнінде ұсыныстар беру.

**Түйін сөздер:** кәмелетке толмағандар, әділет органдары, ювеналды соттар, ювеналды полиция,

*Г.Б. Мейірбекова<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>ассоцированный профессор кафедры «Государственных и гражданско-правовых дисциплин»  
КазНПУ имени Абая, г. Алматы, Казахстан  
e-mail: [meirbekova67@mail.ru](mailto:meirbekova67@mail.ru)*

## ПРАВОВЫЕ ПРОБЛЕМЫ РАССМОТРЕНИЯ ДЕЛ В ОТНОШЕНИИ НЕСОВЕРШЕННОЛЕТНИХ

*Аннотация*

В статье проанализирована деятельность ювенальных судов Казахстана как центрального и определяющего звена в системе органов ювенальной юстиции и даны предложения по дальнейшему усовершенствованию их деятельности.

**Ключевые слова:** несовершеннолетние, органы юстиции, ювенальные суды, ювенальная полиция

*G.B. Meirbekova<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>associate professor of cathedra of « Public and civil legal disciplines»  
Kazakh National Pedagogical University by name of Abai, Almaty, Kazakhstan  
e-mail: [meirbekova67@mail.ru](mailto:meirbekova67@mail.ru)*

## LEGAL PROBLEMS OF JUVENILE CASES

*Abstract*

The article analyzes the activity of juvenile courts of Kazakhstan as the central and determining link in the system of juvenile justice bodies and offers suggestions for further improvement of their activities.

**Keywords:** Juvenile, judicial authorities, juvenile courts, juvenile police

Бүгінде, Қазақстан Республикасында конституциялық және құқықтық деңгейде, бірқатар ювеналды әділет қызметінің даму бағыттарының басым бөлігін іске асыру мақсатында, көптеген келелі еңбектер жасалуда. Олардың арасында Қазақстан Республикасы Конституциясының баптарында «Неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады» деп жариялауы басталғаннан бастап кәмелетке толмағандардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ететін жаңа нормативтік-құқықтық актілер шыға бастады [1].

Халықаралық жалпы-халықтық құндылықтар мен артықшылықтарын мойындай және қосыла отырып 8 маусым 1994 жылы БҰҰ Бас

Ассамблеясының қаулысымен қабылданған «Бала құқығын қорғау туралы» халықаралық конвенция негізінде Қазақстан 20 қараша 1989 жылы қабылдаған «Бала құқықтары туралы» Заңы арқылы Қазақстан Республикасы халықаралық аренаға нық сеніммен қосыла алатынын көрсетеді.

Қазақстан үшін бүгінгі күні маңызды проблемалары бұл бөлігінде Қазақстанның құқықтық жүйесінің әлі күнге проблемалары жалпыға ортақ танылған халықаралық ережелер мен стандарттар болмады:

– Ең аз стандартты ережелері-БҰҰ, қатысты кәмелетке толмағандарға қатысты сот төрелігін (Пекин ережелері, 1985);

– БҰҰ жетекші қағидаттары арасындағы қылмыскерліктің алдын алу үшін кәмелетке толмаған (Эр-Рияд жетекші қағидаттары, 1990);

– БҰҰ-ның қатысты құқықтарын қорғау туралы Ереже, бас бостандығынан айырылған кәмелетке толмағандар, (1990);

– Ең төменгі стандартты ережелері – БҰҰ-шараларға қатысты, түрмеге қамауға алумен байланыссыз (Токия ережесі, 1990) және т. б.

Қазақстандық заңнама және құқық қолдану қызметін, оның ішінде кәмелетке толмағандарға қатысты әділет органдары заңнамаға және құқық қолдану практикасына өркениетті адамзат Еуропалық одақ танылған халықаралық қоғамдастық бірі ретінде елеулі жетістіктерін және жүзеге асыру мәселелері жолға қойылды [2].

Кәмелетке толмағандардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мәселелері ретінде неғұрлым басым екенін мойындай отырып, Қазақстан Республикасы жаңа ұйымдық-құқықтық құрылымдық шешімімен осы проблемаларды арнайы айналысатын ювеналдық әділет құрды. Мәселен, Қазақстан сот ісін жүргізу тарихында, өз жұмысын бастаған бірінші (сот төрелігі) мамандандырылған соттардың кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі ювеналды соттар құрылып болды.

Ювеналды соттар – бұл тек алғашқы қадамдар, алғашқы саты, реформаларды қамтамасыз етуге бағытталған мамандандырылған құқықтық көмек олар үшін өмірлік жағдайларда кәмелетке толмағандардың ісін қарау көптеген қиыншылық тудыратын, Кәмелетке толмағандардың құқықтары мен бостандықтарын толық қамтамасыз ету мүмкін емес болған кезде ғана өз бетінше және арнайы жұмыс істейтін ювеналды соттар болған кезде тұтас жүйесін мамандандырылған органдарының және жаңа құқықтық институттардың барлық аспектілерін қамтитын заң кәмелетке толмағандардың құқығын қорғау және құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету бойынша әрекет ете бастады. Біздің ойымызша, қазіргі кәмелетке толмағандарға «Қазақстан Республикасындағы ювеналдық әділет жүйесі түрінде ювеналдық органдардың қабілетті көпсалалы болып жұмыс жасауын барлық тараптар күнделікті өмірде қажеттігін сезініп жатыр. Ал атап айтқанда:

- кәмелетке толмағандарға қатысты әділет органдарының, соның ішінде:

- кәмелетке толмағандарға қатысты әділет орталық органы – Қазақстан Республикасының ювеналды әділет министрлігі;

- Қазақстан Республикасының ювеналды әділет комитетінің аумақтық органдары – облыс-

тардағы, қалалар мен қалалардағы ювеналды әділет басқармасы;

- Кәмелетке толмағандарға арналған соттар;

- Қазақстан Республикасы ювеналды әділет комитетінің ювеналды полиция бөлімшесі;

- Қазақстан Республикасы Кәмелетке толмағандардың әділет басқармасының қылмыстық-атқару жүйесінің органдары;

- Қазақстан Республикасының ювеналды әділет комитетінің арнайы режимі бар арнайы білім беру ұйымдары мен білім беру ұйымдары;

- кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі, комиссия Омбудсмен кеңсесінің, соның ішінде балалар мен жасөспірімдердің және басқа да әлеуметтік қызмет пен басқа да соларға теңестірілген бағынысты ұйымдар.

Бүгін, ювеналды әділет жүйесін мемлекеттің құрамдас бір бөлігі яғни ол қоғамдық өмірдің бар саласын басқару сондай-ақ анықталған өкілеттігі, өз құрылымы бар мемлекеттік тетігі, ажырамас бөлігі ретінде қарастырған жөн [3].

Кәмелетке толмағандарға қатысты сот төрелігі органдары өздеріне жүктелген міндеттерді шешуде орталық және жергілікті мемлекеттік органдармен, оның ішінде құқық қорғау органдары мен бақылаушылармен, соның ішінде лауазымды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасауы тиіс. Сонымен қатар, мемлекеттік органдар, ұйымдар мен лауазымды адамдар құқықтарын, бостандықтарын мен кәмелетке толмағандардың заңды мүдделерін қорғау үшін функционалдық міндеттерді ювеналды әділет органдары көмек көрсетеді.

Ұлттық патриоттық идеяларды жүзеге асыру «Мәңгілік ел» Қазақстан Республикасының қазіргі заманғы дамуындағы адамның құқықтары мен бостандықтарын бірінші кезекте қоюда, оның ішінде кәмелетке толмағандардың ісін қарайтын мамандандырылған соттардың жұмысын жүргізуге жаңа қатынастарды одан әрі қарай реттеу үшін заңдар қабылдау, шешімін күттірмейтін ірі мәселелерді алдын ала шешу керек. Сондықтан, бұл аспектіде, арнайы шұғыл мемлекеттің айрықша стратегиялық ресурсы ретінде кәмелетке толмағандардың құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау мәселесі бар.

Жоғары дамыған елдердің қалыптасу және ары қарай даму эволюциясы (Швеция, Дания, Франция, және т.б.) әлбетте, «болашақ» әрбір мемлекеттік әл-ауқатын жету үшін бүгіннен бастап кәмелетке толмағандар үшін барлық -экономикалық және құқықтық алғышарттар жасау қажет екенін жақын болашақта талап етілетін дамыту фактісін көрсетеді.

Тұтастай мемлекет пен қоғамның адамдардың өмірінің жоғары деңгейде дамуы қажырлы еңбектің халықаралық тәжірибесі. Бұл жағдайда, мемлекеттік ең алдымен, халықтың жалпы әл-ауқатын қызметі мойындайды, кәметке толмағандардың құқықтары мен бостандықтарын жан-жақты қолдау бойынша мемлекет белсенділігіне байланысты. Сондықтан мемлекеттің ұйымдастырушылық-құқықтық қызметі, кәметке толмағандардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету ерекше және күрделі болуы тиіс. Бұл бағыттағы ең тиімді және тиімді тәсілдердің бірі кәметке толмаған құқық бұзушылықты одан әрі дамытуға

мүмкіндік бермеу, жолын кесу болып табылады [4].

Ағымдағы жағдайды қорыта отырып, біз Қазақстан Республикасының Әділет органдарын одан әрі дамыту қажеттілігі бойынша соңғы онжылдықта кәметке толмағандардың ісі бойынша қабылдаған шараларымыздың көрсеткіштерінде орын алған теріс ғана емес, сонымен қатар қайта оң өзгерістер бар, бұл іс жүзінде туындаған кәметке толмағандардың ісін қарайтын мамандандырылған соттардың жұмысының өсуіне, тәжірибеде көптеп іске асуына жақсы мүмкіндіктер бар деген қорытындыға келдік.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы – «30.08.1995. Әділет» АҚЖ
2. Жетписбаев Б.А. Проблемы организации ювенальной юстиции и социальных служб по делам несовершеннолетних правонарушителей. Научное издание. – Алматы: Гылым, 1998. – 98с.
3. Ескендилов А.А. Ювенальная юстиция в Республике Казахстан: Учебник. – Алматы: ООНИ и РИР Алматинской академии МВД РК, 2011. – 272с.
4. Жетписбаев Б.А. Система ювенальной юстиции Республики Казахстан: Монография /Под ред. д.ю.н., проф. Б.А. Жетписбаева. – Алматы: Нурпресс, 2013. – 344с.



**КӘСІПКЕРЛІК ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ҚҰҚЫҒЫ  
ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСКОЕ И ФИНАНСОВОЕ ПРАВО  
ENTREPRENEURIAL AND FINANCIAL LAW**

УДК: 346.5

МРНТИ: 10.23.35

*Д.Ж. Белхожаева<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Абай атындағы ҚазҰПУ, Тарих және құқық институты, мемлекеттік және азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, құқық магистрі, Алматы қ., Қазақстан  
e-mail: dinara\_1576@mail.ru*

*Д.С. Байсымакова<sup>2</sup>*

*<sup>2</sup>Абай атындағы ҚазҰПУ, Тарих және құқық институты, мемлекеттік және азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, құқық магистрі, Алматы қ., Қазақстан  
e-mail: dana\_2274@mail.ru*

**КЕШЕНДІ КӘСІПКЕРЛІК ЛИЦЕНЗИЯ (ФРАНЧАЙЗИНГ)  
ИНСТИТУТЫНА ТАРИХИ ШОЛУ**

*Аңдатпа*

Осы мақалада Қазақстандағы франчайзингтің даму деңгейі қамтылған. Автор франчайзингтің әлемдік даму бағыттарының көрсеткіштеріне салыстырмалы талдау жүргізген. Мақалада Қазақстандағы франчайзингтің дамуына кедергі келтіріліп отырған кедергілерді айқындап, оларды шешудің жолдарын ұсынынады, яғни бүгінгі таңдағы өзекті мәселелерді қамтылған.

**Түйін сөздер:** Шарт, франчайзинг, лицензия, кәсіпкер, франчайзер, франчайзи, кәсіпкерлік құқық.

*Д.Ж. Белхожаева<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup> магистр права, ст.преподаватель, кафедры государственных и гражданско-правовых дисциплин, Института истории и права КазНПУ им. Абая, г. Алматы, Казахстан  
e-mail: dinara\_1576@mail.ru*

*Д.С. Байсымакова<sup>2</sup>*

*<sup>2</sup> магистр права, ст.преподаватель, кафедры государственных и гражданско-правовых дисциплин, Института истории и права КазНПУ им. Абая, г. Алматы, Казахстан  
e-mail: dana\_2274@mail.ru*

**ИСТОРИЯ ИНСТИТУТА КОМПЛЕКСНОЙ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСКОЙ  
ЛИЦЕНЗИИ (ФРАНЧАЙЗИНГА)**

*Аннотация*

Данная статья освещает уровень развития франчайзинга в Казахстане. Автор проводит сравнительный анализ показателей, характеризующих развитие франчайзинга, развитых и развивающихся стран. В статье обозначены аспекты, препятствующие развитию франчайзинга в Казахстане, и определены некоторые пути решения актуальных проблем.

**Ключевые слова:** Договор, франчайзинг, лицензия, предприниматель, франчайзер, франчайзи, предпринимательское право.

*D.Zh. Belkhodzayeva<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>the master is right, the senior lecturer, departments of the state and civil disciplines  
Institute of history and right of KAZNPU of Abay, Almaty, Kazakhstan  
e-mail: dinara\_1576@mail.ru*

*D.S. Baysymakova<sup>2</sup>*

*<sup>2</sup>the master is right, the senior lecturer, departments of the state and civil disciplines  
Institute of history and right of KAZNPU of Abay, Almaty, Kazakhstan  
e-mail: dana\_2274@mail.ru*

## HISTORY OF INSTITUTE COMPLEX ENTERPRISE LICENSES (FRANCHISING)

### Abstract

This article lights a franchizing level of development in Kazakhstan. The author carries out the comparative analysis of the indicators characterizing development of franchizing, developed and developing countries. In article the aspects interfering development of franchizing in Kazakhstan are designated and some solutions of actual problems are defined.

**Keywords:** Contract, franchizing, license, businessman, franchiser, franchisee, enterprise right.

Жұмыстағы Қазақстан Республикасында франчайзинг шарты жаңа институттардың бірі болғандықтан, осы қатынас тарихи-теориялық тұрғыда зерттеу **өзектілігімен** сипатталады.

Жұмыстың **мақсаты** франчайзинг институтының қалыптасу және даму жолдары теориялық тұрғыдан кешенді түрде ашып көрсету болып табылады.

Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін төмендегідей біздер төмендегідей **міндеті** кешенді кәсіпкерлік лицензия институтының тарихи қалыптасуын қарастыру болды.

Жұмыстың **әдістемелік негізін** жалпы ғылыми диалектикалық танымдық әдістерімен қатар, салыстырмалы-құқықтық талдау әдістерді құрайды.

«Франчайзинг» термині – француздың «franchise» деген сөзінен шыққан. Ол «жеңілдік, артықшылық» деген мағынаны білдіреді. Орта ғасырда «франшиза» сөзі корольдің немесе мемлекеттің атынан қандай да бір рұқсат беру деген мағынаны білдіретін (мысалы, жәрменке өткізу, көпір салуға, базар ұстауға рұқсат беру т.б.). Алайда, соңғы кезеңдерде бұл терминнің мағынасы өзгерді. XIX ғасырдың соңымен XX ғасырдың басында Америкада франчайзинг кең әрі нақты құқықтық мағынаға ие болды, яғни ол қандай да бір айрықша кешенді құқықтарды пайдалануға беру деген мағынаны білдіреді. Сондай-ақ, франчайзинг бойынша тауар өндірудің және қызмет көрсетудің тәсілдері ақылы негізде пайдалануға беріледі деп көрсетілген [1, 109 б.].

Франчайзинг шаруашылық қызмет тәжірибесіне 70 жылдары келді, бірақ АҚШ-та ол XX ғасырдың 30-шы жылдары таныла кең бастаған. Бірақ көптеген шетелдер тәжірибесінде (Германияда) франчайзинг шарты заңнамалық регламентацияға ие болмады, франчайзингтің американдық жүйесінің бірінші буыны өткен ғасырлардың басында шықты және бүгінгі күні «таза өнімді франшиза» (straight product franchising) деп аталады. (өндірістік желі «Coca-Cola», автомобильді индустрия «Ford» мысал бола алады).

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін франчайзингтің американдық жүйесі екінші буынның

дамуына жол ашты, ол «өндірістік франчайзинг» (entire business franchising) деп аталды. Шарттық міндеттемелер енді жеке өнімді ғана қозғаған жоқ, сонымен бірге барлық франчайзингтің кәсіпорнын қамтыды: франчайзер франчайзиге, франчайзидің саудалық кәсіпорыны үшін, толық қызмет топтамасын ұсынады, ол кәсіпорынды жарактандырудың кейінгі ортасына, іскерлік саясат концепциясына және кәсіпорында басқару ұйымына тарайды, және сол жүйемен әріптестердің бірігуіне алып келеді.

Өндірістік франчайзинг – қызмет көрсету саласының кәсіпорнымен кең көлемде алынған, ол өздеріне, сауданы өткізудің маркетингтік концепциясын жемісті жасаған. Франчайзингтің бұл жүйелер қызметі (саудалық ұқсастық) жеке сервистік қызметті мөлшерлеумен сипатталады, ол бас кәсіпорынмен (орталық) өңделеді және стандартталады және содан кейін клиенттерге құрылымды өткізілімді бірлікпен (қызмет көрсетудің индустриялизациялануы) ұсынылады.

Кодификацияның толқынынан кейін, онымен бірге 60 жылдардағы дағдарысты еңсергеннен кейін, АҚШ-та франчайзинг жаңа нәтижеге және топтасуға қол жеткізді. 1970-1977 жылдар аралығында франчайзингтің жаһандық экономикалық маңызы алдағы кезеңмен салыстырғанда екі есеге өсті. Сатып-алу орталықтары пайда болды, оның көп бөлігінде франчайзингтік ірі кәсіпорындар орналасты (Franchise-Cities), сонымен қатар франчайзингтік жүйенің үшінші буыны қалыптасты: «partners for profit» және «community interest» атымен әріптестік франчайзинг дами бастады, ол шешім қабылдауға қатысуға үлкен мүмкіншілікпен сипатталды және франчайзингтің жүйелік басқаруына ықпал етті. Бұл жүйелер сонда да орта жолда қалды, өйткені екінші жүйенің субординациялық жүйесін ығыстыра алмады.

Сондай-ақ, ГФР-да франчайзингтің тігінен құрылымдалған және авторитарлы-орталықтандырылған жүйесінің екінші буынының көп бөлігі кезеңделген (Мысалы, OBI кәсіпкерлеріне арналған сатып-алу орталығы, Dr.Stadler маклерлік бюросы). АҚШ-та тәжірибеден айыр-

масы, сондай-ақ Еуропа елдерінде, байланысқан топтардың вертикализациясы (бәрінен бұрын азық-түліктік тауар саласы, мысалы, REWE немесе EDEKA), олар дефенсивтік иелену одағынан орталық кәсіпорынның басқаруындағы агрессивтік маркетингтік қоғамдастыққа айналды, франчайзинг ретінде қарастырылмайды. Тек «квазифранчайзинг» деп атайды.

Көптеген шетелдерде франчайзингтік қарым-қатынас қазіргі кезеңде жеке сауда саласына (Мысалы: автомобиль сату және оған қосымша бөлшектер сату), тұрмыс саласына (тоңазытқыш прокаты) және әртүрлі білім сатысын алумен байланысты қызмет көрсету саласына кірді. АҚШ-тағы 249 франчайзингтік келісімнің негізін анықтау үшін жүргізілген зерттеулерде Sorcebook of Franchise Opportunities базасының мәліметі бойынша, тандап алынған фирмаларды реттеуде, 114 фирма «тамақтану жылдамдығы» саласына, 65-автомобиль жасауға қызмет көрсету, 70-қызмет көрсету бизнесіне (қаржы қызметі, консалтинг, жарнама және почталық және типографиялық қызмет және т.б.).

Мұнымен (объективтік мақсатта) франчайзинг мәнін экономиканың барлық салаларының қарым-қатынастарында ерекше бағаламаған дұрыс болар. АҚШ-тың 8 кәсіпкерлігінде франшиз жүйесінің дамуы туралы АҚШ Сауда Министрлігінің хабарламасы бойынша франшиз тәжірибесінің елдің барлық экономикалық саласына барынша бойлай енуіне баспасөздің «идеалистік» ұстанымымен теріске шығарылды. Жеке алғанда «Тәжірибе франшиз принципін қолдану» болып бекітілген. Көпшілігінде шағын және орта фирмаларға қатысты (жеке сауда саласында), франчайзинг көп дәрежеде – шағын және кіші дәрежеде – орта бизнесте қолданысты тапты. Wall Street Journal мәліметі бойынша франчайзингтің іскерлік нысаны болып кең танымал нарықтық жүйе табылады, тек АҚШ-та бұл нысанды 3000-ға жуық франчайзинг фирмалары әртүрлі нарық өткізілімінде қолдануда [2, 72-73 бб.].

Сол уақытта, халықаралық франчайзингтер қауымдастығының мәліметі бойынша, АҚШ-та 1996-2008 жылдар аралығында франчайзи кәсіпорнының жалпы саны (дилерлік фирма мен жанармай бекетін қоспағанда) 300-ден 450 мың, сатылымның жалпы көлемі сол уақыт аралығында 150-ден 300 млрд. долларға өсті, мұнымен американдық компаниялардың шетелмен 2000 жылы жасаған франчайзинг шартының саны 32 мыңды құрайды [3, 5 б.]. Шетелдік мамандардың болжауынша 21 жүзжылдықта франшиза шағын бизнес кәсіпорынында 50%-н жоғары көрсеткішке ие болады [4, 122 б.].

Батыс Еуропа мен Жапонияда франчайзинг кешігірек пайда болды, соңғы 15 жылда франчайзингтік кәсіпорындардың үлесі 1%-дан 7%-ға дейін өсті, мұнымен парасатты болжау бойынша, бұл көрсеткіш 10 жылдан кейін 20%-ға жетеді. Австралияда жылдам тамақтану қызметінің жалпы көлемінде франчайзинг 90% – н алып отыр.

Әсер ететін табыс жетіледі және британ франчайзингтің бөлімі: сауда жүйелері және франчайзингтік магазиндер (мысалға, «Tesco and Sainsbury») нарықта басым болатындығы және тәуелсіз саудагерлерді ығыстырып шығаратындығы күтілуде. 2002-2008 жылдар аралығы франчайзингтік кәсіпорындардың саны сыртқы нарықта 69-дан 165-ке өсті. «Key Note Ltd» нарығын зерттеудегі компанияның пікірінше франчайзингтік сектордың өсім динамикасы бойынша соңғы жылдарда да сақталады, ал бұл сектордағы айналымның жалпы көлемі 12 млрд. фунтты құрайды. Бизнес саласы маңында сервистің қарқынды өсуі байқалады, әрі бірінші жоспарға электронды мәліметтерді өңдеу және телекоммуникация саласындағы қызметтер, сонымен бірге Интернет және электронды сауда қойылады [5, 17 б.]. Онан басқа, барлық банктерде франчайзингтің бастапқы сатысын қаржыландыру бөлімдері бар.

Мұнымен, франчайзинг тек бизнес болып қана қоймайды, бизнесте франчайзер мен франчайзи арасындағы әріптестік қарым-қатынас нысанын ұсынады. Франчайзингтің пайда болуы әріптестік нысан ретінде өнімнің өтімі бойынша екі себеппен ескертіледі: біріншіден, франшизді алған және онымен өнімді айналымға енгізу бойынша жеңілдік құқығымен байланысқан кәсіпорын, ереже бойынша өзінің жеке қосымша ақшақаражатын жұмсайды; мұның нәтижесінде өтілімде франчайзердің шығыны кемиді, франшиздің сатып алынған өнімге төлемі керекті капиталды қамтамасыз етеді және сыртқы қарызсыз, қаржыландырудың ары-қарайғы көлемі кіші тәуекелмен тәжірибеде қандай да бір істі бастауға мүмкіншілік береді; екіншіден, бұл кәсіпорындарда тікелей басқару бар және өтімге бақылау қойылған, оларды жеке сауда объектілерінің жүйесімен іске асырады.

Бүгінде франчайзинг – өзін бизнесте сынап көргісі келген адамдар арасында кең танымалдыққа ие бола бастады. Бүгінгі күнде ол әртүрлі кәсіпкерлік қызмет саласында, әсіресе бөлшекті сауда жүйесін ығыстыра, кең қолданысқа ие болуда. Франшиз түсінігі қарым-қатынастың әртүрлі түрлерінің сипаттамасында қолданылады: «спорттық франшиз» (одақтың

қолдауымен рұқсат берілген нақты аумақта спорттық топ құру), «таңдаулы франшиз» (дауыс беруге құқық, АҚШ Конституциясына кепілді дұрыстау), «арнайы франшиза» (қоғаммен ұсынылған, мүлікті қоғамдық пайдалы мақсаттарға және жеке пайданы алу мақсаттарына пайдалану құқығы) және т.б.

Бұл шарт ең алдымен қатысушылардың өзара қарым-қатынасының шартты негізін қалап, бақылаудың қатал иерархиялық және сатылы жүйесін құрады. Бұл жүйедегі барлық звенолардың іс-әрекеттегі майталмандық және нығайтылуы франчайзердің имиджі мен тауарлық марканың абыройын төмендетпеуге және оны үйлесімді деңгейде қолдауға рұқсат береді.

Бұл бизнесте мүдделер қақтығысы – ұзақ уақыт бойғы франчайзер мен франчайзи арасындағы қызметтестіктен кейін болуы мүмкін, және ол сонымен бірге өзінің «ата-анасының» бизнес лабиринтінен хабардар болуы керек. Франчайзидің жүрісі бұл жағдайда пирамидалық жүйеден шығу және қаржылық, маркетингтік, құқықтық және басқа да бақылауларсыз өз бетімен бизнес жүргізу деген мүддемен еріп жүреді. Этикалық нормалар берілген түрдің әріптестік қарым-қатынасында бірінші негіз болуы керек: өзара қарым-қатынас жақтардың жеке ұштасуынан құралады; инновациялық модельдердің дамуына мүмкіншілік болады; сонымен қатар әрбір бизнеске өсім динамикасы, пайдаланушылық бағыттың өзгеруі тән. Ары-қарай бұл бизнес кооперативті, интеграциялы және лицензиялы болады, сондықтан «отпочкование» біріншіден өзінің артынан саудалық марканы қолдануды, іскерлік беделін және т.б. аналық компанияны жоғалтады. Одан басқа франчайзер халықаралық франчайзингтік келісімшарт жасасқанда мынадай ерекше сұрақтарды ескеру қажет: оның еліне аударымды аударуды шектеу, франчайзер елінің заңнамасымен шетел франчайзиына франшиз сатылымын реттеу [6,44 б.].

Онымен бірге, франчайзинг жүйесі франчайзиге теріс зардаптарымен ықпал ету арқылы, франчайзингтің қаржылық пәрменіне әсер етуімен байланысты. Шағын бизнес туралы АҚШ Конгресінің өкілдер Палаталарының Комитет баяндамасында франчайзердің қаржылық пәрменінің артық жері, оның ақпаратқа қол жеткізуі және заңгерлік көмегі франчайзердің пайдасына жақтардың мүмкіншілікті келісімінде үлкен қопарылысты тудырады, ал соңында біржақты нақты франчайзингтік келісімді жасауға алып келуі мүмкін, онда франчайзер франчайзиге еркін өзінің шартын қоя алады.

Франчайзердің принциптері, қатал стандарттары мен франчайзидің нақты жұмыс шартының спецификасы арасында қарама-қайшылық туындауы мүмкін. Мысалы, «Макдональдс» өзінің француздық әріптесін үйлесімді саудалық марканы қолданудан айырды, оған себеп франчайзидің клиенттеріне аймаққа дәстүрлі тағам ұсынғаны үшін, бірақ ол компанияның соусты технологиясымен көрсетілмеген.

Берілген аспект франчайзингті шарттық-құқықтық реттеудегі мәселелерінің негізгісін көрсетеді. Бұған қоса франчайзер жағынан тіке бұзушылық пен орындар болуы мүмкін, әсіресе ерекше шарт жасасу алдындағы кезеңінде, тәжірибе көрсеткендей, қиянат көрсетсе оларға «арыстан үлесі» істелуі мүмкін: франчайзерлер дұрыс емес, жалған мәліметтерді ұсынса, фирманың салыстырмалы шынайы «құндылықтарын» енгізгенде қателесу, оның бәсекелестік қабілеті немесе франчайзердің ерекше құқық шынайылығы.

Әрі-қарайғы теріс аспект ықтимал бәсекелестікте франшиз сатушысы мен сатып алушысы арасында тұруы мүмкін. Франчайзерлер нәтижелі кәсіпорындарды көбіне өздерінің желісінде сатып алады, бір нарықта франшиздің көп бөлігін сатады, өзінің франчайзилерінің арасында бақталастықта жеңіледі және онымен бірге олардың жанама ойсырауына себеп болады [3, 6 б.]. Бұл мынаумен түсіндіріледі, франчайзердің мүддесі сатылымның көлемін жоғары дәрежеге көтеруге бағытталған, нақты аумақта қолайлы конъюнктура жағдайында франчайзи-кәсіпорынын көбейту жолымен жетеді. Франчайзидің мүддесі – қарама-қарсы, берілген аумақта франчайзингтік бизнесті жүргізуге ерекше құқық алуға бағытталған.

Заңнамада көрсетілген теріс сәттердің қиылысу мақсатында бірнеше елдердің франчайзинг шартының шарт жасасу алдындағы жақтарының қарым-қатынасы реттелген. Мысалға, АҚШ-та норматив түрінде франчайзинг шартында қарым-қатынасты ресімдегенде 1979 жылы АҚШ-тың Федеральды сауда комиссиясының франчайзингін сөйлем құрауда Бірінғай циркуляр қолданылды, ол жасасқан мәміленің заңдылығын және оның бөгетсіз тіркелуін қамтамасыз етеді [4, 264 б.].

Францияда бұл шарт жасасу алдындағы қарым-қатынас аспектісі №2 891008 от 31.12.1989 г. «О предпродажном раскрытии информации» (Ақпараттың ашылуының алдынала сатылымы туралы) заңында реттелген, онда кешенді лицензияр (франчайзер) ерекше құжатта үкіметтік декретпен бекітілген номенклатура бойынша толық мәліметтер мен шарттарды хабардар етуге міндетті [4, 31 б.].

Кешенді лицензият франчайзердің болашақ міндеттемесінің есепшотына ақшалай қаражатын төлегенде, соңғысы бұл міндеттемелерді жазбаша түрде шарт жасасқанға дейін қалыптастыру керек және бұл құжаттарды шарттың жобасымен оған заңдық күшін беру мақсатында тіркеуге ұсыну керек. ГФР-ның заңнамасында бұл аспект *culpa in contrahendo* (шарт бойынша келісімдерді жүргізудегі кінә) институтымен реттелген, немістер сотының тәжірибесінде танылған: құқықтық жауапкершіліктің негізі болып заң бойынша құқықтық қатынас табылады, ол келіссөздердің басталуынан пайда болады және шарт жасасушы жақтарға жүрістің белгілі алдын-ала шарт жасасу міндеттерін қарастырады. Бұл институт бойынша алдын-ала шарт жасасу міндеттерін бұзу келіссөздер жүргізу кезіндегі түсіндіру, ақпаратты ұсыну, кеңес беру және басқа да аспектілердегі міндеттердің бұзылуына алып келеді.

Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінің 898-бабының [7] мәтінінде шартта көзделген мерзімдер мен көлемде лицензиятқа техникалық және коммерциялық құжаттаманы беру туралы айтылған. Сондықтан алдын-ала шарт жасасу Қазақстан Республикасының қазіргі заңнамасында регламенттелмеген өте өлшемді сұрақтардың бірі.

Франчайзердің жағдайы жанды болып қалады және франчайзинг шартын жасасқаннан кейін, франчайзер «ойын ережесін» үйретуші ретінде: қойған техниканың бағасын нарық бағасынан асыруы мүмкін; франчайзиден нарықта тексерілмеген тауарды ықтимал нұқсанның өтем мүмкіншілігінсіз сатылымға қою туралы келісімді талап етуі мүмкін; негізсіз франчайзикасіпорныны «нәтижелі емес» деп жариялауы, франчайзингтік шарттың тоқтатылуы туралы

сұрақтарды озбырлықпен шешуі де мүмкін және т.б. Мұнымен франчайзидің қандай да бір талаптан бас тартуы заңдық негізде франчайзерге контрагентпен шарттық қарым-қатынасты тоқтатуға әкеліп соғады.

Көрсетілген әрекеттердің қиысу мақсатында және сондай-ақ франчайзиді қорғау мақсатында АҚШ штатында «Әділетті франчайзинг туралы» заң енгізілген. Франчайзердің бөлінетін «адал» талаптары және «адал емес» – бірінші шарттың тізімі минимумға дейін қысқартылған. Басқа заңдар франчайзерге шартты біржақты бұзу құқығы берілген, тек мынадай жағдайда франчайзиге алдын-ала хабарлама беруге міндетті. Франчайзерге франшиз құқығын өзіне қайтару мақсатында мерзімінен бұрын шартты тоқтатуға болмайды. Басқа елдерде франчайзерді қорғау құралдары ретінде әділетті және ерікті дәстүрлі принциптер қолданылады (*goodwill*), азаматтық құқықтың жалпы бөлімінде көрсетілген. ГФР-да франчайзи мүддесін қорғау кең көлемде & 242 (*Leistung Treu and Glauben*) неміс сотының тәжірибесінде талқылауда жүзеге асады. Тәжірибешілерге франчайзинг франчайзингтік шартта толық тіркелген құқықтық мәртебе ретінде көрсетілмейді, ол толығымен шарт бойынша реттеле алмайтын динамикалық коммерциялық жүйе, нақты айтқанда, «формальды шартты құқықтың франчайзинг шартының қатысушыларының реалды әрекет қатынасының маргиналдылығы» туралы айтылады [5, 76-77 бб.].

Сонымен қорыта келгенде, технологиялық прогресс франшиздің жаңа нысандарын табады, сондықтан, бұл жаңа құрылымның түсінігі мақсатында, қазіргі франчайзинг нысанының құқықтық табиғатын зерделеу жете және кідіріссіз көңіл бөлуді қажет етеді.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1 Багиев Г.Л., Моисеева Н.К., Никифорова С.В. *Международный маркетинг*. – Санкт-Петербург, 2001. – 460 с.

2 Шаикова С.С. *История развития франчайзинга в праве. //Актуальные проблемы современного гражданского права. Том 2. Материалы Международной научно-практической конференции аспирантов и соискателей, посвященной 10-летию Независимости Республики Казахстан. Алматы, 20-21 февраля 2000 г. / Отв. ред., М.К.Сулейменов. – Алматы: КазГЮА, 2001. – 480 с.*

3 Петраш В., Рудашевский В. *Франчайзинг: корпоративная стратегия расширения рынка // БОСС. 2008. №1. – 5 с.*

4 Масленников В.В. *Предпринимательские сети в бизнесе. М.: Центр экономики и маркетинга, 2008. – 220 с.*

5 *Британский сектор франчайза переживает бум // Коринф. 2008. №27.-17 с.*

6 Вацковский Ю.Ф. *Международный франчайзинг оформление договорных отношений // Право и экономика, 2006. №2/96. – 44 с.*

7 *Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (ерекше бөлім). – Алматы: Юрист, 2017 ж.*

УДК: 346.5

МРНТИ: 10.23.35

*Д.Ж. Белхожаева<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Абай атындағы ҚазҰПУ, Тарих және құқық институты, мемлекеттік және азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, құқық магистрі, Алматы қ., Қазақстан  
e-mail: dinara\_1576@mail.ru*

*Д.С. Байсымакова<sup>2</sup>*

*<sup>2</sup>Абай атындағы ҚазҰПУ, Тарих және құқық институты, мемлекеттік және азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, құқық магистрі, Алматы қ., Қазақстан  
e-mail: dana\_2274@mail.ru*

*Ж.Е. Молдахметова<sup>3</sup>*

*<sup>3</sup>Абай атындағы ҚазҰПУ, Тарих және құқық институты, мемлекеттік және азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, Алматы қ., Қазақстан  
e-mail: moldaxmetova\_Zh@mail.ru*

## **КЕШЕНДІ КӘСІПКЕРЛІК ЛИЦЕНЗИЯ ҚАТЫНАСТАРЫН РЕТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

*Аңдатпа*

Осы зерттеудің мақсаты франчайзинг шартын құқықтық реттеудің мәселелеріне қатысты теориялық ережелерді талдау болып табылады, сонымен қатар Қазақстан Республикасының әрекеттегі азаматтық заңнамалары, франчайзингтік қатынастарды коллизиялық реттеу және кешенді кәсіпкерлік лицензияны материалдық-құқықтық реттеу мәселелері қарастырылған.

**Түйін сөздер:** Шарт, франчайзинг, лицензия, кәсіпкер, франчайзер, франчайзи, кәсіпкерлік құқық.

*Д.Ж. Белхожаева<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup> магистр права, ст. преподаватель  
кафедры государственных и гражданско-правовых дисциплин  
Института истории и права КазНПУ им. Абая, г. Алматы, Казахстан  
e-mail: dinara\_1576@mail.ru*

*Д.С. Байсымакова<sup>2</sup>*

*<sup>2</sup> магистр права, ст. преподаватель  
кафедры государственных и гражданско-правовых дисциплин  
Института истории и права КазНПУ им. Абая, г. Алматы, Казахстан  
e-mail: dana\_2274@mail.ru*

*Ж.Е. Молдахметова<sup>3</sup>*

*<sup>3</sup>ст. преподаватель кафедры государственных и гражданских правовых дисциплин  
Института истории и права КазНПУ им. Абая, г. Алматы, Казахстан  
e-mail: moldaxmetova\_Zh@mail.ru*

## **ПРОБЛЕМЫ РЕГУЛИРОВАНИЯ ДОГОВОРА ФРАНЧАЙЗИНГА**

*Аннотация*

**Целью** настоящего исследования является анализ теоретических положений, касающихся проблем правового регулирования договора франчайзинга, а также действующего гражданского законодательства Республики Казахстан в части коллизионного регулирования франчайзинговых отношений и материально-правового регулирования коммерческой концессии.

**Ключевые слова:** Договор, франчайзинг, лицензия, предприниматель, франчайзер, франчайзи, предпринимательское право.

*D.Zh. Belkhozhayeva<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>the master is right, the senior lecturer departments of the state and civil disciplines  
Institute of history and right of KAZNPU of Abay, Almaty, Kazakhstan  
e-mail: dinara\_1576@mail.ru*

*D.S. Baysymakova<sup>2</sup>*

*<sup>2</sup>the master is right, the senior lecturer departments of the state and civil disciplines  
Institute of history and right of KAZNPU of Abay, Almaty, Kazakhstan  
e-mail: [dana\\_2274@mail.ru](mailto:dana_2274@mail.ru)*

*Zh. Moldahmetova<sup>3</sup>*

*<sup>3</sup>the senior teacher, departments of the state and civil disciplines,  
KazNPU of Abay, Institute of history and law, Almaty c., Kazakhstan,  
e-mail: [moldahmetova\\_Zh@mail.ru](mailto:moldahmetova_Zh@mail.ru)*

## PROBLEMS OF REGULATION OF THE CONTRACT OF FRANCHISING

### *Abstract*

**The purpose** of the real research is the analysis of the theoretical provisions concerning problems of legal regulation of the contract of franchizing, and also the existing civil legislation of the Republic of Kazakhstan regarding conflict regulation of the franchising relations and material and legal regulation of commercial concession.

**Keywords:** Contract, franchizing, license, businessman, franchiser, franchisee, enterprise right.

Жұмыстың өзектілігі кешенді кәсіпкерлік лицензия қатынастарының маңыздылығы еліміз үшін де арта түсуде. Қазақстан Республикасында франчайзинг шарты қолданысқа енгелі осы институттың құқықтық – теориялық аспектілерін зерттеуге деген қызулығының өрісі кеңейді. Осы мақсатта түрлі ғылыми ізденістер жасалып қолданыстағы заңнаманы жаңа сапалық деңгейге көтеруге бағытталған біршама қосымша ұсыныстар мен өзгертулер жасалды.

Жұмыстың мақсаты франчайзинг институтының құқықтық мәнін, мазмұнын және де маңызын құқықтық-теориялық тұрғыдан кең әрі кешенді түрде ашып көрсету болып табылады.

Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін төмендегідей біздер төмендегідей міндеті кешенді кәсіпкерлік лицензия қатынастарын реттеу мәселелері қарастыру болды.

Жұмыстың әдістемелік негізін жалпы ғылыми диалектикалық танымдық әдістерімен қатар, салыстырмалы-құқықтық талдау әдістерді құрайды.

Кешенді кәсіпкерлік лицензия (франчайзинг) шарты азаматтық құқықтың жаңа институттарының бірі болып табылады. Мәселен, мүлікті сенімгерлікпен басқару шартына қарағанда, бұл шарт ТМД елдері ғалымдары мен басқа да мамандар ойлап тапқан құрылым емес, ол англосаксондық және континентальдық жүйелерінде тұрақты түрде қалыптасқан және де азаматтық айналымда тәжірибеден өткен міндеттеменің ерекше бір түрі болып табылады. Сонымен бірге кешенді кәсіпкерлік лицензия (франчайзинг) шартының үш ғасырлық тарихы бар және ол өзінің өміршендігін толық дәлелдеді [1, 131 б.].

Франчайзинг шарты нарықтық қатынастардың белгілі бір даму кезеңінде пайда болған

шарт деп айтуға болады. Мәселен, АҚШ-та франчайзинг шарты екінші дүниежүзілік соғыстан кейін қарқынды дами бастады. Себебі, соғыс аяқталғаннан кейін бейбіт еңбекке оралған осы елдің көп деген азаматтары кәсіпкерлік пен айналысып өзінің жеке істерін жаңадан жандандыруға мүдделі болды.

Франчайзинг шартының дамуының келесі кезеңі 1957-1958 жылдар аралығында орын алған экономикалық құлдырауы мен тұспа-тұс келді. Себебі, осы бір экономикалық құлдырау барысында көп деген кәсіпкерлер өз істерін тоқтатуға мәжбүр болып, жұмыс орындары көптеп деп жабыла бастады. Міне осындай экономикалық құлдырау кезде белсенділік байқатқан кейбір кәсіпкерлер өз кәсіпкерлігін басқаша ұйымдастырудың жолын ойластыра бастады. Соның нәтижесінде франчайзинг шарты пайда болды деуге негіз бар [2, 36 б.].

Франчайзинг шартының негізінде кәсіпкерлікті жүзеге асыру кәсіпкерлер үшін өте ұтымды болды. Себебі, нарықтық экономика жағдайында орын алатын құлдырау кезінде жаңа тауар белгілері мен қызмет белгілері арқылы нарықта кәсіпкерлікті жүзеге асыру экономикалық тұрғыдан тиімсіз болды. Өйткені, мұндай тауарлар мен қызметтерге сұраныс тым төмен болмады. Осы кездері дайын және бұрыннан белгілі танымал тауар белгілері мен қызмет белгілерін пайдалану тауар өндірушілер мен қызмет көрсетушілерге өте ұтымды болды. Бұл заңды құбылыс болатынды, оның басты себебі, мұндай нарықтық сұранысы жоғары брендтерге барлық кезде кепілді экономикалық сұраныс тудырып отырады. Осы тұрғыдан алғанда франчайзинг шарты нарықтық экономикада өзінің айқын басымдылықтары мен ерекшелене түсті деп айтуға негіз бар.

Міне осындай экономикалық дағдарыстар орын алған кезеңдерден бастап франчайзинг институты тұрақты даму бағытына бет алды деп айтуға болады. Дегенмен, франчайзинг институтының құқықтық реттелуі деңгейі бұл кезеңдер аралығында әрине айтарлықтай төмен болды. Ол франчайзинг шартында кейбір құқықтық тетіктердің жеткілікті дәрежеде жетіспей жатуымен тікелей байланысты. Бүгінде уақыт өте келе франчайзинг институты әлемдік деңгейдегі алып компаниялардың қарқынды дамуына байланысты жаңа, әрі жоғары сапалық құқықтық реттелу деңгейде көше бастады. Ірі компаниялар үшін франчайзинг механизмі тауар өндірудің, қызмет көрсетудің өрісін кеңейтуге және де өз ықпалын әлемдік деңгейде артыруға мүмкіндік алды. Себебі, біріншіден, франчайзинг сапалы тауар өндірушілерге, қызмет көрсетушілерге қосымша табыс көзін көбейтуге мүмкіндік беріп, жаңа экономикалық нарық кеңістіктеріне жол ашуға мүмкіндік берді. Сонымен бірге, франчайзинг тетіктері орта және кіші кәсіпкерліктің өкілдері үшін де өте қолайлы болды. Олай дейтініміз, біріншіден, олар өздерінің экономикалық дербестіктерін сақтап қалуға мүмкіндік алды, ал екіншіден, тауар өндірумен қызмет көрсетуге байланысты, өздерінің кәсіпкерлік тәуекелдерін төмендетуге мүмкіндік алды. Үшіншіден, кепілді түрде тұрақты табысқа ие болуға мүмкіндік бере бастады. Осылайша белгілі бір нарықтық кеңістіктегі өздерінің ықпалын, тұрақтылығын арттырды.

Қазақстан Республикасындағы қазіргі қолданыстағы азаматтық заңнамада қарастырылған кешенді кәсіпкерлік лицензия (франчайзинг) шарты азаматтық құқық саласының жаңа институттардың бірі болып табылғанымен, алайда бүкіл әлемдік деңгейде франчайзинг шартының айтарлықтай ұзақ өзіндік пайда болуы, даму тарихы бар ежелгі институттардың бірі деп қарастыруға болады. Оның үстіне франчайзинг шарты талай уақыт сындарынан сүрінбей өтіп, өзінің өміршендігімен дәл бүгінгі күнге дейін азаматтық айналымда кең қолданыс тауып отыр [3, 133 б.].

1999 жылға дейін франчайзинг шарты елімізде кең қолданыс тапқан жоқ. Франчайзинг шартының даму кезеңі Қазақстанда 1999 жылдан, яғни Азаматтық кодекстің ерекше бөлімінің қабылданып, күшіне енген кезінен бастау алды деп айтуға болады [4]. Алайда, оған дейінгі кезеңдерде әрине, кешенді кәсіпкерлік лицензия (франчайзинг) шарты туралы келісім арнайы қарастырылмағанына қарамастан мұндай мүмкіндіктерді пайдалануға тікелей тыйым салынған

жоқ. Елімізде франчайзингтің азаматтық заңнамада арнайы қарастырып кетуі заңдылық еді. Себебі, франчайзинг нарықтық экономика жағдайында әлемдік деңгейде сыннан өткен сенімді кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың бір ұтымды құқықтық амалы болып саналатын.

Қазіргі заманғы Қазақстан жағдайында франчайзингтік қатынастардың шынайы жай-күйі туралы қандайда болмасын түпкілікті қорытынды айту оңай емес. Оның себептері алуан түрлі. Айталық, Қазақстанда өндірістік сектор аса әлі де болса аса қиындықпен даму үстінде. Соның салдарынан болар, франчайзинг шарты әсіресе, ең алдымен, қызмет көрсету аясында белсенді қолданысқа ие бола бастады. Дегенмен, өндірістің болашақта ұлғаю бағыты жалпы франчайзингтік қатынастардың потенциалдарын осы сала бойынша жоққа шығарылмайды. Әсіресе, осы саладағы басымды бағыттардың бірі ретінде ауыл-шаруашылығындағы өндірісі бола алады және де лицензиялық келісімдерді басқа да салалар бойынша кең қолдануды жоққа шығармайды.

Соңғы жылдары экономиканың әрбір секторында әртүрлі технологиялар мен бизнес жүргізу әдістерінің қарқынды дамуы жалпы бұл салада бәсекелестікті дамытуға негіз қалауда. Экономиканың белгілі бір стратегиялық салаларын қоспағанда, лицензиялық қатынастарға тікелей мемлекеттік араласуға жол берілмейтіндігін ескеру қажет. Сондай-ақ болашақта франчайзинг Қазақстан Республикасы кәсіпкерлері тарапынан кеңінен қолданылатын болады деген ойдамыз. Оған әрине, заңнамалық негіздер толық мүмкіндік береді деп санаймыз. Қазақстан Республикасының 24 маусым 2002 жылғы «Кешенді кәсіпкерлік лицензия (франчайзинг) туралы» Заңында франчайзингтік қатынастарды мемлекеттік қолдауға қатысты жеке 2-тарау бар [5]. Онда франчайзингтік қатынастарды мемлекеттік қолдаудың қағидалары мен шаралары анықталған.

Франчайзингтің лицензиялық келісімдердің басқа түрлерінен ерекшелігі кешенді кәсіпкерлік лицензия арқылы айрықша құқықтырды пайдалануға лицензия беруді қамтамасыз етілетіндігінде. Оның тағы бір ерекшелігі – ол интеллектуалдық меншіктің жекелеген объектісіне деген құқықтарды беру жөнінде бекітілмейді, ол жалпы алғанда лицензиялық кешенге деген құқықтарды беруді білдіреді.

Осы тұрғыдан алып қарағанда, яғни, франчайзинг институтының маңызы біздің еліміз үшін де арта түсуде.

Қазіргі кезде Қазақстанда қолданыста Қазақстан Республикасының 24 маусым 2002 жылғы



«Кешенді кәсіпкерлік лицензия (франчайзинг) туралы» арнайы заң қабылданып, ол Азаматтық кодекстің Ерекше бөліміне сәйкес, қолданысқа енді. Міне сондықтан да Қазақстан Республикасында франчайзинг шарты қолданысқа енгелі осы институттың құқықтық – теориялық аспектілерін зерттеуге деген қызуғышылықтың өрісі кеңейді. Осы мақсатта түрлі ғылыми ізденістер жасалып қолданыстағы заңнаманы жаңа сапалық деңгейге көтеруге бағытталған біршама қосымша ұсыныстар мен өзгертулер жасалды.

Бүгінгі таңда кешенді кәсіпкерлік лицензия (франчайзинг) шарты Қазақстанда нарықтық экономиканың, яғни азаматтық айналымда өте кең қолданыс табууда. Мәселен, тек ғана еліміздің аумағында жалпы саны отыздан астам әлемдік брендтер франчайзинг шартының негізінде азаматтық айналымда кең қолданылып жатыр. Бұл біздің экономикамыздың дамуына айтарлықтай өзінің зор үлесін қосып жатқандығы даусыз. Сол себептен де бұл сала әлі де болса жан-жақты терең құқықтық-теориялық зерттеулерді қажет етеді деп білеміз. Сондықтан да бұл тақырып біздің еліміздің аумағында қазіргі кезде айтарлықтай өзекті сипатқа ие деп айтуға толық негіз береді.

Тәуелсіз Қазақстанның дамуының жекелеген кезеңдерінде осы біздер қарастырып отырған тақырып, яғни кешенді кәсіпкерлік лицензия (франчайзинг) институты әр түрлі деңгейде және әр жылдары қазақстандық цивилист-ғалымдардың назарынан тыс қалмай ара-тұра болса да қарастырылып, ғылыми-теориялық талқылаулардың дискуссиялардың, пікір таластың пәні болып келеді. Бірақ бұл сала бойынша кешенді ғылыми зерттеулер жүргізілген емес. Бұл жағдай өз кезегінде кешенді кәсіпкерлік лицензия институтының өзектілігін айқындайтын басты мән жайлардың бірі болып табылады.

Дүниежүзілік тәжірибе келісімі бойынша шағын және орташа кәсіпкерлер мемлекеттің қолдауымен экономиканың тұрақтылығына байланысты қарқынды түрде дамуда. Шағын кәсіпорындардың ең басты ерекшелігі – нарықтағы ұдайы сұраныстарын орындау. Жекешелендірілген кәсіпорындардың іс әрекеттері патент негізінде ғана Қазақстан Республикасының аумағында іске асырылады, франчайзингте барынша қолданылатын 120 іс әрекеттердің түрлері анықталған, олардың ішінде ойыншықтар, сувенирлер, картиналар жасау және күнделікті өмірге қажетті заттар, т.б.

Қазіргі кезде еліміздегі нарықтық жағдайда өздерін жақсы жағынан көрсеткен компаниялар маркаларына франчайзинг жасауға көптеген

мүмкіндіктер беріледі. Көбінесе жүргізуші франчайзерлер 30 астам елдерге өздерінің бөліктерін ұсынады, және СНГ нарықтарының көңілін аулауға тырысады.

Дүниежүзілік тенденциялардың қалыптасып қалған көз-қарасына қарамастан, Қазақстандағы қазіргі ішкі жағдайы ол көз-қарасқа сәйкес келмейді. Дегенмен жалпы франчайзинг, барлық кәсіпорындарға позитивті және мерзімі жағынанда. Айта кетер болсақ, қазіргі уақытқа дейін франчайзингтерді отандық кеңісте объекті жағдайлармен шектеулер қойылып келген: франчайзинг бойынша мамандандырылған заңнаманың жоқтығы, франчайзингпен айналысатын мамандардың жеткіліксіздігі, оқыту жүйесінің жоқтығы, түсіндіру бағдарламасына сенімсіздік, ішкі шаруашылықтағы тәжірибеде және ортамыздың менталитентінде қалыптасып қалған. Көптеген кәсіпкерлерге «франчайзинг» түсінігі аз таныс, бүгін біз бұл элементін тәжірибелік жағдайда әр түрлі саладағы қолдану әрекетін бақылаймыз.

Экономикалық мәселелердегі франчайзингтің отандық нарыққа енгізілген және бір жағынан экономиканың тұрақсыздығы қалғаны, үлкен пайыздық ықтималдың жоқтығы франчайзингтің капиталдық барысында, франчайзингтің дамуында экономикалық мамандандырылған ықтималды жүйенің жоқтығы.

Франчайзингтің тез таралуы республика масштабында мынандай әрекетте болуы мүмкін:

1) Елдердегі политикалық поштаптық және көп салалы франчайзингтік жоба елдегі аудандарға енгізу.

2) Франчайзингтердің қатынастарың реттейтін тереңдетілген заңнаманың базасы.

3) Өнімдердің және қызмет көрсетудегі халықаралық норманың стандартты мен сертификациясын сақтау.

4) Франчайзингтің концепциясының өзінің беделінің жақсы қалыптасуы.

5) Франчайзингтің жүргізілген бағдарламасы бойынша шағын және орта кәсіпкерлігін дамыту; мемлекеттік дәрежеде франчайзингтік кенестік орталар құру, халықты заңды түрде оқыту.

6) Франчайзингтік жобада несие және қаржыландыру жүйесін құру.

7) Франчайзингтік бизнесті ортаның әлеуметтік мәселесін шешуге пайдалануға болады, инженерлік – техникалық ортада, әйелдер арасындағы жұмыссыздыққа, мүгедектерге және т.б. қолдану.

Тәжірибеде франчайзинг шартын жасағанда шаруашылық іс әрекеттерде отандық субъектілерге мыналар жетіспейді: мемлекеттік тіркеу

механизімі, қорғау туралы құжат, ерекше осы шартқа байланысты құқықтың болмауы және франчайзинг шартының моделді формаларының жоқтығы. ҚР-ның Әділет Министрлігі жекешелендірілген кәсіпорындардың объектілерін интеллектуалдық жекеленген құқық туралы Комитеттің ережелеріне сай қорғай алады.

Қазақстанда франчайзингті қолдану масштабында қазіргі кезге дейін негативті факторлар кездеседі:

1) көбінесе кәсіпкерлер бизнесті жүргізуде франчайзингті қолданбайды

2) франчайзинг туралы құқықтық вакуумнің білімін білуге.

3) берекесіз нормативті-құқықтық база.

4) франчайзингтік бақылау мен кенестік сұрақтармен айналысатын, сәйкес мемлекеттік органдардың болмауы.

5) Қазақстан нарығында азғантай мөлшерде франчайзингтік компаниялар бар, жаңадан шыққан өнімдермен өзара іскерлік аясын кеңейтуде. Қазіргі кезде республикалық нарық аясында 20 астам алпауытты франчайзингтер бар, олар «Кока-кола батлерс», «Фудмастер», «Кодак» және т.б. Келешекте солар сияқты одандық өнімдерде франчайзингтің бизнесінің негізінде жасалады деп үміттенеміз.

Тәжірибелік мәнісі және франчайзингті қолдану адаптациясы Қазақстанда құқықтық жүйе негізінде болу керек.

Айта кету керек, франчайзингтің дамуы елімізге позитивті бағдар әкелуі мүмкін: шет елдік, отандық технологиясының, әр түрлі кәсіпорындардың назарын аударып, мемлекеттік бюджетті толтыру, іштегі іскерлік ортаны дамыуы, тұтынушылардың сұрауын көбейту, тауардың қызметі мен сапасын жақсартуға, бәсекелестік дәрежесін арттыруға болады. Сонымен қатар франчайзинг жұмыс ресурстарын көтереді, отандық және шет елдік инвесторларды ынталандырып, инновациондық өнімді өсіру, ішкі нарықтың инфраструктурасын кеңейту қажет.

Әлемдік шаруашылық иесі франчайзинг жағдайы секілді конверсиясы болады, ел азаматарының интеллектуалдық потенциал кеңінен қолданылады, тұтынушының тауар сұрауынан және қызметін жедел түрде кеңейту керек.

Жалпы табысты көбейту қажет елдің экономикасына қосымша салық аудару керек. Франчайзингті дамыту үшін мыналарды жасау керек. Франчайзингтің ұлттық экономикаға және құқықтың жүйеге енгізу қажет. Франчайзингтің қарым-қатынасының дамытуда жағымды орта тудыра отырып, франчайзингтік азаматтық-құқықтық салықпен және Кедең заңнамасымен сәйкестік қатынасын тудырады. Франчайзингтің қатысушыларын ынталандыру үшін, шағын кәсіпорындарға өздерінің іскерлік қызметін франчайзингтің шартының аясында жүргізу үшін субсидия және несие жағдайын орнату орынды болар еді. «Екі аспаптың бірі, лизинг қатары, отандық өндіруші ынталандыруға қабілетті және бастапқы капиталдың жетінкіремеуі, франчайзингтің көрінісі...» [6, 3 б.].

Қорыта келгенде, осыған байланысты шағын кәсіпорындарға жәрдем беру бағдарламасы мемлекеттік аясында, бұл бизнестің түрлеріне жәрдем беру және ерекше көңіл бөлу қажет. Франчайзингтің дамуына онда «үлкен бизнес және шағын-орта бизнес» аясында қолдану керек. Мысалы, шағын бизнесте материалдың консолидарлық ресурстар анықталған іскерлік түрде дамытуда, инвестициялық горизонталды кеңейте отырып Қазақстанның экономикасын қатайту. Франчайзингті әріптес қатарының әдісі ретінде тарту бизнесті жүргізудегі, оқ қайта жандандыруды этика, мораль және іскерлік айналым ғұрыптарының бұзылуының негізі болды. Дәл осындай мәдени тұтынушылардың қатынастары өседі, мысалы, тұтынушыларға қызмет көрсету дәрежесі және Қазақстандық іскерлік тұтынушылардың құқығын қорғайтын ассоциацияларды Қазақстандық франчайзингке енгізу қажет.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Сихимбаева Е.Д. Франчайзинг в инвестиционной сфере. – Алматы, 2000. – 250 с.
- 2 Сулейменов М.К., Покровский Б.В., Худяков А.И., Жакенов В.А. Право и предпринимательство в Республике Казахстан. Алматы, Жеті жарғы, 1994.-360 б.
- 3 Сихимбаева Е.Д. Договор франчайзинг в инвестиционной сфере. // Договор в гражданском праве: проблемы теории и практики. Том 2. Материалы Международной научно-практической конференции, посвященной 5-летию образования Научно-исследовательского института частного права КазГЮА (в рамках ежегодных цивилистических чтений), Алматы, 6-7 апреля 2000 г. / Отв.ред. М.К. Сулейменов. – Алматы: КазГЮА, 2000. – 450 с.
- 4 Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (ерекше бөлімі). – Алматы: Юрист, 2016.
- 5 Қазақстан Республикасының 24 маусым 2002 жылғы «Кешенді кәсіпкерлік лицензия (франчайзинг) туралы» Заңы. – Алматы: Юрист, 2016.
- 6 Жалыбин С. Факторинг, лизинг, франчайзинг и др. Комментарии к закону // Казахстанская правда, 1999. – 30 июля.

**МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УПРАВЛЕНИЕ  
ADMINISTRATION OF GOVERNMENT**

УДК: 342.9:35.07  
МРНТИ: 342.9:35.07

*С.Б. Чокатова<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Абай атындағы ҚазҰПУ Тарих және құқық Институтының магистранты,  
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.  
e-mail: Sani\_\_94@mail.ru*

*Ғылыми жетекшісі: Е.А.Бурибаев<sup>2</sup>*

*<sup>2</sup>д.ю.н., профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ, Тарих және құқық институты, мемлекеттік және  
азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының профессоры, з.ғ.д., Алматы қ., Қазақстан  
e-mail: yermek-a@mail.ru*

**ЖЕРГІЛІКТІ АТҚАРУШЫ ОРГАННЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК БИЛІК ЖҮЙЕСІНДЕГІ  
АЛАТЫН ОРНЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

*Аңдатпа*

Мақалада Қазақстан Республикасындағы жергілікті атқарушы органның мемлекеттік билік жүйесіндегі алатын орны және оның маңыздылығы қарастырылған.

**Түйін сөздер:** билік, басқару, мемлекеттік басқару, жергілікті мемлекеттік басқар.

*С.Б. Чокатова<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>магистрант Института истории и права КазНПУ имени Абая,  
Республика Казакстан, г.Алматы  
e-mail: Sani\_\_94@mail.ru*

*Научный руководитель: Е.А.Бурибаев<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>д.ю.н., профессор, кафедры государственных и гражданско-правовых дисциплин  
Института истории и права КазНПУ им. Абая, г. Алматы, Казахстан  
e-mail: yermek-a@mail.ru*

**РОЛЬ И ЗНАЧЕНИЕ МЕСТНЫХ ИСПОЛНИТЕЛЬНЫХ ОРГАНОВ В СИСТЕМЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЙ ВЛАСТИ**

*Аннотация*

В статье рассмотрены роль и значение местных исполнительных органов в системе государственной власти. Рассмотрены основные направления деятельности местных органов государственного управления в свете современного конституционного законодательства.

**Ключевые слова:** власть, управление, государственное управление, местное государственное управление.

*С.В. Schokatova<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Institute of history and right of KazNPU named after Abai. Master Degree's undergraduate.  
Republic Kazakhstan. Almaty.  
e-mail: Sani\_\_94@mail.ru*

*Research supervisor: E.A.Buribayev<sup>2</sup>*

*<sup>2</sup>doctor of jurisprudence, professor of department of the state and civil legal disciplines  
of KazNPU of a name of Abay, Almaty, Kazakhstan  
e-mail: yermek-a@mail.ru*

**ROLE AND IMPORTANCE OF LOCAL EXECUTIVE BODIES IN THE  
GOVERNMENT SYSTEM**

*Abstract*

The article examines the role and importance of local executive bodies in the system of state power. The main directions of activity of local government in the light of modern constitutional legislation are considered.

**Keywords:** power management, public administration, local governance.

Мемлекеттік билік – дегеніміз мәжбүрлеу, тыйым салу, рұқсат ету секілді қағидаларға сүйене отырып, тікелей өзі не болмаса өзінің атынан билік жүргізуге рұқсат беріп, өзінің көмегімен белгілі бір ұйым, мекеме арқылы жүргізетін қоғамдық биліктің бір түрі болып табылады. Ал, қоғамдық билік- дегеніміз адамдардың қандай да болмасын бірігуіне байланысты туындайтын және соған байланысты бір топтың үстемдік құрып, ал екінші топтың бағынушылық сипаттарымен көрініс табатын қатынастарды айтамыз. Мемлекеттік биліктің өзіне тән келесідей өзгешелігі бар:

1. Қоғамдық билік. Бұл дегеніміз барлық азаматтардың атынан қызмет ету.

2. Аппараттық билік. Бұл өзінің аппаратына, мемлекеттік органдар жүйесіне арқа сүйейді және солар арқылы жұмыс атқарады.

3. Заң қадағалайтын билік. Ол аппарат пен заң нормаларының көмегімен халық үшін міндетті сипатты иеленеді.

4. Тәуелсіз билік – ол кез келген биліктен тәуелсіз және дербес билік.

5. Заңдастырылған билік. Яғни ол заңды негізді және қоғамдық тануды иеленген билік.

Мемлекетте айрықша қызметке негізделген дербес билік түрлері орналасқан кезде ғана мемлекеттік билік тиімді бола түседі. Жалпы алғанда мемлекеттік билік үш тармаққа бөлінеді. Ол заң шығарушы, сот және атқарушы билік. Қазіргі замандағы мемлекеттік биліктің бөліну қағидасы көптеген елдердің мемлекет механизмінің дұрыс, қалыпты жағдайда жұмыс істеуінің бірден бір кепілі болып табылады. Қазақстан Республикасында да мемлекеттік органдарды қалыптастыру және олардың қызмет істеуін айқындайтын басты қағидат билікті бөлу теориясы болып табылады, ол билікті мемлекеттік органдар және лауазымды адамдар, әлеуметтік топтар, мекемелер немесе жекелеген адамдар тарапынан қиянат болмауы үшін амалдар жасайды. Бұл орайда олардың барлығы дерлік дербес әрі бірін-бірі тежеуші, әрі тепе-теңдік жүйесі бола отырып, өз қызметтерін органдардың айрықша жүйесі және ерекшелікті нысандар арқылы жүзеге асырады [1, 18 б.].

Тежемелік және тепе-теңдік жүйесі – онда қандайда бір мемлекеттік билікті, басқа бір мемлекеттік органның іс әрекетін белгілі бір дәрежеде шектеуге және оның кейбір әрекеттеріне тыйым салу мүмкіншілігінің берілуі, мемлекеттің қандайда бір органының билікті өз қолына шоғырландырып алуын болдырмауы көзделінген. Мысалы, Парламенттің заң қабылдау қызметі, Президенттің заңдарға вето қою

құқығымен, яғни қайтару құқығымен үйлестірілген. Президентке заңдарға қарама қарсы келмейтін жарлықтар шығару құқығы берілген. Ал, атқарушы орган Үкіметке Конституция, кодекстер, заңдар және Президенттің нормативтік жарлықтары негізінде және соларды жүзеге асыру үшін қаулылар шығару құқығы берілген. Сот билігінің де құқықты шектеуші амалдары бар, ол Конституцияда және тағы да басқа заңдарда жазылған кінәсіздік, қорғану құқығы, азаматтардың заң, сот алдында теңдігі, жариялық, судьядан бас тарту және т. б. қағидаларда көрініс табады. Осындай тепе теңдік жүйесінің негізінде ешқандай орган мемлекеттік билікті тұтастай иемденіп кете алмайды [2].

Жалпы алғанда жергілікті атқарушы органдар атқарушы биліктің бір тармағы болып табылады. Ал сол атқарушы билік-дегеніміз заң аясындағы реттеу, сыртқы және ішкі саяси ахуалды реттеу өкілеттілігін, көптеген қадағалау және тиым салу іс әрекеттерін жүзеге асыру бойынша және құқық қолданушы өкілеттіктерді жүзеге асыратын мемлекеттік биліктің бір түрі болып табылады. Оған заң шығарушы орган яғни парламент шығарған заңдарды атқару міндеті жүктеледі. ҚР-да атқарушы билікті жүзеге асырып, атқарушы органдар жүйесіне және олардың қызметіне басшылық жүргізетін орган – Үкімет болып табылады. Атқарушы биліктің басты мақсаты:

1. Мемлекеттің және оның азаматтарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

2. Мемлекет экономикасының дамуына және оның бірқалыпты алға басуына әрекет жасау;

3. Қоғамның саяси, рухани және әлеуметтік өмірлерінің жақсы болуына жағдай туғызу;

4. Жеке және заңды тұлғалардың құқықтыры мен бостандықтарын қамтамасыз ету және т. б.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 87 бабына сәйкес жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасының атқарушы органдардың бірегейлі жүйесіне кіреді, сәйкес территорияның даму қажеттіліктері мен қызығушылықтарына қатысты атқарушылық биліктің ортақ мемлекеттік саясат жүргізуін қамтамасыз етеді. Жергілікті атқарушы орган (әкімшілік) – алқалық атқарушылық орган, оны облыс (мемлекеттік маңызы бар қалалар мен астаналар), аудан (облыстық маңызы бар қалалар) әкімі басқарады, олар сәйкес территорияда, өз құзырының шегінде жергілікті мемлекеттік басқару және өзіндік басқаруды іске асырады [3, 41 б.].

Атқарушы биліктің белгілеріне – оның жан жақтылығы, мәжбүрлеу аппаратының болуы, құқықтық, техникалық ресурстарының және

ұйымдастырушылық сипатының болуы жатады. Атқарушы билік өз өкілеттіктерін жүзеге асыра отырып, заң шығарушы органның яғни Парламенттің өз қызметін дұрыс, ойдағыдай атқаруына жағдай туғызады. Атқарушы билік өз қызметін органдары арқылы жүзеге асырады. Атқарушы биліктің ең басты және жоғарғы органы Үкімет болып табылады. Үкімет құрамына атқарушы биліктің орталық органдары министрліктер, ведомствалар және агенттіктер кіреді. Ал, атқарушы биліктің жергілікті органдары үкімет құрамына кірмейтін атқарушы органдар болып табылады. Оларға жергілікті атқарушы органдарды, яғни облыстардың, облыстық маңызы бар қалалардың, астананың, өзге де қалалардың, аудандардың және ауылдық жерлердің әкімшілігін жатқызамыз. Атқарушы билік органдары-бұйырушы қызметті жүзеге асырады және оларға қызметтік дербестілік берілген. Олардың ереже бойынша тұрақты түрде жұмыс атқаратын штаттары бар және өздерінен жоғары тұрған органдармен құрылып, соларға есеп береді.

Дәл қазіргі уақытта республикамызда 14 облыс, 160 аудан, облыстық және республикалық маңызы бар 84 қала, 195 кеншарлар мен 2150 ауылдық округтер бар.

Нақты бір аймақта әлеуметтік-экономикалық үрдістерді әсерлі басқару үшін, жалпы осы территорияны, экономикалық-географиялық жағдайын, оның шекараларын, табиғи жағдайлары мен ресурстарын, барлық демографиялық үрдістерін, даму тарихын, шаруашылығының қазіргі заман талаптарына сай орналасуын, специализациясы мен инфрақұрылымын тереңірек зерттеу керек. Осылардың бәрінің сақталуы қазіргі заманғы Қазақстанның территориясында басқарудың оптималды құрылымын құруға мүмкіндік туғызып отыр.

Ал, енді жергілікті атқарушы органдарға келетін болсақ ол, Қазақстан Республикасының атқарушы органдарының біріңғай жүйесіне кіреді. Жалпы алғанда жергілікті атқарушы органдар өздері қызмет атқаратын тиісті аумақта атқарушы биліктің саясатын жүргізе отырып, сол аумақтағы халықтың әл ауқатын жақсартып, жергілікті халықтың мүддесі үшін қызмет атқаратын орган болып табылады. Жергілікті атқарушы орган облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның әкімі басқаратын, өз құзіреті шегінде тиісті аумақта жергілікті мемлекеттік басқаруды және өзін өзі басқаруды жүзеге асыратын, алқалы атқарушы орган болып табылады. Жергілікті атқарушы органдар өз қызметін жүзеге асырғанда

белгілі бір қағидаларға сүйенеді. Ол қағидалар келесідей болып табылады: заңдылық; өздеріне тиісті аумақтағы азаматтардың қауіпсіздігін, құқықтыры мен бостандықтарын қамтамасыз ету; өздерінің атқаратын қызметі мен қабылдайтын шешімдеріне жауапкершілік; Президентке, Үкіметке және өзінен жоғары тұрған әкімшілік басшыларына есеп беру.

Жергілікті атқарушы органдардың құқықтық мәртебесі Қазақстан Республикасының конституциясымен, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы заңымен және т.б. заңдармен анықталады. Олардың басты функциялары: реттеу, бақылау және іске асыру. Бұл функциялар жергілікті маңызы бар проблемаларды шешуге бағытталған. Жергілікті атқарушы органдар өз қызметтерін жүзеге асырғанда ҚР-ның ішкі және сыртқы саясатына қарсы келетін іс әрекеттерге жол бермеуге, мемлекетпен бекітілген стандарттарды ұстануға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге міндетті болып табылады. Әкімдіктерге Қазақстан Республикасының аумағында біржүйелі еңбек рыногын қалыптастыруға, тауар алмасу және қызмет көрсетуге байланысты кедергі келтіретін шешімдерді қабылдауға тыйым салынады және олардың жергілікті елді мекенді дамытуға байланысты қабылдайтын шешімдері Қазақстан Республикасының стратегиялық даму жоспарына сәйкес болуы тиіс. Жергілікті атқарушы органды Қазақстан Республикасының президентімен тағайындалатын әкім басқарады. Әкім тиісті аумақта мемлекеттік саясаттың жүргізілуін қадағалайтын, орталық мемлекеттік органдарының барлық бөлімшелерінің үйлесімді қызмет атқаруын, мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару өкілеттілігі берілген, сол аумақтың экономикалық және әлеуметтік жағдайына жауапты тұлға болып табылады. Әкім өзі басқаратын аймақтың әлеуметтік экономикалық ахуалына халық алдында жауапты болатын, мәслихат алдында есеп беретін өкіл болып табылады. Әрине ол, өзі басқаратын аймақтың лауазымды тұлғасы болып табылады, оны жергілікті мәслихатпен келісу арқылы Президент қызметке тағайындайды және орнынан босатады. Облыс әкімі өз өкілеттігін Республиканың жаңа Президенті сайланған кезеңде тоқтатады. Бұндай жағдайда әкім, Президент жаңа әкімді тағайындағанға дейін өз жұмысын жалғастыра береді.

Жергілікті атқарушы органдар мемлекеттік билік жүйесінде маңызды орынды иеленеді. Оған дәлел ретінде Қазақстан Республикасының конституциясын негізге алуға болады. ҚР кон-

ституциясының 87 бабында жергілікті атқарушы органдардың қызметі және оның маңыздылығы көрсетіліп кеткен болатын. Жергілікті атқарушы органдар мемлекеттік билік үйлесімділігін сақтауда келесі әрекеттерді жүзеге асырады: өздеріне тиісті аумақтың бюджетінің жобасын тиісті мәслихатқа береді; мәслихатқа бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті береді; жергілікті бюджеттік комиссияны құрады және оның құрамын анықтап, ережесін бекітеді; атқарушы биліктің мемлекеттік саясатын тиісті аумақты дамыту мүдделері және қажеттіліктерімен үйлесімділікте жұмыс атқаруын қамтамасыз етеді; жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының Конституциясының, заңдарының, Үкімет және Президент актілерінің нормаларын орындауға ықпал етіп, көмегін тигізеді; Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында, «Нұр Отан» партиясының облыстық филиалы, үкіметтік емес ұйымдар және БАҚ өкілдерінің қатысуымен конференциялар, семинар кеңестер, «дөңгелек үстел» отырыстары мен басқа да іс-шаралар ұйымдастырады; Прокуратура органдарымен құқық бұзушылықтың алдын алу және қылмысқа қарсы күрес әрекеттерін жүзеге асыруды ұйымдастырады; Бес институционалдық

реформаны іске асыру бойынша 100 нақты қадам» – Ұлт Жоспарының 32-қадамын іске асыру мақсатында, интернет-порталында прокуратура органдары әзірлеп, енгізген жиі қылмыс жасалатын орындарды көрсете отырып, ішкі істер органдары жұмысының тиімділігін қоғамдық бақылауға мүмкіндік беретін қылмыстық «құқық бұзушылық картасы» – жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында Прокуратура органдарына ұсыныстар енгізеді; Денсаулық сақтау министрлігімен бірлесе отырып денсаулық сақтау саласындағы іс шараларды жүргізеді, денсаулық сақтау ұйымдарын кадрмен қамтамасыз етілуін өз бақылауында ұстайды; Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен азаматтардың тегін білім алу құқығын жүзеге асыруға жәрдемдеседі; Жергілікті мемлекеттік органдарды жұмылдыра отырып, халықты жұмыспен қамту саясатын жүзеге асырады; Қазақстан Республикасының кәсіпкерлер палатасының өкілдерін тарта отырып, жеке кәсіпкерлік субъектілеріне консультация беретін ведомствалық сипаттағы мәселелер бойынша кеңесші органдарды құрады. Осы және тағы да басқа өкілеттіктерді жүзеге асырғанда барынша мемлекеттік органдарды тарта отырып, жергілікті мәселелердің шешімін табады.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Алибаева Г.А. *Органы исполнительной власти: теоретико-правовое исследование: Монография.* – Алматы, 2012.- 305 с.
2. *Изменения в Конституции РК: усиление ответственности всех ветвей власти перед народом* // <http://www.yujanka.kz/news/detail/8214>
3. Тусупаева М. Ж. *Муниципалды менеджмент: мемлекеттік және жергілікті басқару мамандықтарының студенттеріне арналған оқу құралы / құр. М. Ж. Тусупаева.* – Павлодар: Кереку, 2012. – 69 б.

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ  
МЕЖДУНАРОДНОЕ ПРАВО  
INTERNATIONAL LAW**

УДК: 342.7  
МРНТИ: 10.15.59

*Е. Ч. Бонабаев<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Абай атындағы ҚазҰПУ, Тарих және құқық институты, қылмыстық-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, з.ғ.к., Алматы қ., Қазақстан  
e-mail: [timsan\\_88@mail.ru](mailto:timsan_88@mail.ru)*

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШАРТТАРДЫ  
КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ**

*Аңдатпа*

Осы мақалада конституция елдің негізгі заңы ретінде елдің мемлекеттік-құқықтық өмірінің барлық аспектілерін, соның ішінде халықаралық-құқықтық нормалардың мемлекет ішінде орындалуын анықтайтын құжаттың кілті болып саналады. Бұл Конституцияның мемлекет қызметінің негізін реттеудегі ерекше орнынан және оның халықаралық құқық нормалары мен қағидаларына сәйкестігінен көрінеді. Отырады, оның халықаралық құқық нормаларымен және қағидаларымен сәйкестенуінде бұл рөл ерекше орын алады. Бұның маңыздылығын біздің еліміздің азаматтары да мойындайды. Конституция жай ғана мемлекеттің халықаралық шарттарға қатысты ниетін көрсетіп қоймайды, олардың орындалуына нақты нұсқаулар мен кепілдік береді. Сонымен бірге, халықаралық нормаларының ұлттық құқық жүйесіне ену тәртібін анықтайды, оның заңдық шегін де қарастырады.

**Түйін сөздер:** құқық, конституция, норма, халықаралық, шарт әлемдік, саяси, қоғам, федерация, дипломатия заң, ұлттық, тәуелсіздік.

*Е. Ч. Бонабаев<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>к.ю.н., ст.преподаватель кафедры  
уголовно-правовых дисциплин Института  
истории и права Каз НПУ им. Абая, г. Алматы, Казахстан  
e-mail: [timsan\\_88@mail.ru](mailto:timsan_88@mail.ru)*

**КОНСТИТУЦИОННО-ПРАВОВОЕ ОБЕСПЕЧЕНИЕ МЕЖДУНАРОДНЫХ  
ДОГОВОРОВ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН**

*Аннотация*

В статье рассматриваются формы реализации внешних и внутренних функций государства. Обосновывается точка зрения о том, что выполнение этих функций имеет конституционно-правовую основу.

**Ключевые слова:** право, конституция, норма, международный договор, политика, общество, федерация, дипломатия, закон, национальная независимость.

*Е. Ch. Borabayev<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>PhD in Law, senior teacher of department, criminal and legal disciplines of Institute  
of history and rights of KazNPU of a name of Abay, Almaty, Kazakhstan  
e-mail: [timsan\\_88@mail.ru](mailto:timsan_88@mail.ru)*

**CONSTITUTIONAL LEGAL SUPPORT OF INTERNATIONAL TREATIES IN THE  
REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

*Abstract*

In article forms of realization external and the vnutrenniikh of functions of the state are considered. The point of view that performance of these functions has a constitutional and legal basis is proved.

**Keywords:** right, constitution, norm, international treaty, policy, society, federation, diplomacy, law, national independence.

**Кіріспе.** Өзектілігі егер қолданыстағы ұлттық заңнамада мемлекеттік биліктің санкциясына негізделмесе халықаралық құқықтық нормалардың егеменді мемлекет аумағында толық көлемде күші болмайды. Осыдан біздің елімізде халықаралық шарттарды Конституция нормаларына негізделген ұлттық заңнамалық қамтамасыз етілуді қарастыру қажеттігі туады. «Қамтамасыз ету» термині елдің халықаралық құқықтық қызметі процесінде дайындаудың, жасаудың, орындау мен бақылаудың нормативтік талаптарын білдіреді.

Конституция елдің негізгі заңы ретінде елдің мемлекеттік-құқықтық өмірінің барлық аспектілерін, соның ішінде халықаралық-құқықтық нормалардың мемлекет ішінде орындалуын анықтайтын құжаттың кілті болып саналады. Бұл Конституцияның мемлекет қызметінің негізін реттеудегі ерекше орнынан және оның халықаралық құқық нормалары мен қағидаларына сәйкестігінен көрінеді. отырады, оның халықаралық құқық нормаларымен және қағидаларымен сәйкестенуінде бұл рөл ерекше орын алады. Бұның маңыздылығын біздің еліміздің азаматтары да мойындайды. Конституция жай ғана мемлекеттің халықаралық шарттарға қатысты ниетін көрсетіп қоймайды, олардың орындалуына нақты нұсқаулар мен кепілдік береді. Сонымен бірге, халықаралық нормаларының ұлттық құқық жүйесіне ену тәртібін анықтайды, оның заңдық шегін де қарастырады.

Осы белгіге сәйкес ғалымдар мемлекеттердің негізгі үш басты тобын көрсетеді:

– Бірінші топта халықаралық шарттар сол мемлекеттің ұлттық құқығымен тең деңгейде қолданылатын мемлекеттер (АҚШ, Франция, Швейцария және т.б.).

– Екінші топтағы мемлекеттерде халықаралық және ұлттық заңнама және басты соттық тәжірибе қатаң түрде халықаралық және мемлекетшілік құқықтың аражігін айырады (Англия, Ұлыбритания басқарып отырған Достастық қатарындағы мемлекеттер).

– Үшінші топта жалпыға танылған халықаралық құқық нормалары мемлекеттік құқықтан жоғары тұрады (ГФР, Италия) [1]. Мысалы: ГФР Конституциясында мынадай ережелер бар: «Халықаралық құқықтың жалпы нормалары федерация құқығының құрамдық бөлігі болып табылады. Олар заң алдында артықшылыққа ие және федералды аумақтың тұрғындары үшін құқық және міндеттерді тікелей тудырады».

Қазақстан кеңестік дәуірде халықаралық қатынастардың дербес субъектісі болмаған, алай-

дареспубликада Сыртқы істер министрлігі болды, ал КСРО-ның 1977 жылғы Конституциясының 80-бабы мен ҚазКСР-дың 1978 жылғы Конституциясының 71-бабы ҚазКСР-ға шетелдік мемлекеттермен қатынастарға түсуге, олармен келісімге отыруға және дипломатиялық және консулдық өкілдермен алмасуға, халықаралық ұйымның қызметіне қатысуға құқық берген болатын. Барлық кеңестік республикалар ішінен БҰҰ-на мүше болу мен халықаралық аренаға дербес шығу құқығы шын мәнінде 1944 жылы 1 ақпаннан тек Белорусь және Украина Кеңес Социалистік Республикасына тиесілі болды.

**Кеңестік Одақ құрамында Қазақстан объективті түрде ондай халықаралық құқық субъектісі деген мәртебеге ие бола алмады, себебі ол тек федеративтік мемлекет ішінде ғана республика мәртебесін иеленді. Жекелеген халықаралық қызметтің болмауы кеңестік биліктің саяси ықпалымен түсіндірілмейді. Сонымен қатар, кеңесті Одаққа қарсы күштеп тұратын әлемдік қауымдастықтың қарсыласуымен де байланысты. КСРО-ң барлық он бес мүшесінің және осы мемлекеттердің Ұлттар Лигасына немесе басқада халықаралық үкіметаралық ұйымдарға қатысуы социализм күшінің басым жағдай жасауына алып келуі мүмкін еді. Соған орай ҚазКСР және Одақтың басқа да республикалары сыртқы саяси қызметте дербес бола алмады және КСРО Конституциясында айқындалған ішкі мақсаттарды, міндеттерді және қағидаларды басшылық етіп отырды.**

Барлық халықаралық міндеттерді мемлекет толықтай өз мойнына алып отырды, бұл жүкті жекелеген республикаларға артпады. Егер колониядан босаған африкалық мемлекеттерге өздерінің егемендігі мен тәуелсіздігін нығайту үшін әділетсіз халықаралық шарттарды денонсациялап, жою маңызды рөл атқарса, 1990-жылдары тәуелсіздік алған бұрынғы посткеңестік республикаларға, соның ішінде Қазақстанға мұндай қадам жасаудың қажеті болмады, себебі республика Кеңес Одағының құрамында және қорғауында болды. Сондықтан «Қазақстан – 2030» Бағдарламасында көрсетілген мемлекеттің дамуының стратегиялық міндеттері постколониялық елдердің әлемдік тәжірибелеріне қарағанда мүлдем басқа болды және Ұлы держава құлағаннан кейін Қазақстанда орын алған саяси-экономикалық жағдай көрсетілді. Алайда бұрынғы одақтас республикалардың да ұлттық егемендігінің толықтай құрылуы өте қиын жағдайда жүріп жатты.

Академик С.С. Сартаев одақтық шарттың жаңа жобасын дайындау жөніндегі комиссияға



1991 жылы Қазақстан атынан мүшелік еткен кезіндегі оның жұмысын талқылай отырып былай жазады: «Одақтас Республикалар өкілдері комиссия отырысы кезінде ұлттық республикалардың егеменді құқықтарын кеңейту қажет және одақтас елшіліктерде олардың өз өкілдері болулары қажет деп айта бастады. Сол кезде айқай көтерілді. Ресей өкілдері шетелдегі кеңестік елшіліктерге ұлттық республиканың өкілдерін өз республикасы атынан келген өкілі ретінде емес, тек қызметкер ретінде ғана алуға болатындығын айтты. Жоғарғы Кеңес басшысы А.Лукьянов: егемендіктерінді қойыңдар. Шетелдерде ешқандай Одақтас республикалардың елшілігі болмайды, сонымен бірге, шетелдердегі КСРО елшілігіндегі ұлттық республиканың ешқандай өкілі болмайды, – деп хабарлады» [2].

Сонда да 1990- жылдары «егемендік шеруі» болды және КСРО-ның бұрынғы республикалары өз тәуелсіздіктерін алды, оған қоса ұлттық заңнаманың әзірлеу қажеттігі, ал оның ішінде халықаралық қатынас шегінде де актілер әзірлеу қажеттілігі туды. Ю.А.Тихомиров былай атап көрсетті: «бұрынғы КСРО-ның құқықтық жүйесінен шығып, оның концепцияларымен және салаларымен, институттарымен және нормаларымен «қоректенге келіп», бұрынғы Кеңестік республикалардың, қазіргі егеменді мемлекеттердің заңнамасы өзімен бұрынғының іздерін және келешектік дамуды қатар алып жүруде. Саяси, экономикалық және әлеуметтік жаңартуларды кең ауқымда жүзеге асыра бастаған кезде құқықтық мирасқорлық пен құқықтық жаңалықтарды үйлестіру мәселесі оңай болған жоқ». Қазақстанда бұл оңай емес кезең екі Конституция (1993 жылы және 1995 жылы) қабылдануынан, заңнамалардың толықтай жаңаруынан және кеңеюінен көрініс тапты, мұны ұлттық қазақстандық құқықтық жүйенің қарқынды қалыптасуы дәлелдейді.

**Қазақстандық конституционализмнің қалыптасуы әлемдік тәжірибенің негізінде жүріп жатты.** Конституцияны дайындағандардың мойындауы бойынша, әлемдік тәжірибенің барлық жақсы жақтары алынды. Осыған орай ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев атап өткендей, «бостандық сөзінен туындаған эйфория жағдайы» [3] немесе В.И.Гойманның айтуынша «заңшығарушы романтизм» [4] 1993 жылғы Конституцияның жасалуына әкелді, алайда бұл Конституцияның мазмұны елдегі объективті дамып жатқан экономикалық және саяси-құқықтық жағдайдың үрдісін толықтай көрсете алмады. Сондықтан жасаушылардың пікірінше мемлекеттің нысаны мен тиісті құқықтық жүйеге

сай келетін 1995 жылғы екінші Конституция қабылданды.

Қазақстан Республикасының конституциялық заңнамасының қалыптасу процесін талдай отырып, Ғ.С.Сапарғалиев оны 4 кезеңге бөледі: 1. ҚазКСР Конституциясына 1990 жылғы 24-сәуірдегі «Президент лауазымын құру туралы» заңмен өзгерістер енгізілген сәттен бастапқы кезең; 2. 1991 жылдың 10-желтоқсандағы «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының атын өзгерту туралы» Қазақстан Республикасының заңын қабылдаудан бастапқы кезең;

3. 1993 жылдың қаңтарында Жоғарғы Кеңестің жаңа Конституцияны қабылдауынан бастапқы кезең. Төртінші кезеңнің конституциялық заңнамасының қалыптасуы 1995 жылғы Конституцияның қабылдануымен байланысты. Бұл кезең, ғалымның айтуынша, әлі күнге дейін жалғасып келеді.

М.Т. Баймахановтың пікірінше, сонша кезеңге бөлу ҚР ұлттық құқықтық жүйесінің қалыптасуы мен даму процесіне толық күйінде келуі екіталай және өз кезегінде ол келесідей екі кезеңді көрсетеді: 1- Қазақстанның толық тәуелсіздікке ие болуынан бастап, ұлттық мемлекеттік және құқықтық негіздерінің ұрылысының аяқталуына дейін. Бұл кезеңде «іргетас блогтарының» негізі салынады, жаңа құқықтық жүйенің негізі, құқықтық саласының жиектері байқалады, мазмұны айқындалады, реттеудің әр түрлі нұсқалары ресми түрде мақұлданады, тиімді құқықтық институттарды іздестіру шаралары жүргізіледі... бірақ бұған қарамастан көптеген қарама-қайшылықтардан, келіспеушіліктерден қашып құтылуға мүмкіндік жоқ.

Екінші кезеңнің мазмұны болып, ғалымның ойынша, Қазақстан Республикасының әлі де қалыптасу сатысындағы ұлттық құқықтық жүйесіне аяқталғандық түр беру емес, сонымен қатар жүйелілік, келісушілік және бірліктің белгілі бір деңгейіне жету жолымен оның ішкі ұйымдастырылуын қамтамасыз етуі табылады. Бірақ та қазіргі таңда ҚР-дың ұлттық құқықтық жүйесінің негізгі компоненттері «жиналған» деп айтуға болады және бірқалыпты қызмет етеді. Алайда онда көп сындарлы кемшіліктер бар. Оны тек кодификациялаумен қоса, заңдық техникалық құралдардың күшімен ғана жоюға болады. Алғашқы кезең негізінен өзінің алдында тұрған міндетті орындады, сондықтан оны аяқталды деп санауға болады. Ал екіншісі енді ғана басталып жатыр [5].

Белгілі ғалымдардың ұлттық құқықтық жүйені кезеңге бөлу мәселесіне аса назар аударуы оның қиын екенін және оны дамытудың бір

мәнді еместіктерін, соған қоса оның қалыптасуы мен әбден жетілдіруінің мәселелеріне әртүрлі жолдардың бар екендігін куәландырады. Жалпы жоғарыда келтірілген кезеңге бөлудің екеуінің де өмір сүруге толық құқығы бар және халықаралық құқықпен тығыз байланысты қазіргі ұлттық құқықтық жүйенің қалыптасуы 1991 жылдың желтоқсанында Қазақстанның тәуелсіздік алған уақытынан басталатындығын құжаттар куәландырады. Алайда 1990 жылдың 25- қазанындағы «ҚазКСР-дың мемлекеттік егемендігі туралы Декларацияның» 14-тармағында Қазақ КСР өзін өз мүддесі аясында сыртқы саясатты айқындау, дипломатиялық және консулдық өкілдіктермен алмасу, халықаралық ұйымдардың қызметіне, оның ішінде БҰҰ және оның мамандандырылған мекемелеріне қатысуға құқығы бар халықаралық құқықтың дербес субъектісі ретінде жариялаған. Мұнда негізінен мемлекеттің экономикалық егемендігі жарияланды. Соған сай республика еркіндік және теңдік қағидаларын ұстана отырып, тиімді шарттар негізінде шетел мемлекеттерімен экономикалық және сауда байланыстарын құрып, өзінің сыртқы экономикалық қызметінің мәселелерін дербес шешеді.

Осылай Қазақстанның халықаралық құқық қағидаларын, мысалы халықаралық шарттарды жасау кезінде тең құқықтық, еркіндік сияқты қағидаларды ұстанатындығы бекітілді.

Бұл Декларация біржақты заңдық акт болып табылады, ол халықаралық қатынастарда және халықаралық құқық саласында қатынастарда өз ниетін білдірген елдер үшін халықаралық құқықтық міндеттемелер жүктейді. Яғни 1992 жылдың 2-наурызында БҰҰ-на мүшелікке енгенге дейін, негізгі халықаралық құқықтық құжаттарды, мысалы консулдық қатынастар туралы 1963 жылғы Вена Конвенциясын, 1961 жылғы дипломатиялық қатынастар туралы Вена Конвенциясын (кейін 1993 жылдың 31-наурызында ҚР Жоғары Кеңесі өз қаулысымен ратификациялаған) мойындағанға дейін Қазақстан халықаралық құқықтық нормаларды орындайтындығы туралы біржақты тәртіпте мәлімдеді.

Қазақстан өз егемендігін алған сәттен бастап, қайнар көзіне қарамастан, халықаралық міндеттемелерді сақталуы тиіс деген жалпыға бірдей сипаттағы халықаралық әдет-ғұрыптық нормаға сай қызмет етті.

Тәуелсіз Қазақстанның 1993-жылғы алғашқы Конституциясы қабылданғанға дейін көптеген өзгертулер мен толықтырулармен әрекет еткен 1978-жылғы ҚазКСР Конституциясына

1991 жылдың 21-тамызы мен 20-қарашасында мемлекеттің халықаралық құқықтың легитимді қатысушысы болуға мүмкіндік беретін біршама өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Мысалы, 71-бапта ҚазКСР шет мемлекеттерімен қатынасқа түсуге, олармен шарт жасасуға және дипломатиялық және консулдық өкілдіктермен алмасуға, халықаралық ұйымдардың қызметіне қатысуға құқығы бар екені көрсетілген.

Конституцияның 97-бабының 21-тармағы ҚазКСР Жоғарғы Кеңесіне халықаралық шарттарды ратификациялау және денонсациялаудың айрықша құзіретін береді. Сөйте тұра бұл бап елдің нақты егемендіген шектейді: «ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі қабылдаған заңдар мен қаулылар КСРО-ның заңдарына қарсы келе алмайды». Егемендікке қадам жасаған бұл Конституция халықаралық шарттарды жасау саласындағы Украин және Белорусь КСР-ында бар конституциялық нормаларды шектейді. 1991 жылдың 16-желтоқсанында Жоғарғы Кеңесі қабылдаған «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заңның 1-бабында: «Қазақстан Республикасы—тәуелсіз, демократиялық, құқықтық мемлекет» делінуі заңдық тұрғыдан толық сауатты нормадан гөрі дербестіктің алғашқы сәтінде туындаған романтикалық ұранға ұқсайды. Бұл құжатта мемлекеттің нақты тәуелсіздігін қалыптастырған ережелер бекітілді.

В.А. Малиновский «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заң заңды күші бойынша, мазмұны бойынша де-юре ескі Конституцияның орнына келген «конституция алдындағы акт» болып саналды деп есептейді [6].

Аталған заңның 2-бабында кейінгі конституциялық заңнамаларда сәл өзгертілген ережелер бекітілді. Ол бойынша Қазақстан Республикасы барлық мемлекеттермен өзінің қарым қатынасын халықаралық құқықтық қағидаларға сүйене отырып орнатады бұл жердегі және бұдан кейінгі курсив біздікі — А.Е./ . Ал 4-бапта мемлекет аумағында әрекет ететін нормативтік құқықтық актілер көрсетілген, олар: Конституция және Қазақстан Республикасының заңдары, сонымен қатар ол таныған халықаралық құқықтық нормалар.

Осылай талданып отырған конституциялық заңда халықаралық құқықтың ұлттық құқықтан басымдығы туралы ештеңе айтылмаған. Кезекпен аталған құқықтық актілердің ішінде бірінші кезекте Конституция, одан кейін ұлттық заңдар мен ең соңында ғана халықаралық құқықтық нормалар.

«Қазақстан Республикасы әлемдік қауымдастық мүшесі» делінген бесінші жеке тарауда Қазақстанды дипломатиялық және консулдық өкілдіктермен алмаса алатын, халықаралық ұйымдарға мүше бола алатын халықаралық құқықтың субъектісі деп жариялады.

Көлемі үлкен емес Конституциялық Заңның «Қазақстан Республикасының халқы мен азаматы» делінген екінші тарауында 1948 жылғы Адам құқықтары жөніндегі Жалпыға бірдей Декларацияның кейбір ережелері бекітілді. Мысалы, 6-бапта Қазақстан Республикасы егемендіктің бірден бір иесі және мемлекеттік биліктің қайнар көзі ретінде барлық ұлттарының азаматтарына тікелей де, сондай-ақ өзі сайлайтын мемлекеттік органдар арқылы да мемлекеттік өкімет билігін жүзеге асыруға кепілдік береді.

Қазақстан жалғыз егемендікті жеткізуші, мемлекеттік билікті жүргізуші тек қазақ емес барлық ұлттардың азаматтарына мемлекеттік биліктің өздері сайлайтын мемлекеттік органдар арқылы орындалуына кепілдік береді. Бұл Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясының азаматтыққа ие болу құқығы көзделген 15-бабына, мемлекеттік басқаруға азаматтардың қатысу құқығы, мемлекеттік қызметке тең дәрежеде қол жеткізу құқығы көрсетілген 21-бабына сай келеді. Бұл бапта сонымен бірге, діни сеніміне, қоғамдық ұйымдарға тиесілігіне, шығу тегіне қарамастан Қазақстан азаматтарына бірдей құқықтар берілетіндігіне кепілдік берілген. Бұл Адам құқықтарының Жалпыға бірдей Декларациясының 6-бабына (құқықсубъектілігін мойындатуға құқық), 18-бабына (ой пікірге, діни сенімге, ар ождан бостандығына құқығы) және т.б. сәйкес келеді.

Посткеңестік ғылыми жұмыстар қатарында ТМД ғалымдарының, мысалы Д.Г. Гусейноғлының «Әзербайжанның халықаралық құқықтық субъектілігі» атты еңбегінде, Г.Ш. Катамадзенің «Грузияның халықаралық құқықтық субъектілік негізі» деген диссертациясында КСРО құлауы нәтижесінде егемендік алған жас мемлекеттер КСРО-ға кіру нәтижесінде жоғалтып алған өздерінің мемлекеттігін қайта орнатты деп есептейді. Соған орай жас мемлекеттердің ең бірінші, өмірлік қажетті функциясы өздерінің тәуелсіздігін құрайтын мемлекеттік құқықтың негізін қалау болды. Қазақстанда осы процесс әлі күнге дейін жалғасып келеді.

Тарихта конституциялық заңнаманың қалыптасуының ұзағырақ болған кездері белгілі. Мысалы, Францияда 19 ғасырдың басында орын алған елеулі саяси жағдай кезінде 1791 жылғы Конституцияны 3 Конституция қатарынан ау-

ыстырды: 1830 жылы, 1848 жылы, 1850 жылы. Канада Конституциясын 18-20 ғ.ғ қабылданған бірнеше заңнамалық актілер құрайды. Олардың ішінде маңыздылары – 1774 жылғы Квебек заңы, 1791 жылғы Конституциялық заң, 1840 жылғы Канаданың бірігуі жөніндегі заң, 1867 жылғы Британдық Солтүстік Америка туралы заңы және осы күнде соңғысы болып Канада іс жүзінде жеке мемлекет болған 1982 жылғы Конституциялық заң табылады.

Тіпті 1787 жылы қабылданып, 200 жылда тек іс жүзінде 26 өзгеріс (олардың оны 1791 жылы күшіне енген, құқық жөнінде Билль деп аталады) енгізілген әлемдегі ең ескі Конституциялардың бірі АҚШ Конституциясы әрдайым пысықтылып келеді. Америкалық теоретиктердің пайымдауынша, АҚШ-та заңды конституцияға қарсы «тірі Конституция» бар, ол қазіргі таңда соттық прецеденттер, Конгресс заңдары, Президент актілерімен көптеген толықтырулар енгізіліп әрекет етуде.

Мұндай жағдай қазақ халқы құқығының тарихында бар: 1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейін 200 жылға жуық далалық Конституцияға айналған Тәуке ханның әйгілі «Жеті жарғысы» бар. Жарғы негізінде судьялар (билер) бірауыздылық және әділдік қағидасына сүйеніп, ешқандай бюрократияға жол бермей әділ шешім шығарып отырды. Сондықтан қазақ сотын толық алып тасталғанға дейін Қазақстанға 19ғ. аяғы, 20ғ. басында көшіп келген басқа ұлт өкілдері де мойындап отырды.

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы Конституциясы еліміздің тәуелсіздігін қалыптастыруда маңызды саты болды: тарихта бірінші рет еліміздің егемендігі Негізгі заңда бекітілді. Конституция Преамбуласында ережелердің үйлесімді қалыптастырылуы ерекше назар аудартады. Онда елдің егемендігі бекітіліп, өзін әлемдік қауымдастықтың бөлшегі ретінде жариялаған, демократиялық қоғам мен құқықтық мемлекет құру міндетінің алдына адамның құқықтары мен бостандықтарының басымдықтары бекітілген ережелер үйлескен.

Бұл ғана көпұлтты мемлекетте қазіргі замандастарымыз мен болашақ ұрпақтың лайықты өмірін қамтамасыз ететін мығым азаматтық әлем мен ұлтаралық келісімге негіз болатын еді. Конституциялық құрылым негіздерінің жетінші тармағы Конституцияның жоғары заң күшіне ие екенін, нормалары тікелей қолданылатындығын бекітті. Бұл ереже кейін 1995 жылғы Конституцияның 4-бабының 2-тармағында бекітілді. 1993 жылғы Конституцияда адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғау бірінші кезек-

те болды. Бұл Конституцияның бірінші бөлімі толығымен азаматқа, оның құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне арналғанынан көрінеді. Бұл Конституцияның ерекшелігі, оның 3-бабы Қазақстан Республикасы ұлттық заңнамалан басым деп таныған адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтары туралы халықаралық құқықтық актілердің басымдығын белгіледі.

1995 жылғы Конституцияда «Адам және азамат» бөлімі екінші орынға қойылған. 1995 жылғы Конституцияда ратификацияланған халықаралық шарттар басымдығын мойындауы адам құқықтарын қорғау саласында ұлттық құқық жеткен жоғары деңгейдің кейінге шегінгенін көрсетеді.

#### **Қорытынды**

1993 жылғы Конституция Қазақстан Республикасының бірден бір заңшығарушы және жоғарғы өкілді органы деп Жоғары Кеңесті атап, парламенттік басқару нысанын жариялады. Жоғарғы Кеңестің толық көлемдегі өкілеттігінен Конституцияның 64-бабының 18-тармағын атап өтуге болады, бұл тармақ осы мемлекеттік ор-

ганға халықаралық шарттарды ратификациялау және денонсациялау құқығын берді. 130-бабы Конституцияны соттық қорғауды және оның үстемдігін қамтамасыз етуді Конституциялық Сотқа жүктеді, оның Республика Конституциясының халықаралық шарттар мен міндеттемелеріне сәйкестігі туралы талаптарды қарау өкілеттігі болды.

1995 жылғы Конституциясы мен оны дамыту үшін қабылданған заңнама халықаралық шарттарға, Қазақстанда қабылданған құқықтық нормалардың халықаралық құқықтың қағидалары мен нормаларына сәйкестігі туралы көптеген ережелерді қамтиды. Шетелдік бай тәжірибе де есепке алынды. 1995 жылғы Конституцияның нұсқасын дайындаған, Қазақстан Республикасының Президенті жанынан құрылған кеңес беруші-сараптамалық кеңес құрамына тек қазақстандық емес, сонымен қатар ресейлік және шетелдік мамандар да қатысты. Олардың қатарында РФ Конституциясының авторларының бірі С.С. Алексеев, Франция Конституциялық Кеңесінің төрағасы Р.Дюма мен Франция Мемлекеттік Кеңесінің кеңесшісі Ж.Аттали бар.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Гумилев Л.Н. *Этносфера. История людей и история природы.* – М.: Экспрос, 1993. – 544 с.
2. *Толковый словарь русского языка конца XX века. Языковые изменения //Под ред. Г.Н. Скляревской. РАН, Институт лингвистических исследований.* – Спб.: Изд-во «Фолио-Пресс», 1998. – 702 с.
3. Токаева А. *Не имей сто рублей, а имей сто друзей, или Во сколько республике обходится членство в международных организациях//Экспресс К.* – 2003, 6 июня.
4. Лукьянов А. *Конституционное обеспечение исполнения международных договоров: Автореф. дис. ... канд. юрид. наук.* – Киев, 1991. – 19 с.
5. Малиновский В.А. *Потенциал действующей Конституции еще не реализован//Мысль.* – 2005. – №8. – С. 16.
6. Баймаханов М.Т. *Влияние Конституции на соотношение международного и национального права//Право Европейского Союза: материалы 5 Международного Летнего Юридического Университета – 2001: Статьи и рефераты.* – Алматы: АЮ – ВШП «Әділет», Фонд «Сорос-Казахстан», 2002. – 102 с.

**ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ  
КРИМИНОЛОГИЯ  
УГОЛОВНОЕ ПРАВО  
КРИМИНОЛОГИЯ  
CRIMINAL LAW  
CRIMINOLOGY**

УДК: 343.1  
МРНТИ: 10.79.01

*Б.Қ. Аққасов<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Абай ат.ҚазҰПУ, Тарих және құқық институты, қылмыстық-құқықтық пәндер кафедрасының профессоры, т.ғ.к., Алматы қ, Қазақстан  
e.mail: [akkasov@mail.ru](mailto:akkasov@mail.ru)*

**ДҮНИЕЖҮЗІ ҚАУЫМДАСТЫҒЫНЫҢ НЕГІЗГІ ПРОБЛЕМАСЫ – ТЕРРОРИЗМ**

*Аңдатпа*

Автор өз мақаламасында Дүниежүзілік қауымдастықтың алдында тұрған үлкен проблема – терроризм мәселесін тілге тиек еткен. Нақты түрде терроризммен экстремизмді анықтау үшін және қоғамдық пікірге сүйене отырып терроризммен экстремизмге қарсы күресу мақсатында арнайы құқықтық реттеу механизмін қалыптастыру көзделген.

**Түйін сөздер:** Терроризм; экстремизм; интернационалдық терроризм; концепция; құқықтықреттеу.

*Б.К. Аккасов<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>к.и.н., профессор кафедрасы уголовно-правовых дисциплин  
Института истории и права Каз НПУ им.Абая г.Алматы, Казахстан  
e.mail: [akkasov@mail.ru](mailto:akkasov@mail.ru)*

**ТЕРРОРИЗМ – ГЛАВНАЯ ПРОБЛЕМА МИРОВОГО СООБЩЕСТВА**

*Аннотация*

В статье автор рассматривает терроризм как главную проблему мирового сообщества на современном этапе.

Именно определение терроризма и экстремизма позволяет выявить круг общественных отношений, затрагиваемых терроризмом и борьбой с ним, и выработать механизм правового регулирования этих отношений.

**Ключевые слова:** Терроризм; экстремизм; интернационализация терроризма; концепция, правовое регулирование.

*В.К. Akkasov<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Candidate of historical sciences, professor of department of criminal-legal disciplines Institute of history and law KazNPU of a name of Abay, Almaty, Kazakhstan,  
e.mail: [akkasov@mail.ru](mailto:akkasov@mail.ru)*

**TERRORISM IS THE MAIN PROBLEM OF THE WORLD COMMUNITY**

*Abstract*

Definition of terrorism and extremism allows to reveal a circle of the public relations affected by terrorism and fight against him and to develop the mechanism of legal regulation of these relations.

**Keywords:** extremism; internationalization of a terrorism; concept; legal regulation.

**Тақырыптың өзектілігі.**

Терроризмнің тамыры тереңде жатыр. Бірақ оның «гүлдену» дәуірі өткен ХХ ғасырдың басталған еді. Оның дәлелдері 1972 жылы 5-ма-

усымда АҚШ-тың Лос-Анджелес театрында Украинаның би ансамблінің гастролі кезінде театрға жарылғыш зат қойылған. Ал 1975 жылы БҰҰ жанындағы КСРО-ның тұрақты өкілдігі

атқыланды. Тек 1981 жылдың үш айының ішінде Нью-Йоркте, Вашингтонда бес рет террористік әрекет жасалды.

Бірақ мұның бәрі «кеңестік антисемитизмге қарсы күрес», «еврейлердің құқын қорғау» деп аталды. Осылайша қоғамның дамуында ұлтаралық қатынастардың дұрыс шешілмеуінен, халықтың әлеуметтік проблемаларының заңды түрде толық шешімін таппағандығынан күштеу, зорлау, үрейлендіру әрекеттері әлі бәсеңдемей жалғаса беруде. Ал қазіргі кездегі терроризм кешегі терроризм емес.

Оның көптеген анықтамасы бар. Біреулер терроризмді әлеуметтік құбылыс деп санаса, келесілері басқа пікір айтады. Ал бүгінгі терроризм белгілі мақсат пен міндетті жүзеге асыру үшін күш көрсету идеологиясын тұғыр етеді. Терроризм көзқарастар мен идеялардың емес, әрекеттердің жүйесі, өйткені ол кара басының қамын күйттемейді. Ол өзінен-өзі әлеуметтік құндылық бола алмайды, алайда қызмет көрсетудің бір түрі ретінде айтарлықтай әрекетшілдік пен сұранысқа ие. Терроризмнің таралуына дүмпу қарымы сақталынып отырған нәсілшілдік пен ұлтшылдық идеялары нәр беруде. Ұлтшылдықтың кез келген түрі терроризмнің таралуына қолайлы негіз болатынына ешқандай күмән жоқ. Бір ұлтқа екінші ұлттың үстемдігін орнату үшін ұлтшылдар терроризмді қолжаулық етуі әбден мүмкін. Бүгінгі өмірде терроризмнің таралуының себепшісі ретінде діни фундаментализм жиі-жиі ауызға алынады. Фундаментализм өзінің нақты мәнінде белгілі бір ілімнің түпкі принципін сақтауға ұмтыла отырып, даму барысындағы ауытқушылықтарды жеңуді білдіреді. Қазіргі кезде ислам экстремизмі мен терроризмі деген ұғымдардың кеңінен тарап отырғанын атымай өтуге болмайды. Дей тұрғанмен, Исламның өз болмысында ешқандай да агрессияшылдық жоқ. Әрине терроризмнің көрініс табуына тағы бір себеп саяси радикализм болуы да мүмкін.

Қоғамдық көңіл күйдің радикалдануының кез келген түрі белгілі бір топтардың мақсатын жүзеге асырудағы әдістері мен тәсілдерінің радикалдануына әсер етеді. Бұл ретте, терроризм туралы «оң» және «сол» радикализмнің көрініс табуының салдары ретінде сөз қозғауға болады. Терроризм дегеніміз – деструктивті әрекет пен саяси радикализмнің ширыққан шындығы болатын болса, оның салдары белгілі бір партиялық топтардың қандай саяси реңктегі шептен табылуымен теңдесіп жатпақ.

Әрі-беріден соң, саяси радикализм сынаса, терроризм өлтіреді деп айтуға да болады.

Бүгінгі өмірде дүние жүзі аймақтарының дамуында сәйкессіздік бел алып бара жатыр. Осы ахуал әлсіз дамыған мемлекеттерде әлеуметтік қозғалыстардың етек алуына көп ретте қолайлы жағдай туындатып отыр.

Әлеуметтік қорғансыздық терроризмнің пайда болуы мен таралуына дем беретін фактор болып табылады. Атап айтсақ оның нақты көріністері: жұмыссыздықтың биік деңгейі, табыстың төмендігі, болашақтың бұлыңғырлығы, әлеуметтік шиеленістің ширыға түсуі және т.б.с.с. Оның үстіне қазіргі кезде терроризмнің таралуына террористік топтар ұйымдарының мольнуы, насхаттауы әсер етеді. Терроризмді қаржыландырушылар да, демеушілері де баршылық. Осылайша, терроризм әлемге тарады. Террористік қызметтің жаһандануының салдары онымен тұрақты айналысатын адамдардың айрықша топтарының қалыптасуына алып келіп отыр. Сондай-ақ терроризмнің пайда болуы мен таралуында мемлекеттік-саяси және геосаяси факторлардың да өз орны бар.

Сонымен терроризм өткен ғасырдың ойлап тапқаны емес. Оның демі адамзат тарихын қашанда улаумен келеді, ол алғаш рет екі мыңжылдықтың тоғысында қаһарлы да ауқымды кейіпке енді. Ең бастысы-терроризмнің түркі себебі дамудың теңсіздігінде жатыр. Осыған қарсы террористер агрессивті жауап беруде. Оның салдары жазықсыз адамдардың құрбан болуы, материалдық байлықтардың бұзылуы, психологияның бүлінуі, ой-өрістің күрделенуі, үрейдің, қорқыныштың, шарасыздықтың басым бола түсуі т.б.с.с. Осылардың барлығы таңдалған терроризм тақырыбының қазіргі кездегі тарих ғылымының көкейтесті, өзекті мәселелерінің бірі екендігін көрсетеді.

Қазіргі кезде бүкіл дүние жүзін аландатып, үрей туғызып отырған терроризм проблемасының туындауы, оның не себептен болатындығы жайында және адамзат баласының тарихында болған террорлық актілердің бұрын да болғандығы, бірақ оны бүгінгі көріністерімен салыстыруға болмайтындығын ашып көрсету мен дүние жүзінде әлеуметтік теңсіздік, кедейшілік сақталып тұрған жағдайда және ұлтаралық қатынастардағы күрделі мәселелер толық шешілмей жатқан тұста ғаламдық проблемаға айналған терроризммен бірлесіп, ұжымдасып, дүниежүзілік қауымдастық болып күресу туралы ой қозғап, оны жүзеге асырудың жолдарына көз жүгірту болып табылады.

Терроризм күтпеген жерден дүние жүзінің алып мемлекеті АҚШ-та жүзеге асқан соң әлемнің оған үн қатпаған мемлекет басшылары,

кайраткерлері, саясаткерлері болмай қалған жоқ. Дәл сол оқиға туралы АҚШ президенті Джордж Буш бұл атака өркениетті елдерге жасалған деп бағалай келе былай дейді: “Месяц назад ни в чем не повинные граждане 80 стран были подвержены нападению и убиты без всякого предупреждения или провокации с их стороны в террористическом акте, который ужаснул не только американцев, но и каждого человека любой веры и национальности, ценящего человеческую жизнь”.

Нападение произошло на американской земле, но это был удар в самое сердце и душу цивилизованного мира. Война против тех, кто экспортирует террор, войны тех правительств, которые поддерживают террористов или дают им приют.» Террактіден кейін Құрама Штаттар террористердің ғаламдық таралу жолдарын табумен құртуға ұмтылып, халықаралық қауымдастыққа қосылды.

Демократиялық мемлекет деп саналатын күдіретті Америкаға тиген соққыға ешкім де енжар қала алмады. Америкаға жасалған терактіден кейін АҚШ-тың қорғаныс министрі Дональд Рамсфрелд терроризмді жандандыруға ықпал етіп отырған Ауғанстанға жасалатын соғысты былай деп анықтады: “Нынешная война не будет войной грандиозного альянса, созданного с единой целью: разгромить группу враждебных держав. В ходе этой войны будет создаваться временные коалиции стран, которые могут изменяться и эволюционировать. В нынешней войне миссия будет определять коалицию, а не наоборот.”

Дүниежүзінде бейбітшілікті ұстап тұру мақсатында құрылған БҰҰ-ын да терроризмнің етек алып бара жатуы қобалжытуда. БҰҰ-ның Бас хатшысы Кофи Аннан 1 қазан 2001 жылы терроризм туралы әлемнің толқынысына былай деп өз ойын білдірді: “Реакция на нападения во всем мире должна вселить в нас отвагу и надежду на победу в этой борьбе. Когда видишь, как во всех частях света люди разных верований собираются в городах, чтобы выразить свою скорбь и солидарность с народом Соединенных Штатов – это лучше любых слов говорит о том, которая не разделяет человечество, а объединяет его.”(7)

Осы оқиғадан кейін әлемнің көптеген саясаткерлері, шолушылары бірден ислам дүниесін кінәлап шыға келді. Бірақ мұның дұрыс еместігін бұдан кейін өріс алған оқиғалар дәлелдеді. Шын мәнісінде ислам ешуақытта күштеуді, зорлауды, жазықсызданбіреуді кінәламайды. Оған айғақ Индонезиялық дін басшысы Юсуф Мухаммедтің сөзі: “Подобные нападения такого колоссально-го масштаба – это совершенно возмутительно,

эта заслуживает всяческого осуждения. Тот кто совершил это нападение, не имел права делать это во имя религии, и конкретно ислама. Убивать невинных людей для достижения цели никогда не было сутью религии.”

Қазақстан Республикасының президенті Н. Назарбаевтің “Сындарлы он жыл” деген еңбегі жарық көрді. Онда қазіргі кезде белең алып бара жатқан терроризмнің пайда болуына, таралуына, ғаламдық сипатына жан-жақты талдау жасайды. Сонымен бірге еңбекте Орта Азия аймағында терроризммен бірлесіп күрес жүргізу мен қауіпсіздікті сақтау жолдарын нақтылап айқындайды. “Тероризммен күресті үйлестіру жұмыстары халықаралық деңгейде көптен бері жүргізіліп келеді және бұл ретте, дүние жүзінде бүгінгі таңда терроризмге қарсы әрекет ететін айтарлықтай тәжірибе жинақталған. Осынау бай да, сонымен бірге пайдалы да тәжірибеден, Террористік Интернационалмен дүниежүзілік қауымдастықтың антитеррористік күресімен бірнеше өзекті-өзекті стратегияларды саралап шығаруға болады.

Бұл- терроризммен оның таралуының ең бір ықтимал ошақтарында ұзақ мерзімді, күш көрсете күрес жүргізу.

Бұл – терең әлеуметтік-экономикалық, саяси интеграция жолдарымен қауіпсіздіктің арнаулы континентаралық институттарын құру арқылы қол жеткізуге болатын терроризмге және басқа да жағымсыз әлеуметтік құбылыстарға қарсы әрекет ету.

Бұл – қауіпсіздіктің қат-қабат жүйесін құру, яғни құрылымдардың шындалған комбинациясы мен қауіпсіздікті қамтамасыз ететін жүйенің болуы, бұл жүйелердің арасында өзара байланыспен өзара тәуелділіктің болуы деген сөз.

Бұл – террористік белсенділік айрықша төбе көрсететін жерлерде халықаралық тұрақты сұхбат түрлерін қалыптастыру. Оның үлгісі ретінде Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім білдіру шаралары жөніндегі Кеңесті (АӨІСШК) атаған жөн.

Менің пайымдауымда, бүгінгі таңда ғаламдық ауқымда терроризмнің қауіп-қатеріне қарсы әрекет ететін институттың ең бір тиімдісі Антитеррористік коалиция болып отыр.”

2001 жылдың қарашасында “Ана тілі” газетінде терроризмнің басты мақсатын көрсеткен, Москвада болған террорлық актілер туралы толық мәлімет берген мақала жарияланды. Онда Москвада болған актінің АҚШ-та болған актіден де асып түскендігін сипаттайды.”Әлем жұртшылығының үш күн бойы тұла бойын түршіктірген оқиға Москвада 2002 жылдың

қазан айында болған еді. 25 ер адамнан, 25 бойжеткеннен тұратын қарулы топ Мәдениет сарайында спектакльге жиналған 700-ден астам адамды кепілдікке алады. Террористер деп хабарланғандардың бәрі – шешендер. Талаптары: Ресей Шешенстандағы соғысты тоқтатуы, бұл елден әскерлерін әкетуі. Бұл әлсіздердің, өз мүдесіне жетуде тандаған жолы.” Сонда терроризм өрті мақсаттарына жетпеген әлсіздердің өз мүдесіне жету үшін ешнәрседен де тайынбайтынын көрсетеді.

Халықаралық терроризм мәселерін зертеуге көптеген тарихшылар өз үлестерін қосуда. Швейцариялық Т.Денкердің “Стратегия анти-террора”, француздық Робера Саленің “Террористический вызов”, батысгермандық И.Беккердің “Дети Гитлера”, поляк А. Бернградтың “Стратегия терроризма”, венгерлік Е. Ангелдің “Мифы потрясенного создания” деген зертеулерді атап кетуге болады. Зерттеулерде жүзеге асырылған терактілердің болу себептерін, мотивтерін, механизмін, психологиясын ашып көрсетуге ұмтылыс жасалады.

Терроризм мәселесі Ресейлік тарихшылады, шолушыларды, зерттеушілерді де толғандырмай қойған жоқ. Сондай зерттеулердің қатарында Ю.М. Антонянның “Терроризм”, З.Замкованың “Терроризм глобальная проблема современности”, Е.Г. Ляховтың “Терроризм и международные отношения”, “Политика терроризма” сияқты еңбектерді айтуға болады. Бұл еңбектерде терроризмнің халықаралық сипатқа ие болуының себептері, оның ұйымдастырылуының жоғарғы деңгейін, оны қаржыландыратын, дем берушілердің болуы және терроризмнің қарудың соңғы жетістіктерімен қаруланатындығынын, терроршылардың мемлекетті басқару ісіне дейін араласатыны- жөнінде баяндалады.

2001 жылы АҚШ-та террорлық акті жасалғаннан кейін Қазақстандық саясаткерлер, шолушылар, тарихшылар, экономистер де өз пікірлерін білдірді. Ол “Саясат” журналының бетінде жарық көрді. Қазақстанның Египет, Алжир, Иордания, Ливия, Марокко, Сирия, Тунистегі елшісі Б.Құлжанұлы мұсылман елдеріндегі терроризм негізі діни болып табылмайды дей келе, өзінің ойын былай білдіреді: “Америка мен Европа мемлекеттерінің басшылары, халықаралық мамандар исламмен терроризмді араластыруы болмайтындығын ашық көрсетеді. Терроризмді әлеуметтік-экономикалық, саяси наразылықтар, демократияны басып отырған әділетсіздік туғызады. Израилдің БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесінің резолюциясына қарсы Иерусалимді астана етіп, басқа территорияны окупациялауына тежеу

қойылмағандығы арабтардың ғана емес, бүкіл мұсылмандардың да наразылығын күшейтуде”.

К.Садиевтің “Борьба с терроризмом и консолидация усилий способны оказать позитивные воздействия на динамику мировой экономики” деген ғылыми мақаласында АҚШ-та болған терактінің АҚШ-тың экономикасына тигізген әсерін жан-жақты түсіндіріп береді: “Терактіден кейін бірден дүниежүзілік қор рыногында индекс төмендеді. АҚШ доллары дүниежүзілік басқа валюталарға қарағанда құны төмендеді. АҚШ доллар қурысын бір қалыпты ұстау үшін біршама шаралар жүргізуде. Сондықтан дүниежүзілік қаржы орындары қобалжуда. Қазақстанда қор рыногы дамымаған. Сондықтан бізде инвестициянын өзгеруі онша білінбейді”.

Сонымен қатар терроризм саяси мақсатқа жетудің тәсіліне айналғандығы туралы, Қазақстанда террор жайламаса да, онымен күресудің қажеттігі туралы, діни экстремизм проблемалары, Орталық Азия аймағында діни терроризмімен күрес саясаты туралы көптеген ғылыми мақалалар жарияланды: “Орталық Азия республикаларында мыңдаған діни құрылымдар қайтадан өмірге келді, теологиялық оқу орындары ашылды. Қазіргі қоғамда діннің дамуы көптеген қайшылықтарға кездесуде. Орталық Азиядағы дін, дінге табынушыларды өз қатарына тарту үшін күресуде. Дүниежүзілік саясатта ислам мемлекеттерінің ықпалы күшеюде”.

Ислам адамзат баласына қарсы Америкада да, басқа елдерде де қылмыс жасаған жоқ. Ислам-дүниежүзілік дін. Сондықтан да мұсылман халқының жан-жақты дамуына ықпал етіп отырған дін ешуақытада терроризм тудырмайды. Дегенмен адамзат баласына үрей, қауіп төндіретін террористік, экстремистік актілермен дүниежүзінің бүкіл мемлекеттері болып күресу қажет.

XX ғасырда осы уақытқа дейін болмаған жағдай терроризм мемлекеттік деңгейге көтерілді. Террорлық мемлекет елдің ішінде өз азаматтарын заңсыз әрекеттермен тұншықтырды, олардың әлсіздігін, күшсіздігін үнемі сездіріп отырды. Ондай мемлекет өзінің ел ішіндегі тәртібін шекарадан тыс жерлерде де өзгертпеді. Соның тарихи мысалы – фашистік Германия. Соңғы жылдары халықаралық аренада АҚШ-тың көптеген әрекеттері өзінің сипаты жағынан терактілерге өте жақын.

КСРО құлаған соң бандиттік дәстүрлер кеңестік дәуірден кейінгі кеңістікке тамырын жайды. Күшпен, зорлаумен өз мақсаттарына жетуге ұмтылу Грузия, Азербайжан, Армения, Молдова, Тажікстан және Қырғызстан территориясында



карулы қактығыстарға әкеп соқты. Бүгінгі күнгі дүниеге ядролық терроризм, уландыратын заттарды қолдану терроризмінің қаупі төнуде. Шантаж және сатып алу мақсатында адамдарды ұрлау кең етек жайды. Қазіргі кезде көптеген адамдар информациялық терроризмнің әрекетінен зардап шегуде.

Терроризм әртүрлі көріністе көрінсе де өзінің масштабы жағынан ең қауіпті формаға айналды. Оның қоғамдық-саяси салдарлары мен моралдық проблемаларын адам айтып жеткізе алмайды. Адамзат ХХІ- ғасырға осындай қауіппен енуде. Терроризм мен экстремизм әртүрлі көріністе көптеген елдер мен олардың азаматтарының қауіпсіздігіне барған сайын қауіп төндіруде. Ол саяси, экономикалық, моралдық шығындар әкеледі, қалың көпшілікке күшті психологиялық қысым жасайды, жазықсыз адамдардың өмірін әкетеді.

ХХ ғасырдың 60-жылдарында терроризмнің қактығыстық потенциалы өте өсті. Дүниежүзінің көптеген аймақтары террористік топтар мен ұйымдарға толы болды. Қазіргі кезде дүниежүзінде 500-дей құпия террористік ұйымдар әрекет етеді. 1968-1980-жылдары олар 6700 террорлық актілер жасаған, соның нәтижесінде 3668 адам өлген, 7474 адам жараланған. Қазіргі жағдайда экстремистік көңіл-күйдегі адамдар, топтар, ұйымдардың террорлық әрекеті эскаляциянуы, оның сипатының күрделенуі, террорлық актілердің сұмдығы, адамшылдыққа жатпайтындығы күннен-күнге өсе түсуде. Ресей ғалымдары мен шетелдік зерттеу орталықтарының мәліметтеріне сәйкес террор саласындағы бюджет жыл сайын 5 млрд-тан 20 млрд-қа жетеді.

Терроризм халықаралық, ғаламдық сипатқа ие болған. Осыдан сәл бұрынырақ терроризм туралы локалдык құбылыс деп айтуға болатын еді. ХХ ғасыр 80-90 жылдарында ол универсальды феноменге айналды. Ғаламдық және терроризмнің барған сайын интернационализациялануы – адамзат баласы алдында тұрған айқын факт. Бұл феноменге халықаралық қатынастар мен әртүрлі облыстардағы өзара әрекеттердің кеңеюі мен ғаламдануы жағдай жасайды. Бұл процестер экстремизм мен терроризм жағдайында жүзеге асады. Көптеген террорлық ұйымдарға материалдық көмек мұнай өндіретін араб елдерінен және дамыған батыс мемлекеттерінен келеді. Дамыған мемлекеттер территориясында көптеген діни-этникалық қоғамдар немесе диаспоралар өмір сүреді, оларға өздері өмір сүріп отырған әлеуметтік-мәдени ат-

мосфера жат, оған көңілі толмайды. Сондықтан осындай топтар дүниенің басқа жеріндегі өздерінің “ағайындарына” әртүрлі формада қолдау көрсетеді. Халықаралық терроризмнің финанстық базасы осылай қалыптасады.

Дүниежүзілік қауымдастықның террорлық белсенділіктің өсе түскеніне абыржушылығы террорлардың келтірген зор материалдық шығыны мен құрбандарынан келіп туындап отыр. Жаңа технологияның дамуы, бұқаралық ақпарат құралдарының қызметтері және ғаламдық компьютерлік байланыстар (интернет), қаталдық пен зорлықты басым насихаттайтын мәдениет осының бәрі қоғамда аландатушылықты туғызуда. Терроризмнің бұрқ ете қалуынан әлеуметтік-экономикалық жағынан жоғары да, төмен де дамыған елдер аман қала алмайды.

Соңғы кезде Солтүстік Ирландия, АҚШ, Ресей, Кения, Танзания, Жапония, Аргентина, Үндістан, Пакистан, Алжир, Израиль, Египет, Түркия, Албания, Югославия, Колумбия, Иран, Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінде болған терактілерге байланысты орасан зор материалдық шығындар мен адам құрбандары болған. Адам өмірінің интернационалдык сипаты, байланыстар мен информацияның жаңа құралдары, қарудың жаңа түрлері мемлекеттік шекаралардың маңыздылығын төмендетеді, терроризмнен қорғанудың жаңа жолдарын іздетеді. Террорлық әрекеттің көп түрлілігінің өсуі ұлтшылдық, діни, этникалық қактығыстармен, сепаратистік және азаттық қозғалыстармен астарласып жатады.

Көп жылдар бойы террорлық белсенділіктің эпицентрі Латын Америкасынан Жапонияға, ФРГ-ға, Түркияға, Испанияға, Италияға ауысты. Англия мен Солтүстік Ирландияда Ира, Испанияда ЭТА ұйымдарының террорлық актілері бірінен соң бірі жүзеге асып жатты. Палестиналық және Израилдық террористер, Африка мен Азия елдерінің террорлық актілері жанданды. Соңғы жылдары Таяу Шығыста исламдық қаруланған террорлық топ “Хамас” және “Хезболлах” және Үндістанда сикх террорлық қозғалысы мен топтарының әрекеті өсе түсуде. Колумбия наркомафиясы белсене қимылдап, ресми өкіметтен жаңа позицияларды тартып алуда. Террорлық қауіп аумақты және қауіпті бола түскен аймақтар көбейе түсуде. Бұрынғы КСРО территориясында әлеуметтік, саяси, ұлттаралық, діни қайшылықтар мен қактығыстардың шиеленісуіне байланысты қылмыс пен коррупция кең қанат жаюда, шетелдердің ТМД елдерінің ішкі ісіне араласуы өсе түсуде.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Гафаров З.М. Преступления международного характера в глобализирующемся мире. – М., 2006
2. Ещанов А. О проблемах законодательного обеспечения предупреждения терроризма в РК// Мир Закона. – 2006. – №4.
3. Замковой З. Терроризм глобальная проблема современности. – М.1996, 11-бет.
4. Антонян Ю.М. Терроризм. – М.1998, 48-бет.
5. Ляхов Е.Т. Политика терроризма. – М, 1997, 36-37-бет.

УДК: 343.34

МРНТИ: 10.77.51



*А.Р. Бижанова<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Абай атындағы ҚазҰПУ, Тарих және құқық институты, қылмыстық-құқықтық пәндер кафедрасының аға, з.ғ.д., Алматы қ., Қазақстан  
e-mail: Aike\_74@mail.ru*

## **СУ ҚАТЫНАСТАРЫ САЛАСЫНДАҒЫ ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢНАМАЛАРЫ ЖӨНІНДЕ**

*Аңдатпа*

Бұл мақалада су ресурстарындағы отандық, сондай-ақ Финляндия, Норвегия, Швеция қылмыстық нормаларына шолу жасалына отырып, отандық қылмыстық заңнаманы жетілдіру шарасы қарастырылған.

**Түйін сөздер:** су ресурстары; суларды ластау; суларды ластағаны үшін қылмыстық жауаптылық; Финляндия, Норвегия, Швеция қылмыстық заңнамалары.

*А.Р. Бижанова<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Д.ю.н, старший преподаватель кафедры уголовно-правовых дисциплин института истории и права ҚазНПУ имени Абая, г. Алматы, Казахстан  
e-mail: Aike\_74@mail.ru*

## **ОБ ОТЕЧЕСТВЕННОМ И ЗАРУБЕЖНОМ УГОЛОВНОМ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВЕ О ВОДНОМ РЕСУРСЕ**

*Аннотация*

В данной статье дается общий обзор отечественному, и зарубежному уголовному законодательству о водном ресурсе таких стран, как Финляндия, Норвегия, Швеция, а также предлагаются некоторые меры усовершенствования отечественного уголовного законодательства.

**Ключевые слова:** водные ресурсы; загрязнение вод; уголовная ответственность за загрязнение вод; уголовные законодательства Финляндии, Норвегии и Швеции.

*A.R. Bizhanova<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>d.o.l., senior teacher of criminal law the institute of History and Law of  
Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan  
e-mail: Aike\_74@mail.ru*

## **ON THE DOMESTIC AND FOREIGN CRIMINAL LEGISLATION ON WATER RESOURCES**

*Abstract*

This article provides an overview of domestic and foreign criminal law on the water resources of countries such as Finland, Norway, Sweden, and also suggests some measures to improve domestic criminal law.

**Keywords:** water resources; water pollution; criminal liability for water pollution; criminal laws of Finland, Norway and Sweden.

### Кіріспе

Табиғи ресурстар арасында су ресурстарының орны ерекше. Бүгінде су тіршілік көзі болумен қатар, экономиканың фундаменталды элементіне айналып отыр. Соның нәтижесінде елде су ресурстарын пайдалану аясы шектен тыс көбейіп, су тапшылығы орын алуда. Сондай-ақ санитарлық-гигиеналық және экологиялық талаптардың сақталынбауы салдарынан су объектілері ластанған. Деректерге сүйенсек, Сырдария өзені суының ластану индексі III сыныпқа (орташа ластанған) жеткен. Мұндай жағдай Қазақстандағы басқа да су объектілерінде де кездеседі.

Халықтың сапалы суға құқығын, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолында заң шығарушы қылмыстық заңнамада су ресурстарын ластанғаны үшін жауаптылық белгілеген. Десек те, статистикалық деректерде су объектілерінің ластануы жөнінде қылмыстық істердің тіркелуі, не олардың ашылуы жағдайы анық емес, латентті сипатқа ие. Осы орайда су ресурсындағы қылмыстылықпен күресті тиімділеуде шетел тәжірибиесіне жүгінудің маңыздылығын алға тарта аламыз.

Аталған жағдай зерттеу тақырыбымыздың өзектілігінің нақты дәлелі болмақ.

Енді, отандық су ресурстарындағы қылмыстық заңнамаларға тарихи шолу жасасaq.

*Қазақстанның су ресурсындағы қылмыстық заңнамалары*

Әдетте, біз қазақ даласының алғашқы заңын «Жеті-Жарғымен» байланыстырамыз. Қазақстан ғалымдары ірі «Жеті-Жарғы» әдет-ғұрып жазба жинағының (XVII ғ. аяғы – XVIII ғасырдың басы) болғандығын дәлелдеген, жазбаның түпнұсқасы табылмаса да, оның мазмұны сол орыс ғалымдары мен саяхатшыларының жазбаларынан белгілі болып отыр [1]. Сонымен қатар, қазақ жазбаларының болғанына, «Отырар медресесін бітірген шәкірттерден қалған қағазға, тасқа, қамысқа жазылған, бүгінде Қазақстанның әр жерлерінен табылып жатқан қолжазбалар айғақ. Көне заман кітаптары тек қана қолмен, қауырсын қаламмен жазылған. Тіпті есте жоқ ескі заманда бабаларымыз өздерінің тарихын, келер ұрпаққа арнаған сөзін қысқа, тасқа ойып қалдырған деседі.

Әлемде Мысырдағы Александрия кітапханасынан кейінгі екінші орынды Отырар кітапханасы иемденген. Отырарды жермен-жексен

еткен Шыңғыс хан ол кітапхананы түгелдей өртеп жіберген» дейді тарих оқулығы.

Отырардан әлемде Аристотельден кейінгі екінші ұстаз атанған әл-Фараби бабамыздың шыққаны жөнінде аңыздар кездеседі [2].

Ежелгі Отырар қаласы Сырдарияның Арыс өзеніне құяр жерінде Ұлы жібек жолының бойында орналасқан. Айналасы – ат шаптырым терең ор, биік қорған. Төбе басында хан сарайы, жан-жағында қару-жарақ, теңге соғатын ұстаханалар, шәкірттер дәріс алатын бірнеше медреселер болған. Батыс жағындағы қақпа арқылы орыс көпестері, Шығыстан – монғол, қытай кезбелері кіретін. Түстіктен – Шаш, Бұхара қалаларынан шыққан араб саудагерлерін, терістіктен – башқұрт, саха ханзадалары жіберген керуен тізбелерін көруге болар еді. Сол керуендер арқылы қалаға әр түрлі әшекей бұйымдар, маталар, тең-тең кітаптар келеді екен.

Келесі бір аңызға сүйенсек, әлемге аты шыққан кітапхананы Шыңғыс хан түмені өртеп, біраз кітапты қала қорғаушылары құмыраға салып жер астына тығып сақтап қалған деседі. Қазіргі уақытта сол кітаптарды іздеу жұмыстары жүріп жатыр [3].

Қазақтың Ата заңының түп негізі болған Жеті-Жарғының тым болмаса үлгісінің Отырар кітапханасында сол кезде болмауына сене де алмаспыз. Отқа ойран болған қазақтың тарихи шығармалары-ай, деместен басқа амалымыз жоқ.

«Жеті-Жарғыда» мемлекеттік, қылмыстық, азаматтық, отбасы, процессуалдық құқық сұрақтары орын алған. Оған шарияттың кейбір нормалары да енген [4].

«Жеті Жарғы» мүліктік сипаттағы жер-су дауларын қарастырады. «Жеті жарғы» жеті заңнан құралады: жер-су дауы заңы, отбасы-неке, әскери заң, сот заңы, қылмыстық заң, құн заңы, жесір дауы [5]. Қылмыстық-құқық сұрақтарына да Жеті-Жарғыда орын бар. Онда мына сұрақтар қаралады: адам өлтіру, денсаулыққа зиян келтіру, зорлау, ұрып-соғу, жымқыру, қорлау, баланың ізет көрсету ережелерін сақтамауы.

Жеті-Жарғыда су ресурстарына қатысты қылмыстық норма қарастырылмаған. Десе де, біз бабаларымыздың заң ғылымынан қабарсыз емес екендігін мақтана айтамыз.

Тарихты одан әрі парақтасaq, қазақ елінің Ресей құрамына енуі қазағымыздың тарихының бір бұрышы болып қалмақ. Қазақстанның Ресей

құрамына амалсыз қосылуы қазақ қоғамының дәстүрлі құқығына жалпыресей құқық нормаларын енгізді [6].

Ш.Уәлиханов қазақ әдет-ғұрыпы жайлы былай деп жазады: «..., біз өзіміз сілтеме жасауды жөн көретін, сол бір төменнен жоғарыға қарай даму аналогиясы бойынша, өзге заңнамалармен салыстырғанда, қырғыз (қазақ) әдет ғұрыпының ізгілікті-парасатты тұстары әлдеқайда көп, мысалы, мұсылман, қытай және орыс заңнамаларымен, Орыс ақиқаты бойынша». Европалық жаңа кодекстерде бас аяғына дейін кездесетін күштеу және қорқыту шаралары Қырғыз (қазақ) заңдарында жоқ. Қырғызда денеге, тәнге жаракат келтіретіндей жаза болмаған. Ал бүкіл руға жауапты ру мүшелері рулық қатынастарды ру заңдарымен реттеп отыратын [7, 94 б.]

РСФРО «Қырғыз аймақтарын басқару жөніндегі революциялық комитет туралы» Декреттің 6-бабында былай делінді: «Революциялық комиссияның Орталық Кеңес билігінің барлық қаулыларын ... жергілікті халықтың жағдайына, тұрмыс-тіршілігіне және әдет-ғұрпына сәйкестіндіруді .... мақсат етеді. Қырғыздардың арасындағы істер мәні бойынша халық сотымен әдет-ғұрып құқығы бойынша шешілетін болады» [8]. 1920 жылы құрылған ҚазАСРО-ның құрылтайшылар съезінде қабылдаған шешімдердің екі топқа бөлуге болады: бірі кеңес билігінің алғашқы жылдарындағыдай әдет-ғұрыптарға түсіністік танытпай, оларды заманауи әдет-ғұрыптарға айналдыруды көздесе, ал екіншілері әдет-ғұрыптарды зиян санап олардан бас тартуды талап етті, ал оларды қолданған жағдайда жауаптылық көзделді.

1918 жылдың 30 қарашасындағы РСФРО-ның халық соттары туралы Ережесінің 22-бабына сілтемеде қоршаған ортаның келтірілген зияннан қорғалуы еске түсіріледі: «Үкімдерде Үкіметтің шешімдеріне сілтеме жасауға тиым салынды» [9, 15 б.].

Империя заңнамасы Қазақстан территориясына ХІХ ғ. 20-жылдарында 1822 жылғы «Сібір қырғыздар туралы Жарлыққа» орай ене бастады. Қазақ қоғамының құқық жүйесінде өзгерістер болды. Қылмыстық құқық бұзушылық азаматтықтан ажыратылды. Қылмыстық істерге мемлекетке опасыздық, адам өлтіру, тонау, барымта, билікке бағынбау, лауазымдық қылмыстар, кредиттік қағаздар мен монеталарды қолдан жасау, қылмыстық істі карауда жалған ант беру кірді. Бұл істер бойынша тергеу әрекеттерін округтық бұйрық жүргізді, ол жалпыимпериялық заңдарға негізделген қылмыстық істер бойынша сот инстанциясы еді [10].

1926 жылғы РСФРО-ның ҚК-де қоршаған ортаны қорғау саласына мына нормалар арналған: 85-бап «Орманды жымқыру мен жоюдан қорғау үшін қабылданған қаулыларды бұзу», 86-бап «Теңіз, өзен және көлдерден балық, су жыртқыштарын және басқаларды судан аулауды кәсіп ету өндірісі», 86/1-бап «Тиым салынған орындарда, уақытта және тиым салынған әдістер немесе қарулармен аң аулау өндірісі» [11, 45-46 бб.].

Ал 1959 жылдың 22 шілдесіндегі Жоғары кеңестің №177 «Қазақ СРО-ның Қылмыстық кодексіні бекіту туралы» Заңымен ресми қабылданған Қазақ ССР-ның Қылмыстық кодексінде су ресурстарына қатысты нормалар орын алған еді. Олар: 156-1-бап (ССРО-ның континентальды шельфі туралы заңнамасының бұзылуы), 158-бап (Өз бетімен суды басып алу); 159-бап (Суды, жерді және ауаны ластау); 159-1-бап (Теңізді адамдардың денсаулығына немесе теңіздің тірі ресурстарына зиян заттармен немесе басқа да қалдықтармен және материалдармен ластау); 222-1-бап (Жерасты коммуникациясы бақылау құдығын ұстау ережелерін бұзу) [12].

1997 жылдың 16 шілдесінде қабылданып, 1998 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енген ҚР-ның Қылмыстық кодексінің 281-бабы-Суларды ластау, бітеу және сарқу, 283-бабы-Теңіз аясын ластау, 284-бабы Қазақстан Республикасының құрылыстық шельфі туралы және Қазақстан Республикасының айрықша экономикалық аймағы туралы заңдардың бұзылуы су ресурстарына қолсұғатын қылмыстар қатарында [13].

Су ресурстарына қатысты қылмыстық нормалар жаңа қылмыстық кодексте де орын алған [14]: 328-бап (Суларды ластау, қоқыстау немесе сарқу); 330-бап (Теңіз ортасын ластау); 331-бап (Қазақстан Республикасының континенттік қайраңы және Қазақстан Республикасының айрықша экономикалық аймағы туралы заңнаманы бұзу).

Сулардың ластану фактісі көптеген елдерді мазалайды. Шетел заңнамаларында да аталған сұрақ қылмыстық реттелуге жатады. Салыстыру барысында ақиқатқа қолжеткізуге болатындығын ескеріп, осы орайда кейбір шет мемлекеттердегі су ресурстарындағы қылмыстық заңнамаларға қысқаша тоқталып өтелік.

*Судың ластану жөнінде Финляндия қылмыстық заңнамасы*

Экологиялық қауіпті сейілту шарасымен мемлекеттер толық дерлік ұзақ жылдардан бері айналысуда, алайда оның шешімі толық шешімін таппай келеді. Бұл қоршаған ортаны қорғау мәселесі Финляндия мемлекеті үшін де маңызды. Фин-

ляндияны толғандыратын экологиялық тәуекел мен қауіп көзі жайлы Локки жобасында (2007 жылғы) айтылады [15, 1728б.].

- тұрмыстық және жалпы қалдықтармен жасалынатын іс-әрекеттердің ережесін бұзу;
- құрылыс қалдықтарын заңсыз орналастыру;
- тозығы жеткен автокөлік қоқысын орналастыру;
- агроөндіріс кешені объектілерінің ағындысы;
- жердің құнарлы қабатын жою немесе оларды рұқсатсыз қоқыс тастайтын жерге айналдыру;
- қауіпті қалдықтарды сақтау және олармен атқарылатын әрекеттер;
- су жинау орындарын, жерүсті де, жерасты да ауыз су көздерін пайдалану ережелерін бұзу.

Табиғатты қорғайтын қылмыстық нормаларға келсек, Финляндия қылмыстық құқының жүйесінде император Үшінші Александрдың 1889 жылғы Қылмыстық кодексінің орны ерекше. Финляндияда 1989 ж. қылмыстық кодекс ескірген соң, 1976 жылы кешенді жаңартылып, 1995 және 2004 жылдары ҚК толықтырулар мен өзгерістер енгізілген. Десе де алғашқы 1989 жылдың кейбір элементтері әлі сақталынған [16].

Финляндия ҚК-нің 48 тарауы «Экологиялық қылмыстар» деп аталады, Онда су ресурстары туралы заңнаманы, қауіпті заттармен жұмыс және тасымалдау ережесін бұзғаны үшін жауаптылық қаралады [17, 1729 б.].

*Су қатынастарына қатысты Норвегия қылмыстық заңнамасы*

Норвегия қылмыстық кодексі өзгеше. Норвегия қылмыстық кодексі екі кодекстен тұрады: Норвегия Жалпыазаматтық Қылмыстық кодексі ((*Almindelig borgerlig Straffelov*, қысқаша *strl.*) мен Әскери қылмыстық кодекс. Екі Кодекс те Норвегия Парламентімен 1902 жылы 22 мамырда қабылданып, 1905 жылы заңдық күшіне енген. 1902 жылғы Қылмыстық кодекс үш бөлімнен тұрған, біріншісінде жалпы ережелер, екінші бөлігінде қылмыстар туралы, ал үшіншіде кінәлілік (*provinnsness*), біздіңше – терісқылқ, қарастырылады. Оның жекеленген ережелері қажеттілікке орай 2005 жылы қылмыстық кодексті жаңарту туралы шешімге орай қайта қаралып, қабылданған. 2005 жылғы редакцияда қылмыс пен болмашы қылмыстардың (незначительные преступления) ерекшеліктеріне, дем берушіліктің жазаланатын іс-әрекет танылуына, қасақаналық және абайсыздық ұғымдарын нақтылауға, қасақана іс-әрекеттер немесе абайсызда жасалынған іс-әрекеттер үшін жазалау ережелеріне қатысты толықтырулар болған.

Қылмыс болмашы қылмыстан жаза түрімен ерекшеленеді. ҚК-тің § 2 абз.1-де қылмыс – бұл

3 айдан жоғары түрмеде ұстау, 6 айдан жоғары мерзімге қамау (под стражей) немесе жұмыстан босату негізгі жаза ретінде қолданылатын әрекет.

Норвегия ҚК-де, егер де нақты кінәлі тұлға табылмаса немесе қылмысы үшін жазасын тарта алмайтын болса да заңды тұлғаның жазаға тартылу мүмкіндігі қарастырылған [18].

Экологиялық қылмыстар Жалпыазаматтық ҚК екінші бөлігіндегі бірнеше баптармен және қылмыстық-құқықтық ұйғарымдардан тұратын көптеген заң актілерімен (жалпы саны 21) реттелген. Су ресурстарына қатысы бар тиымдар арнайы заңдармен бекітіледі. Норвегиялықтар қоршаған ортаны қорғау туралы заңға ұқыпты.

Норвегия статистикасы жекеленген қылмыс құрамына қарай бөлінбейді. Қылмыстың объективті жағын §152б ережеге анализ жасай отырып қана түсінуге болады. Бұл жағдай экологиялық қылмыстарға да тән. Экологиялық қылмыстардың объективті жақтарын мыналар құрайды: ауа, су немесе топырақтың қасақана немесе өрескіл ластануы; қоршаған ортаға елеулі зиян алып келетін қалдықтарды немесе өзге де заттарды қасақана немесе өрескіл тастау немесе орналастыру; ұлттық немесе халықаралық деңгейде жойылу қаупі бар, қорғалынатын тірі организмдердің табиғи қорының азаюы; су ресурстары туралы (*Lov om vassdragene*), балық аулау туралы (*Lov om saltvannsfiske mv.*), табиғатты қорғау туралы (*Lov om naturvern*), су ресурстары туралы (*Lov om vassdragene*), жабайы табиғат туралы (*Lov omviltet*), §2 Ян-Майене туралы немесе §2 Петра I-нің Буве қорғаны туралы Заңдармен қорғалынатын аудандарға елеулі зардаптың келуі және т.б.

ҚК30-тарауы толығымен теңіз қылмыстарына, ал ҚК 3-бөлігінің (Болмашы қылмыстар) 42-тарауы §§ 414-427 теңіздегі болмашы қылмыстарға арналған.

Жалпы су қатынастарына қатысты Норвегия ҚК қарастыра келе байқайтынымыз, тарихи даму барысында қалыптасқан заңнама кеңестік мемлекеттердің қылмыстық кодексінен ерекшеленеді. Нақты қылмыстық іс-әрекетті саралау үшін қажетті ережелер нормада берілмейді. Су ресурстарын, жалпы табиғи ортаны қылмыстық қорғауға ҚК-тен бөлек арнайы заңдарда орын бар. Жалпы Финляндия мен Норвегия заңнамаларындағы қылмыстық санкциялары ұқсас.

Отандық құқық жүйесіне тура келмесе де, басқа Европа елдері сынды бірнеше ғасырдың куәсі болған Норвегия қылмыстық заңнамасының күні бүгінге дейін қолданыста жүруі көңіл қуантады.

Су ресурстарына қатысты Швеция қылмыстық заңнамасы

Швеция заңнамасында қоршаған ортаны қорғау бағытында қылмыстық санкция қылмыстық кодекспен қатар көптеген табиғат қорғау заңнамаларында да қарастырылады.

25.09.1980 жылғы «Қауіпті заттардан қорғау туралы» Заңда химиялық заттарды тасымалдау мен пайдаланудың нәтижесінде материалдық зардаптар және адамдардың денсаулығына зиян келтіргені үшін санкция (айыппұл немесе бас бостандығынан айыру) белгіленген.

Экологиялық қылмыстардың объективті жағы туралы түсінікті Швеция қоршаған ортаны қорғау 1998:808 Кодексінің 29-тарауындағы ережелерден алуға болады, онда 14 параграф бар. §1-де қоршаған ортаға немесе адамның денсаулығына топырақты, суды немесе ауаны ластаудың нәтижесінде зиян алып келуі мүмкін немесе алып келетін қасақана іс-әрекет; шу, вибрация немесе сәулелену нәтижесінде қоршаған ортаға елеулі залал алып келетін қасақана іс-әрекет үшін қылмыстық жауаптылық көзделген [19, 1732 б.].

Айтып кету керек, біздің ҚР ҚК-де шу, вибрация немесе сәулелену нәтижесінде қоршаған ортаға елеулі залалдың келгені үшін қылмыстық жауаптылық мәселесі кездеспейді.

1981 жылдың 1 шілдесіндегі Қоршаған ортаны қорғау туралы Заңның §2-де кінәліні жауаптылыққа қандай да қызметтің жағымсыз зардаптары (генетикалық зардап, қалдықтарды сақтау нәтижесінде және т.б.) қызмет іске асырылғаннан соң ұзақ уақыт өткеннен кейін де тарту мүмкіндігін қарастырады. Бұл қоршаған ортаға қатысты қандай да қызмет үшін заңмен айыппұл немесе екі жылға дейін бас бостанды-

ғынан айыру, ал аса ауыр жағдайларда алты жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы көзделеді §§ 3 -7-ы қоршаған ортаға қауіпті химикаттарымен жұмыс істеуден (§3), тиісті рұқсатсыз экологиялық қызметпен айналысу (§4), экологиялық бақылауды жүзеге асыруға кедергі жасау (§5), экологиялық ақпарат бермеу (§6), сондай-ақ тұрмыстық қоқысты тиісті орындарда қалдырғаны (§7) үшін жауаптылық көзделген.

Солтүстік Европа елдеріндегі экологиялық құқық бұзушылықтың латенттігінің жоғары дәрежелігі ерекше назар аудартады. *Экологиялық заңнамалардың бұзылғандығын хабарламау, немесе қасақана ақпараттарды түзеу* де қылмыс. Бұл қылмыстық әрекет жоғарыда айтылғандай 1998:808 Кодексінің 29-тараудың §6-да орын алған. Аталған норма қолдауды қажет етеді. Себебі, соңғы кездеде қоғам мүшелерінің арасында қалыптасқан «сен тимесең, мен тиме» қағидасы азаматтардың Отан алдындағы борышын сезінуін ұмыттырып барады.

#### Қорытынды

Сонымен, су ресурсы саласындағы шетел қылмыстық заңнамаларын қарастыра келе қылмыстық құқық бұзушылықтың латенттігінің алдын алуда шетел тәжірибесін ескерудің орны зор. Осы орайда, Швеция қылмыстық заңнамасында, кеңес одағы тұсындағы ҚК-де орын алған экологиялық заңнамалардың бұзылғандығын хабарламағаны, немесе қасақана ақпараттарды түзгені үшін қылмыстық жауаптылық көздейтін норма жетілдіріліп, отандық кодексте орын алса, сондай-ақ ҚР ҚК-де шу, вибрация немесе сәулелену нәтижесінде қоршаған ортаға елеулі залалдың келгені үшін заңды жауаптылыққа тарту мәселесі қарастырылса орынды болар еді, деп есептейміз.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қараңыз: Гевердовский Я. Обзорение киргиз-кайсацких степей //Вестник ИГРО. Ч. XX. 1822; Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. – СПб., 1832.
2. Отырар кітапханасының аңызы мен ақиқаты // <http://ult.kz/post/otyrar-kitapkhany-nyzy-men-akikaty>
3. Энциклопедия. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2005 ISBN№9965-17-272-2.
4. Султанов Т.И., Абусеитова М.Х. Общество и культура //История Казахстана и Центральной Азии. Алматы, 2001. С. 365-374; Усеров Н. Указ. соч. С. 17-24; История Казахской ССР. В 5-ти томах. Т. II. С. 334-341.
5. Даланың алғашқы заңдары//<http://e-history.kz/kz/project/view>
6. Искаков И.Ж. Обзор уголовного права Казахстана, его эволюционного пути от обычного права к кодифицированному законодательству // Выступление на международной научно-практической конференции «Актуальные проблемы теории и практики применения уголовного и уголовно-процессуального права Республики Казахстан» (Щучинск, июнь 2007 года) журнал «ЮРИСТ» Июль, №7, 2007 /<https://journal.zakon.kz/203489-obzor-ugolovnogo-prava-kazakhstan-ego.html>
7. Қараңыз: Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. Т. 4. -Алма-Ата, 1961. – С. 94.
8. СУ РСФСР. 1919. -№ 36. – Ст. 354.
9. Швеков, Г.В. Первый советский уголовный кодекс / Г.В. Швеков. – М.: Высш. шк., 1970.
10. Қараңыз: Абель Е. История государства и права Республики Казахстан с древнейших времен до начала XX в. – Астана, 2000. – С. 141.

11. Уголовный кодекс РСФСР от 1926 года. – М.: Юрид. изд-во НКЮ РСФСР, 1929.
12. Қазақ СРО-ның Қылмыстық кодексі // <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K590002000>.
13. Қылмыстық кодексі (1997 жылғы 16 шілде № 167-І) (2014.10.06. берілген өзгерістер мен толықтырулармен).
14. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі: 2014 жылы 3 шілдеде, №226-V қабылданған // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>.
15. Никифоров А.А. Правовые основы и организация борьбы с экологической преступностью в странах Северной Европы // *Право и политика* II (179). – 2014. – С. 1726-1735
16. Финский профессор: Уголовный кодекс, принятый при русском царе, немного устарел // <http://fontanka.fi/articles/17192/>
17. Никифоров А.А. Правовые основы и организация борьбы с экологической преступностью в странах Северной Европы // *Право и политика* II (179). – 2014 – С. 1726-1735.
18. Возмещение экологического ущерба (правовые и экономические аспекты проблемы прошлого экологического ущерба) / Под редакцией С.А. Боголюбова и И.Н. Сенчени. – М.: Издательство Научного и учебно-методического центра, 2001. – 144 с.
19. Никифоров А.А. Правовые основы и организация борьбы с экологической преступностью в странах Северной Европы // *Право и политика* II (179). – 2014. – С. 1726-1735.

УДК: 343.2/7

МРНТИ: 10.77.21

Г.Н. Рахимова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы ҚазҰПУ, Тарих және құқық институты, мемлекеттік және азаматтық құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.м., Алматы қ., Қазақстан  
e-mail: [gakku\\_almatycity@mail.ru](mailto:gakku_almatycity@mail.ru)

## ҚЫЛМЫСҚА ДАЙЫНДАЛУДЫҢ МАЗМҰНЫН АНЫҚТАУДАҒЫ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР

Аңдатпа

Аталған мақалада қылмысқа дайындалудың түсінігі беріліп, ол үшін жаза тағайындау кезіндегі ескерілетін мән-жайлар қарастырылады.

**Түйін сөздер:** қылмыстық құқық, аяқталмаған қылмыстық құқық бұзушылық, қылмысқа дайындалу, жаза тағайындау.

Г.Н. Рахимова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>М.п.н., старший преподаватель кафедры государственных и гражданско-правовых дисциплин института истории и права, КазНПУ имени Абая, г. Алматы, Казахстан  
e-mail: [gakku\\_almatycity@mail.ru](mailto:gakku_almatycity@mail.ru)

## НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ОПРЕДЕЛЕНИЯ ПОНЯТИЯ ПРИГОТОВЛЕНИЯ К ПРЕСТУПЛЕНИЮ

Аннотация

В данной статье рассматривается понятие приготовления к преступлению, в том числе уголовные наказания за приготовление к преступлению.

**Ключевые слова:** уголовное право, приготовление к преступлению, неоконченное правонарушение, наказание.

G.N. Rakhimova<sup>1</sup>

<sup>1</sup>m.p.l., senior teacher of of the Department of State Civil and Legal Disciplines law the institute of History and Law of Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan  
e-mail: [gakku\\_almatycity@mail.ru](mailto:gakku_almatycity@mail.ru)

## SOME QUESTIONS CONCEPT OF PREPARING FOR CRIME

Abstract

This article deals with the concept of preparation for a crime, including criminal punishment for preparing for a crime.

**Keywords:** criminal law, preparation for crimes, not finished offense, punishment.

## Кіріспе

ҚР Қылмыстық Кодексінің 24-бабының 1-бөліміне сай, тікелей пиғылмен жасалған, қылмыс құралдарын немесе қаруларын іздестіру, әзірлеу немесе бейімдеп жасау, қылмысқа сыбайлас қатысушыларды іздестіру, қылмыс жасауға сөз байласу не қылмыс жасау үшін өзге де қасақана жағдайлар жасау, егер бұл ретте қылмыс адамның еркіне байланысты емес мән-жайлар бойынша ақырына дейін жеткізілмеген болса, қылмысқа дайындалу деп танылады. Жоғарыдағы анықтамаға сай, дайындық алдын-ала жасалған қылмыстық әрекеттің алғашқы сатысы екені көрініп тұр. Осы сатыда адам ойында қалыптасқан қылмыстық ниетті орындауға кіріседі.

Қазақстан Республикасының қылмыстық заңдарына сәйкес қылмысқа дайындықтың объективтік белгілері төмендегі нысандарда болуы мүмкін:

1. Қылмыс жасауға қару және құрал іздестіру;
2. Табылған қару немесе құралды қылмыс жасауға бейімдеу;
3. Қылмысқа қатысушыларды іздестіру және олармен сөз байласу;
4. Қылмыс жасау үшін қолайлы жағдай туындату.

1) Құрал – қаруларды іздестіру дегеніміз – әртүрлі жағдайлармен қылмыс жасау үшін құрал жабдықтарды, қару-жарақтарды іздеу, табу, айырбастау, заңсыз алу және басқа әрекеттер арқылы ие болуды айтамыз. Қаруды не заттың қандай түрін тапса да, ол қылмыс жасау үшін жасалады. Бұл әрекеттер заңды және заңсыз соның ішінде қылмыстық та болады, мысалы адам қылмыс жасау мақсатымен қаруды ұрлауы т.б.

2) Құрал және қаруларды бейімдеу дегеніміз адамның алдын-ала ойлап қойған қылмысты жүзеге асыру үшін заттарды соған жарамды етіп бейімдеуін айтамыз (кісіні өлтіру үшін түрпіні егеу, заттардың сыртқы түрін, көлемін, пішінін өзгерту т. б.)

3) Құрал және қаруларды жасау дегеніміз – қылмыс жасау үшін құрал-жабдықтарды, қаруды кез келген жағдаймен жасауды айтамыз. Мысалы, үй тонау үшін сол пәтердің кілтін жасау, қайқы темір жасау т. б.

4) Басқа да жағдайлар жасау дегеніміз – қылмысқа жағдай жасау түрлері әртүрлі ол тек жоғарыда айтылғандармен шектелмейді, сондықтан заңның мәтінінде нақты көрсетілген. Қасақана басқа бір жағдай туғызу қылмысты істеуге даярланғандық болып табылады. Бұл жағдайларға қылмыс жасау үшін ұйымдасқан топ құру, қылмыс жасау үшін кедергілерді жою (дыбыс жүйесін жарамсыз күйге келтіру,

электр жүйесін зақымдау, итке у беріп өлтіру) үй иелерінің пәтерде болмайтын уақытын анықтау және т.б. жатады. Сонымен қатар, дайындық әрекеттеріне қылмысқа қатысушыларды іздестіру және олармен қылмыс жасау туралы сөз байласу жатады [1, 230 б.].

Қылмыс жасау үшін келісу дегеніміз – қылмыс жасау үшін екі және одан да көп адамдардың келісімге келуін айтамыз.

Қылмыс жасау заттары деп – әртүрлі заттарды айтуға болады, құжаттардың, қарулардың көмегімен қылмыстық қол сұғушылық оңайлатылады. Мысалы, ұрлық жасау үшін құжаттарды қолдан жасау, арнаулы киімдер мен бетперделер кию т.б.

Қылмыс жасау құралдарына, объективтік пайдалануға жарайтын кез келген заттарды мысалға келтіруге болады: суық және атқыш құралдардың барлық типтері, түрлері, маркалары, пышақтар олардың түрлері, қылмысқа қолданатын заттар: дәрі, у, кастеттер, сүймендер, балталар, аралар, біз т.б., заттардың көмегімен қылмыс жасау анағұрлым жеңілдетіледі.

Белгілі бір әрекетті қылмысқа дайындық деп саралау барысында Қылмыстық Кодекстің Ерекше бөлімінің бабына сілтеме жасаумен қатар, әруақытта 24 баптың 1 бөліміне де сілтеме жасау керек [2, 140 б.]. Қылмысқа дайындық сөз жоқ әрекеттермен (қарулану, құжат жасау) бейнеленеді, бірақ кейде әрекетсіздік арқылы да жүзеге асырылады (сейфті әдейі ашық қалдыру, бағалы заттар қоймасын әдейі құлыптамау).

Кейбір жағдайларда сыртқы көрінісі дайындыққа ұқсас әрекеттерді заң жеке аяқталған қылмыс есебінде қарастырады. Бұл жағдайда заң аяқталған қылмыс болып табылатын әрекетті, басқа қылмыстарда оқталу немесе оқталуға дайындық ретінде қарастырады. Мысалы, ұйымдасқан қарулы топ құру бір қылмыс үшін дайындық әрекеті болса, екінші жағдайда мәселен, 268 бапта тұрақты қарулы топ құрудың өзі аяқталған қылмыс болып табылады. Осыған байланысты, бұл жерде қылмысқа оқталу жоқ, ал дайындық сатысының аяқталған қылмыспен ұштасып кеткені мәлім болып отыр.

Қылмысқа дайындықтың қоғамға қауіптілігін анықтауға қажетті талаптардың бірі болып, біздің ойымызша, қылмыс жасаудың нақты сипаты табылады. Ол өз кезегінде біріншіден, дайындық әрекеттерінің сипаты және көлемімен, екіншіден, қылмыстық нәтижеге жақындығымен анықталады. Сипаты бойынша әртүрлі дайындық әрекеттері қоғамға әртүрлі дәрежеде қауіп төндіреді. Дайындықтың келесі негізгі белгісі әрекеттің адамның еркінен тыс жағдайларға байланысты үзілуі.



Дайындалу мен оқталудың ара жігін айырып беретін «қылмыс жасау басталғанға дейін» деген сөздерді енгізу де кодекстің теориялық моделінің оң сәттеріне (ішінара) жатқызуға болады. «Қылмысқа дайындалу, осылай деп айтуға келетін болса, қылмыстың табысты жасалуын «техникалық» қамтамасыз етуге, қолайлы жағдайлар жасауға, жоспарланған қылмысты нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған. «Қылмыстың объективті құрамының «орындала басталуы» – қылмыс жасаудың келесі сатысына, қылмыс жасауға оқталуға көшудің басталуы, бұл ретте тиісті қылмыстардың объективті тұстарына жатқызылатын қылмыстар жасалады.

Айтылған сөздер ішінара оң болып табылатыны, қылмыстың орындалу сәтінің басталғанын анықтауды үйрену керектігі ешқандай күмән туғызбайды, алайда осы сәттің қылмыс жасаудың басталуы деп белгілеумен келісе қою қиын. Модельдік кодекстің авторлары өздеріне өздері қарсы келіп отыр, өйткені өздерінің ұстанымдарын негіздеу үшін былай деп жазады: орындалудың басталуы – қылмыс жасаудың келесі сатысына көшу, яғни қылмыс жасаудың бұған әлде бір сатысы болған. Егер бұл осылай болса, қылмыс жасаудың келесі сатысы оның басталуы бола алмайды, ол жалғасы ғана болуы мүмкін. «Қылмыстың орындалуы басталғанға дейін» термині барынша дәл болып табылады, мұнда дайындалу мен оқталудың ара жігін айыру элементі сақталған және сонымен бірге «қылмыс жасау» деген айқындалмаған тұжырым алынып тасталған.

Сондай-ақ 1996 жылы ақпанның 17-сінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Парламентаралық ассамблеясының жетінші пленарлық отырысында қабылданған Моделді қылмыстық кодексте де (Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы үшін ұсынбалы заңнама актісінде) дайындалу – аяқталмаған қылмыс ретінде тұжырымдалған: «Тікелей қасақана құралдарды немесе аспаптарды іздестіру, жасау немесе бейімдеу, қылмыс жасауға ымыраласу немесе қылмыс жасау үшін қасақана жағдайлар жасау, егер бұл ретте қылмыс тұлғадан тәуелсіз мән-жайларда басталғанға дейін соңына дейін жеткізілмесе, қылмысқа дайындалу деп танылады» (31-бап).

Біздіңше заң шығарушы қылмыстың жолын кесуді жеткілікті дұрыс тұжырымдаған: «қылмыс соңына дейін жеткізілмеген», басқаша айтқанда қылмыс басталған, тіпті әлде бір әрекеттер де жасалған, осыған қарамастан ол үзілген. Расында, қылмыстық заң теориясында көрсетілген фраза сынға алынған болатын, өйткені ол «қылмыс

жасау үшін жағдайлар жасаудың мерзімдік шеңберлерін дәл анықтамайды (ал қылмысқа дайындалу сатысы қылмыс жасалғанға дейін ғана созылады ғой)». Осындай сындардың пайда болу себептері де түсінікті.

Заң шығарушы ҚР ҚК 24-бабының 1-бөлімінде қылмысқа дайындалудың анықтамасын берген кезде негізгі белгі ретінде осы белгіні атап көрсеткен. Осыған байланысты Назар аударатын мәселе, егер субъект қылмысқа дайындалу барысында кедергіге жолықса, оны жоюдың мүмкін еместігін түсінсе және өз еркінен тыс мән-жайларға байланысты қылмысты жасама-са, оның жауаптылығы туралы сұрақты кімнің шешуі қажеттігі туралы талас туындайды.

Қылмысқа дайындық құрамының, аяқталған қылмыс құрамынан және қылмысқа оқталудан өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл ерекшелік дайындық әрекеттерінің объективтік белгілеріне және субъективтік жағына байланысты.

Біріншіден, қылмысқа дайындық кезінде, ойластырылған қылмыс объектісіне тікелей әсер ету әлі болмайды. Мысалы, мекемеден сейфтің ішінде көп ақша бар деген сеніммен сейфті ашу үшін адамның автогендік аппаратты іздеп табуы, қылмыстық заңмен қорғалып отырған объектіге, яғни жеке меншікке қол сұғылды деген сөз емес.

Екіншіден, кез келген қылмысқа дайындық әрекеттері қылмысқа дайындықтың объективтік жағын құрайды. Мысалы, кісі өлтіру мақсатымен адамның пышақ сатып алуы, қасақана кісі өлтірудің объективтік жағын өлім құрамайды. Қасақана кісі өлтірудің объективтік жағын, зорлықпен адамды өз өмірінен айыру құрайды. Сонымен, қылмысқа дайындық құрамы өзінің жеке объективтік жағымен сипатталады.

Қылмысқа дайындықтың объективтік жағы тек әрекет арқылы жүзеге асырылады. Бұл Қылмыстық Кодекстің 24-бабының 1-бөліміндегі анықтамадан туындайды, өйткені қылмыстық заң бұл сатының тек белсенді нысанының кезеңін көрсетеді. Соған орай, көрсетілген нысанның қай-қайсысы болса да әрекетсіздік жолымен жүзеге асырылмайды. Бұл жерде объективтік жағының ерекшелігі қылмыстың адам еркінен тыс жағдайларға байланысты аяғына дейін жетпей калуы. Сондықтан, біз екі жағдайды естен шығармауымыз керек. Біріншіден, қылмысқа дайындық, аяқталған қылмыс құрамын құрамауы керек. Мысалы, жымқыру мақсатында шабуыл жасау үшін (ҚР ҚК 192 -бап.) қаруды заңсыз жасау (ҚР ҚК 288 -бап.) немесе жымқыру не қорқытып алу (ҚР ҚК 291-бап.) аталған қылмысқа дайындық әрекеті болса да, басқа қылмыстың аяқталған құрамы болып табылады

(қаруды, оқ-дәріні және жарылғыш заттарды заңсыз алып жүру, сақтау, алу, жасау және өткізу). Екіншіден, адамның ойлап қойған қылмысы, сол адамның еркінен тыс жағдайларға байланысты қылмыстық әрекет аяғына дейін жетпей калуы керек; яғни кінәліге байланысты емес жағдайлармен аяқталмай, қылмысқа дайындық ретінде қалуы керек [3, 52 б.].

Субъективтік жағынан, қылмысқа дайындық тек қасақана кінәмен сипатталып тікелей қасақаналық түрінде болады. Адам қылмысқа дайындық жасағанда, өз әрекетінің қоғамға қауіпті екенін біледі, қылмыс жасалуына жағдай жасап, сол әрекеттің болуын саналы түрде тілейді, кейбір жағдайда әрекетсіздікпен әсер етеді [4, 21 б.].

Қолданыстағы қылмыстық заң қандай да бір қылмыс шеңберінде дайындық, үшін жауапкершілікті шектемейді. Алайда, тәжірибеден мәлім қылмысқа дайындық әрекеттері үшін жауаптылыққа тарту жиі кездеспейді. Ол біршама себептермен түсіндіріледі.

Біріншіден, дайындық жасырын түрде жүреді, ол туралы нақты мәлімет болмағандықтан, ашылмай қалады. Көптеген жағдайда жасалынған әрекеттердің қылмыстық бейнесін дәлелдеу қиын (мысалы, балтаны немесе кілтті алғанын).

Екіншіден, көп жағдайда адам дайындық әрекеттерімен ғана шектелмейді, одан әрі оқталу сатысына не қылмыстың аяқталуына өтіп кетеді де, дайындықты жеке қараудың қажеттілігі болмай қалады.

Тәжірибе көрсеткендей көп жағдайда айыптының дайындалған қылмыстық әрекеті, оған дайындық істері де қоғамға қауіптілігі мардымсыз болғандықтан, айыптыны жауаптылыққа тарту қажетсіз болып қалады.

Әдетте, ауыр және аса ауыр қылмыс жасауға дайындық кезінде дайындық үшін жауаптылыққа тарту мәселесі туындайды. Сондықтан да, Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексі бұл ережені іс жүзінде бекіткен.

Демек, қолданыстағы заң бойынша тек ауыр немесе аса ауыр қылмысқа жасалған дайындық үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылады. Бұл бізге дұрыс сияқты. Бұдан басқа айыптының қылмыс жасау ниетінің тұрақтылығын көрсететін әрекеттер де жауапқа тартылады (ұйымдасқан қылмыс тобын құру) Мәселен, Ресейдің Қылмыстық Кодексінде де дайындық үшін қылмыстық жауаптылық шегі, ауыр және аса ауыр қылмыстармен шектелген (РФ ҚК 306.26.) [5, 50 б.]. Қылмысқа дайындықты, арам ниетті табу мен оқталудан айыра білу қажет. Қылмысқа дайындықтың арам ниет ойлаудан айырмашылығы: арам ниетте адам тек қылмыс

жасауға ниет білдіреді, ал дайындықта сол қылмысқа нақты әрекеттермен жағдай туғызады. Арам ниетті байқағанда қоғамға қауіпті әрекеттер болмайды, ал дайындықта, нақты қылмыс жасау үшін алғы шарттар болатын қоғамға қауіпті әрекет жасалынады.

Дайындықтың, оқталудан айырмашылығы оқталуда құқықпен қорғалынатын объектілерге тікелей қол сұғушылық болады және бұл объект зиян шегу қаупіне қалады не оған ішінара зиян келтіріледі, ал дайындықта мұндай объектілерге қол сұғушылық болмайды.

Қылмысқа дайындық үшін жаза тағайындағанда сот жаза тағайындаудың жалпы ережелерін және аяқталмаған қылмыс үшін жаза тағайындау ерекшеліктерін ескереді. Сонымен қатар, қылмыстың аяқталмай калуына себепші жағдайлар есепке алынады.

Қылмысқа дайындық үшін жазаның мөлшері аяқталған қылмыс үшін ҚК-тің Ерекше бөлімінде көрсетілген тиісті бап үшін белгіленген ең қатаң жазаның жартысынан аспауы қажет. Қылмысқа дайындық үшін өлім жазасы немесе өмір бойына бас бостандырынан айыру жазасы қолданылмайды.

#### **Қорытынды**

Сонымен, жоғарыда айтылған мәселелерді қорыта келе, қылмысқа дайындалуға тән келесі белгілерді бөліп көрсетуімізге болады:

1. Қылмысты жүзеге асыру мен қылмысқа дайындалу бір-бірінен уақыт мерзімі бойынша бөлек тұрады. Яғни, дайындық әрекеттері заңмен қорғалынатын объектіге зиян келтірудің алдында немесе одан уақыт бойынша біраз алшақ болуы мүмкін. Дайындық іс-әрекеттерінің уақыт бойынша алдыда болуының үлкен маңызы бар, қылмысқа дайындалғандығына байланысты қылмыстың қоғамға қауіптілік дәрежесі мен сипатын білуге болады. А.А. Пионтковскийдің пікірінше, бірнеше апталар мен айларға созылған дайындық іс-әрекеттері қылмыстың қоғамға қауіптілігінің жоғарылығын білдіреді [6, 504 б.]. Сонымен қатар, мұндай іс-әрекеттер қылмысты жасау ниетінің нақтылығын білдіреді. Көптеген жағдайларда дайындық іс-әрекетінің көп уақытты қамтуы субъектінің сенімсіздігінен де, оның екіұдайылығынан, қылмыс жасаудан бас тарту ниетінен де болуы мүмкін екенін естен шығармау қажет.

2. Дайындық іс-әрекеттері көп жағдайда қылмыс бағытталған объектіден кеңістік тұрғысынан қашықта болады. Мысалы, кісі өлтіру үшін алынатын қаруы көбінесе объектіден алшақта алынады.

Сонымен, қылмысқа дайындалу деп қылмыс құралы мен жабдықтарын іздеу, дайындау және

бейімдеу, қылмысқа сыбайлас іздестіру, қылмыс істеуге сөз байласу немесе қылмыс жасауға жағдай тудыратын алдын-ала ойластырылған кез-келген іс-әрекет аталады.

Бұл жағдайда қылмысты істеу үшін жағдай жасау әртүрлі іс-әрекетті қамтиды, олардың

қатарында жоғарыда келтірілгендер де бар. Қылмыс құралы мен жабдықтарын іздеу, дайындау және бейімдеу, қылмысқа сыбайлас іздестіру, қылмыс істеуге сөз байласу сынды дайындық іс-әрекеттерінің түрлері тәжірибе жүзінде жиі кездесетіндіктен атап көрсетіледі.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Таганцев Н.С. Новое уголовное право России. – М., 1996. – 358 с.
- 2 Кудрявцев В.Н. Общая теория квалификации преступлений. – М.: Юристъ, 1999. – 304 с.
- 3 Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық. Жалпы бөлім. – Алматы, Жеті жарғы, 2008. – 212 б.
- 4 Красиков Ю.А. Субъективная сторона преступления. – М.: ИНФРА М – НОРМА, 1996. – 48 с.
- 5 Комментарий к Уголовному кодексу РФ. – М.: ИНФРА М-НОРМА, 1996. – 832 с.
- 6 Пионтковский А.А. Учение о преступлении по советскому уголовному праву. – М.: Госюриздат, 1961. – 666 с.

УДК: 343.2/.7

МРНТИ: 10.77.01

*А.Б. Сагынбекова<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>магистрант 2-курса специальности 6М030100-юриспруденция  
Института истории и права КазНПУ им. Абая, г. Алматы, Казахстан  
e-mail: [Anel\\_kazbek@mail.ru](mailto:Anel_kazbek@mail.ru)*

*Научный руководитель: Т.Б. Хведелидзе<sup>2</sup>*

*<sup>2</sup>к.ю.н., старший преподаватель кафедры уголовно-правовых дисциплин  
Института истории и права КазНПУ имени Абая, г. Алматы, Казахстан  
e-mail: [khvedelidze\\_tima@mail.ru](mailto:khvedelidze_tima@mail.ru)*

## УГОЛОВНО-ПРАВОВАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА НЕСОВЕРШЕННОЛЕТНЕГО КАК СУБЪЕКТА ПРАВООТНОШЕНИЙ

*Аннотация*

Судьба подрастающего поколения всегда волновала общество Казахстана и человечества в целом. Такая обеспокоенность вызвана, в первую очередь, тесной взаимосвязью благополучия ребенка и нормального развития, безопасности общества и государства. Одной из самых актуальных и социально значимых задач, стоящих перед нашим обществом сегодня, безусловно, является поиск путей снижения роста преступлений среди молодежи и повышенная эффективности их профилактики.

Базовыми актами, регулирующими вопросы уголовной ответственности несовершеннолетних является УК РК от 3 июля 2014 года, закон РК от 9 июля 2004 № 591-ІІ «О профилактике правонарушений среди несовершеннолетних и предупреждении детской бездарности и беспризорности». Роль науки уголовного права состоит в постоянном совершенствовании правовых средств борьбы с преступностью. Несовершеннолетними признаются лица, которым ко времени совершения уголовного правонарушения исполнилось четырнадцать, но не исполнилось восемнадцати лет.

Обеспечение прав и свобод личности как высшей ценности в государстве невозможно без наличия целенаправленной государственной политики в области борьбы с различными видами преступности, в том числе преступностью несовершеннолетних.

С течением времени актуальность вопросов, связанных с исследованием разнообразных аспектов преступности несовершеннолетних и их уголовной ответственности, не только не уменьшилась, но и многократно увеличилась.

**Ключевые слова:** несовершеннолетний, возраст, уголовное право, уголовно-процессуальное право, уголовная ответственность, преступность.

*А.Б. Сагынбекова<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Абай атындағы ҚазҰПУ-ті Тарих және құқық институты  
6М030100-Құқықтану мамандығының 2-курс магистранты, Алматы қ., Қазақстан  
e-mail: [Anel\\_kazbek@mail.ru](mailto:Anel_kazbek@mail.ru)*

Ғылыми жетекшісі: Т.Б. Хведелидзе<sup>2</sup>

<sup>2</sup>Абай атындағы ҚазҰПУ-ті Тарих және құқық институты,  
Қылмыстық-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушы, з.ғ.к., Алматы қ., Қазақстан  
e-mail:khvedelidze\_tima@mail.ru

## КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАН АДАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАТЫНАСТАР СУБЪЕКТИСІ РЕТІНДЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ СИПАТТАМАСЫ

*Аңдатпа*

Жас ұрпақтың тағдыры Қазақстан қоғамын және тұтастай алғанда адамзаттың қамын ойлайды. Мұндай қамқорлық, ең алдымен, баланың әл-ауқаты мен қалыпты дамуы, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігі арасындағы тығыз қарым-қатынасқа байланысты. Біздің қоғамымыздың алдында тұрған аса маңызды және әлеуметтік маңызы бар міндеттердің бірі жастардың арасында қылмыстың өсуін төмендету жолдарын табу және оларды алдын-алудың тиімділігін арттыру.

Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігін реттейтін негізгі актілер 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі №591-II «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықты болдырмау және баласыздықтың алдын-алу және үйсіздік» туралы заңы болып табылады. Қылмыстық құқық ғылымының рөлі қылмысқа қарсы күрестің құқықтық құралдарын үздіксіз жетілдіру болып табылады. Кәмелетке толмағандар қылмыстық іс қозғалған кезде он төрт жаста, бірақ он сегіз жасқа толмаған тұлғалар деп танылады.

Жеке адамның құқықтары мен бостандықтарын мемлекет ішіндегі ең жоғарғы құндылық ретінде қамтамасыз ету әртүрлі қылмыспен, оның ішінде кәмелетке толмаған құқық бұзушылықпен күрес саласындағы мақсатты мемлекеттік саясат болмаса, мүмкін емес.

Уақыт өте келе, кәмелетке толмаған құқық бұзушылықтың әртүрлі аспектілерін және олардың қылмыстық жауапкершілігін тергеуге байланысты мәселелердің өзектілігі тек қана емес, сонымен қатар көп қырлы болды.

**Түйін сөздер:** кәмелетке толмаған, жас, қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу құқығы, қылмыстық жауапкершілік, қылмыс.

*A.B. Sagynbekova*<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Master degree's student of 2 course of speciality 6M030100 law of Institute of history  
and law of KAZNPU of a name of Abay, Almaty, Kazakhstan  
e-mail:Anel\_kazbek@mail.ru

*Research supervisor: T.B. Khvedelidze*<sup>2</sup>

<sup>2</sup>Candidate of law Sciences, senior lecturer department of criminal-legal disciplines  
of Institute of history and law KAZNPU of a name of Abay, Almaty, Kazakhstan  
e-mail:khvedelidze\_tima@mail.ru

## CRIMINALLY-LEGAL CHARACTERISTIC OF THE MINOR AS THE SUBJECT OF LEGAL RELATIONS

*Abstract*

The fate of the younger generation has always worried the society of Kazakhstan and humanity as a whole. Such concern is due, first of all, to the close relationship between the child's well-being and normal development, the security of society and the state. One of the most urgent and socially significant tasks facing our society today is certainly to find ways to reduce the growth of crime among young people and the increased effectiveness of their prevention

The Basic Acts regulating the criminal responsibility of minors is the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan of July 3, 2014, the law of the Republic of Kazakhstan of 9 July 2004 No. 591-II "On the Prevention of Offenses among Minors and Prevention of Childless Invalidity and Homelessness". The role of the science of criminal law is to continuously improve the legal means of combating crime. Juveniles are recognized as persons who, at the time of the commission of a criminal offense, were fourteen, but were under the age of eighteen.

Ensuring the rights and freedoms of the individual as the highest value in the state is impossible without the existence of a purposeful state policy in the field of combating various types of crime, including juvenile delinquency.

Over time, the relevance of issues related to the investigation of various aspects of juvenile delinquency and their criminal responsibility has not only not diminished, but has also increased manyfold.

**Key words:** minor, age, criminal law, criminal procedural law, criminal liability, crime.

## Введение

Проблема детской преступности стоит остро в нашей стране. Чтобы оздоровить среду и оказать помощь несовершеннолетним, оказавшимся в неблагоприятных условиях воспитания, необходимо предупредить и предотвратить переход подростков на преступный путь и создать условия для исправления.

Для того, чтобы избежать увеличение преступности среди несовершеннолетних проводится ряд мер по профилактике преступлений правоохранительными и государственными органами.

Важное направление в системе предупреждения преступности среди несовершеннолетних создано Комитетом по правовой статистике и специальным учетом Генеральной прокуратуры РК.

Необходимо помнить, что только комплексный подход, основанный на взаимодействии различных секторов государства и общества, семьи, школы, общественности и правоохранительных органов, а также грамотная законодательная база могут дать положительные результаты в решении данной проблемы.

Обращаясь к вопросу о несовершеннолетнем субъекте преступления, не можем не остановиться на исследовании исторических предпосылок определения возраста, с наступлением которого лицо может быть привлечено к уголовной ответственности.

Дошедших до наших дней правовых памятниках Древней Руси и периода образования централизованного государства мы не находим норм для содержательного анализа института определение возраста уголовной ответственности (судебник) [1], [2], [3] [4]. Не смотря на то, что в данный период (X-XVI вв.) существовали свои представления о минимальном возрастном пороге, с которого целесообразно привлекать лиц к уголовной ответственности, этот вопрос не нашел своего отражения в законодательных актах того времени.

Первое упоминание в законе о минимальном возрасте, с которого лица, совершившие определенные преступные деяния, подлежали привлечению к уголовной ответственности, содержится в Уложении Алексея Михайловича 1649 [5]. Это постановление, как отмечал Н.С. Таганцев, целиком было взято из зарубежного права, применявшееся, прежде всего, в церковных судах, и оно не имело безусловного значения, так как в других законодательных положениях в зависимости от преступного деяния были указания на иной минимальный возраст ответственности – 12, 14 и даже 20 лет.

**Цель настоящего исследования** заключается в выработке отдельных предложений по предотвращению преступности среди несовершеннолетних.

**Методология исследования** отдельных видов преступлений представляет собой раздел криминалистики, изучающий опыт совершения и практику расследования преступлений и разрабатывающий на основе познания их закономерностей систему наиболее эффективных методов расследования и предупреждения разных видов преступлений.

**В основе применения уголовного законодательства РК** лежат те же принципы, которые имеют отношение, как и к взрослым, так и к несовершеннолетним. Однако это не означает, что к несовершеннолетним могут применяться нормы особой и общей части УК РК [6], на равных основаниях. Проблема детской преступности стоит остро в нашей стране. Чтобы оздоровить среду и оказать помощь несовершеннолетним, оказавшимся в неблагоприятных условиях воспитания, необходимо предупредить и предотвратить переход подростков на преступный путь и создать условия для исправления.

Исходя из гуманного, бережного отношения к несовершеннолетним, уголовное законодательство РК обязывает судебно-следственные органы с особой осторожностью подходить к привлечению их к уголовной ответственности и назначении им наказания. Уголовная ответственность несовершеннолетнего, на которых распространяется действие настоящего раздела (раздел VI ст.80) [6], признаются лица, которым ко времени совершения уголовного правонарушения исполнилось четырнадцать лет, но не исполнилось 18 лет. Несовершеннолетним, совершившим уголовное правонарушение, может быть назначено наказание либо к ним могут быть применены принудительные меры воспитательного воздействия. Определяя круг преступлений, по которым установлена уголовная ответственность с 14 лет, законодатель принимает во внимание ряд обстоятельств и руководствуется не одним каким-либо критерием, а несколькими взаимосвязанными критериями взятыми в совокупности. Прежде всего законодатель исходит из того, что подросток в данном возрасте обладает той степенью интеллектуального и волевого развития, которое дает возможность осмысливать совершаемые им деяния, осознавать его общественную опасность и противоправность, а так же руководить своими действиями.

При установлении уголовной ответственности с 14-летнего возраста за преступление, пере-

чень которых дается в ч.2 ст.15 УК РК[6] законодатель учитывает тяжесть или степень общественной опасности большинства из них. За все остальные преступления, не включенные в перечень, уголовная ответственность установлена с 16-летнего возраста.

**Несовершеннолетние как субъекты уголовного права** обладают правосубъектностью, то есть предусмотренные нормами права способностью (возможностью) быть участниками правоотношений, а стало быть являются правоспособными, дееспособными, деликтоспособными.

Так, правоспособностью несовершеннолетние обладают с момента рождения. Дееспособность выражается совершением юридических актов и поступков. Деликтоспособность – способность отвечать за неправомерные действия.

Положение статьи ст.81 УК РК [6] определяют следующие перечень наказаний, их размер и особенности применения в отношении несовершеннолетнего. В соответствии с ними суд в праве подвергнуть лицо не достигшее 18-летнего возраста к следующим видам наказания: лишение права заниматься определенной деятельностью, штраф, исправительные работы, привлечение к общественным работам, ограничение свободы.

**Наличие в УПК [7]** главы об особенностях производства по уголовным делам в отношении несовершеннолетних соответствует международным обязательствам Казахстана. Резолюции Генеральной Ассамблеи ООН 40/33 от 10 декабря 1985 года [8] приняты минимальные стандартные правила, касающиеся отправления правосудия в отношении несовершеннолетних, известные как пекинские правила. Они предписывают в рамках каждой национальной юрисдикции предпринять усилия для принятия комплекса закона, правил и положений, которые относятся непосредственно к несовершеннолетним правонарушителям, учреждениям и органам, в функции которых входит отправление правосудия в отношениях несовершеннолетних, и которые призваны:

а) удовлетворять различные потребности несовершеннолетних правонарушителей, защищая при этом их основные права

б) удовлетворять потребности общества

с) проводить в жизнь следующие правила неукоснительно и беспристрастно.

Из Пекинских правил следует. В частности, необходимость создания специальной системы правосудия в отношении несовершеннолетних (в научной литературе в связи с этим используется термин «Ювенальная юстиция». [9]

#### **Выводы**

Подводя итог по выбранной работе тематики, можно сделать вывод о том, что современное положение несовершеннолетнего в уголовном праве РК далеко не неоднозначно. Очевидными представляются как его достоинства, так и недостатки.

Одним из главных вопросов, волнующих сегодня людей в нашей стране является правопорядок и безопасность. Это связано с коренными изменениями, происходящими в обществе, с проявлением новых форм преступности. Она стала организованной, мобильной, технически современно оснащенной. Большинство преступников осведомлены о методах работы правоохранительных органов. Кроме того, прослеживаются тенденции расширения сети межрайонных, межрегиональных и международных преступных связей. Продолжается рост наиболее распространенных видов имущественных преступлений: краж, грабежей, разбойных нападений, мошенничества. Следует отметить увеличение количества зарегистрированных преступлений, связанных с незаконным оборотом оружия. Особую тревогу вызывают тенденции и темпы распространения наркотических средств, особенно в молодежной среде. Преступность стала агрессивнее, изощреннее, более технически оснащенной.

Проблемы борьбы с правонарушениями несовершеннолетних всегда отличались особой остротой и актуальностью. Это обусловлено прежде всего традиционно высокой преступной активностью подростков. Поскольку несовершеннолетние быстрее реагируют на позитивные и негативные изменения, происходящие в обществе, что находит отражение в динамике преступности. Коренные причины роста преступности несовершеннолетних, как и преступности в целом, связаны с противоречиями общественно-го развития.

#### *Список использованной литературы:*

1. Русская Правда, Судебник 1497 г., Псковская и Новгородская судные грамоты, Судебник 1550 г.
2. 3. Русская Правда, Судебник 1497 г.
4. Псковская судная грамота 1467 года (ПСГ). Памятник феодального права России XV века.
5. Васильевский А. Возраст как условие уголовной ответственности // Законность. – 2000. – № 11. – С. 23.
6. Уголовный кодекс Республики Казахстан от 3 июля 2014 года № 226-V с изменениями и дополнениями по состоянию на 11.07.2017 г. Раздел VI статья-80. Раздел II ч.2 статьи-15. Раздел VI статья-81.

7. Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан от 4 июля 2014 года № 231-V (с изменениями и дополнениями по состоянию на 11.07.2017 г.

8. Генеральная Ассамблея ООН 40/33 от 10 декабря 1985 года. Минимальные стандартные правила Организации Объединенных Наций, касающиеся отправления правосудия в отношении несовершеннолетних ("Пекинские правила")

9. Указ Президента Республики Казахстан от 19 августа 2008 г. N 646 «О Концепции развития системы ювенальной юстиции в Республике Казахстан на 2009 – 2011 годы». ИС «ПАРАГРАФ», 2008.

10. Закон Республики Казахстан от 9 июля 2004 года № 591-III «О профилактике правонарушений среди несовершеннолетних и предупреждении детской безнадзорности и беспризорности» с изменениями и дополнениями по состоянию на 18.04.2017 г.

**ҚЫЛЫМЫСТЫҚ ПРОЦЕСС  
УГОЛОВНЫЙ ПРОЦЕСС  
CRIMINAL PROCEEDING**

УДК: 343.12  
МРНТИ: 10.79.35



*Э.П. Кенжибекова<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Абай атындағы ҚазҰПУ, Тарих және құқық институты, қылмыстық-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, з.ғ.к., Алматы қ., Қазақстан  
e-mail: danaestai@mail.ru*

**ЖЕДЕЛ ІЗДЕСТІРУ ӘРЕКЕТТЕРІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІН  
ҚОЛДАНУ ЖӘНЕ ЗАҢДАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

*Аңдатпа*

Аталған мақалада автор жедел-ізвестіру әрекеттерін жүргізу барысында алынған нәтижелерді рәсімдеу мен қолданудың процесуалдық салдарлары туралы мәселелер қарастырылған. Сондай-ақ, жедел-ізвестіру шараларын жүргізу барысында қатысатын қатысушылардың құқықтары мен заңды мүдделеріне қатысты мәліметтермен танысу жағдайлары да назардан тыс қалмаған

**Түйін сөздер:** қатысушылар, заңды мүдделер, жедел-ізвестіру шаралары, жасырын мәліметтер, рәсімдеу, қолдану, тергеп-тексеру, процесуалдық заңнама.

*Э.П. Кенжибекова<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>к.ю.н., старший преподаватель кафедры уголовно-правовых дисциплин института истории и права, ҚазНПУ имени Абая, г. Алматы, Казахстан  
e-mail: danaestai@mail.ru*

**ПРОБЛЕМЫ ПРИМЕНЕНИЯ И РЕГУЛИРОВАНИЯ РЕЗУЛЬТАТОВ  
ОПЕРАТИВНО-РОЗЫСКНЫХ МЕРОПРИЯТИЙ**

*Аннотация*

В данной статье автор рассматривает вопросы применения и правовые последствия оформления результатов, полученных при проведении оперативно-розыскных мероприятий. А также ознакомление с информацией, затрагивающей права и законные интересы участников при ОРМ.

**Ключевые слова:** участники, законные интересы, оперативно-розыскные мероприятия, информация, негласная информация, оформление, применение, процесуальное законодательство

*Е.Р. Kenjibekova<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>К.Ю.Н., Senior Lecturer, Chair of Criminal Law Disciplines, Institute of History and Law  
Kazakh National University named after Abay, Almaty, Kazakhstan  
e-mail: danaestai@mail.ru*



## PROBLEMS OF APPLICATION AND ADJUSTMENT OF RESULTS OF OPERATIVE-PINK ACTIVITIES

### Abstract

In this article, the author examines the application and legal consequences of the registration of the results obtained during the conduct of operational-search activities. And also, familiarization with information affecting the rights and legitimate interests of participants in ORM.

**Keywords:** participants, legitimate interests, operative-search activities, information, secret information, design, application, procedural law

**Кіріспе.** Қазақстан Республикасында Конституцияның 12 бабына сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылады және кепілдік беріледі.

А.С. Байкенжеевтің пікірінше, «Қазіргі таңда Қазақстанның құқықтық дамуының ең басты өзекті мәселесі – заңнаманың жетілмеуінде. Адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету үшін Қазақстанның ұлттық заңнамасын халықаралық нормалармен сәйкестендіру. Қазақстанның қазіргі таңдағы заңнамасының анализі әлемдік стандартқа тек Қазақстан Республикасының Конституциясы ғана сәйкес. Ал қалған заңнама қайта қаралуға жатады» [1].

Жедел-іздістіру қызметі қылмыстылықпен және шетелдік арнайы қызметтер мен халықаралық ұйымдардың сыртқы экспансиясымен күресте табылмас құрал болып табылады [2]. Оны жүргізу барысында азаматтардың жеке өміріне, ұйым, мекеме, кәсіпорындардың мүдделері бұзылмай қоймайтындығы сөзсіз. Сондықтан да заңшығарушы Жедел-іздістіру қызметі туралы Заңда заңмен көзделмеген мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін жедел-іздістіру қызметін жүзеге асыруға, сондай-ақ оларды жүргізу барысында алынған хабарламаларды пайдалануға жол берілмейді деп көрсеткен [3]. Мысалы, жедел-іздістіру қызметінің құралдары мен әдістерін туыстық және таныстық байланыстарды, құқыққа қайшы әрекеттерге қатысы жоқ тұлғаларды тексеру үшін қолдануға, оларға қатысты мәліметтер жинауға тыйым салынады. Алынған мәліметтерді бопсалау немесе насихаттау мақсатында қолдануға, өзге заң бұзушылықтар жіберуге, азаматтардың құқықтары мен міндеттерін шектеуге тыйым салынады.

Жасырын түрінде жүргізілген жедел-іздістіру жұмысының әдістерінде, әрине билікті теріс пайдалану және адам құқықтарының бұзылу қаупі бар. Алайда демократиялық мемлекет проблемасы осы әдістерді заңдылықты және адамның негізгі құқықтарын бұзбай пайдаланудан тұрады. Жедел-іздістіру қызметін жүзеге асырушы органның іс-әрекеті жөнінде жоғары тұрған органға, не прокурорға немесе сотқа шағым жасалуы мүмкін.

Қылмыстық процестегі жария және жасырын жедел-іздістіру әрекеттерін жүргізу кезінде заңдылықты қорғаудың бірнеше деңгейлері іске қосылады:

1) азаматтық құқықтар мен бостандықтарды жариялайтын және кепілдік беретін Қазақстан Республикасы Конституциясының ережелері (1995 ж.);

2) мемлекеттік қызметтің осы түрін анық реттейтін Қазақстан Республикасының «Жедел-іздістіру қызметі туралы» Заңы;

3) дәлелдемелер ұғымдарын, дәлелдемелер алу құралдарының толық тізбесін беретін олардың дерек көздерін және т.б. анықтайтын қылмыстық іс жүргізу заңдарының нормалары;

4) билік шегінен шығу және заңдылықтың өзге бұзушылығы үшін қылмыстық жауапкершілікті белгілейтін қылмыстық заңдардың нормалары;

5) алдын ала анықтау мен алдын ала тергеуге ғана емес, жедел-іздістіру қызметіне де прокурорлық қадағалау;

6) сот бақылауы: а) сот мәжілісін белгілеу мүмкіндігі жөніндегі мәселені шешу кезінде (ҚДЖК-нің 300б. 4 т.); б) істің алдын ала тыңдалуы барысында (ҚДЖК-нің 301б. 6 т.); в) басты сот талқылауын белгілеу кезінде (ҚДЖК-нің 302б. 1 т.); г) сот тергеуі барысында, дәлелдемелердің қатыстылығы мен жеткіліктілігі жөнінде мәселенің шешілуі кезінде.

Заңдылықтың бұзылуынан қорғаудың объективті факторлары қатарына біз заң білімінің және арнайы білімнің болуын жатқызамыз.

Сонымен бірге маңызды, анықтаушы факторлар жедел-іздістіру қызметі субъектісінің жеке қасиеттері: кәсібиліктің жоғары деңгейі және оның ар-ожданы болып табылады. Кәсіби тұлға өнегелі өзін-өзі бақылауды жүзеге асыруға, өзі үшін тұтас адамгершілікті және құқықтық міндеттерді өз бетінше тұжырымдауға, өзінен олардың орындалуын талап етіп, істелінген қылықтарына баға беруге қабілетті болғанда жедел-іздістіру қызметінің заңдылығына кепілдіктер, әсіресе жасырын әрекеттерді өткізу кезінде айтарлықтай жоғары болады.

Көрсетілген факторды заңдылықтың аса маңызды кепілдіктерінің бірі ретінде атап

көрсетіп, оны қоғамның өнегелі жай-күйінен тыс көрсетуге болмайды, өйткені тұлғаны сипаттайды, өйткені тұлғаны сипаттайтын әлеуметтік маңызы бар белгілердің тұрақты жүйесі қоғамның шынайы жағдайында қалыптасады.

Жедел-іздістіру әрекеттерін жүзеге асырудың заңдылығы **ведомстволық бақылаумен және прокурорлық қадағалаумен** қамтамасыз етіледі.

Жедел-іздістіру әрекеттерін ұйымдастыру және жүргізу кезіндегі ведомстволық бақылауды осы әрекеттерді жүзеге асыратын орган басшылары тікелей қамтамасыз етеді. Бұл ішкі бақылау секілді.

Сонымен бірге, жоғары тұрған ведомстволық органдар да оларға бағынышты органдардың жедел-іздістіру қызметін бақылауды қамтамасыз етеді. Бақылаудың осы түрін шартты түрде сыртқы деп атауға болады.

Мысалы, аудандық ішкі істер бөлімшесінің жедел-іздістіру аппаратының басшысы өзіне бағынышты қызметкерлерінің жедел-іздістіру әрекеттерін өткізу үстінен бақылауды қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар Аудандық ішкі істер бөлімінің жедел-іздістіру қызметі үстінен бақылауды Аудандық ішкі істер бөлімі бағынатын Ішкі істер басқармасының жедел-іздістіру аппараты да жүргізеді. Жедел-іздістіру қызметін жүзеге асырушы өзге де органдар жүйесіндегі ведомстволық бақылау да осыған ұқсас ұйымдастырылған.

Жедел-іздістіру қызметіндегі заңдардың орындалуы үстінен қадағалауды Қазақстан Республикасының Бас прокуроры мен оған бағынышты прокурорлар заңдармен белгіленген құзырет шегінде жүзеге асырады.

Осыған орай 1995 жылы 21 желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасының Прокуратурасы туралы» Заңының IV тарауына жүгіну қажет.

Жедел-іздістіру қызметінің үстінен прокурорлық қадағалаудың пәні:

1) көрсетілген қызметті жүзеге асыру барысында адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының сақталуы;

2) жедел-іздістіру әрекеттерін жүргізу;

3) жедел-іздістіру әрекеттерін жүзеге асыруға өкілетті органдар мен лауазымды адамдардың актілері мен іс-әрекеттерінің заңдылығы [4].

Прокурордың жедел-іздістіру қызметінің заңдылығын қамтамасыз ету жөніндегі өкілеттігі жоғарыда аталған Заңның 35-бабымен реттелген. Прокурорға берілген өкілеттіктер айтарлықтай кең, сондықтан қадағалау қызметін тиімді атқару үшін жедел-іздістіру қызметін терең білуін талап етеді.

Жедел-іздістіру қызметіне қадағалауды жүзеге асыра отырып, прокурор: жедел-іздістіру қызметін жүзеге асыратын органдардан жедел-іздістіру қызметінің барысы туралы жедел істерді, материалдарды, құжаттар мен мен өзге қажетті мәліметтерді тексеріс үшін алады. Бірақ прокурор жедел-іздістіру қызметін жасырын негізде жүзеге асыратын органдарда қызмет ететін немесе қызмет еткен азаматтардың жеке басы туралы мәліметтерді талап етуге және алуға құқылы емес.

Жедел-іздістіру қызметін жүзеге асыратын органдардың арнайы жедел-іздістіру әрекеттерін өткізу заңдылығын тексереді. Олардың кейбіреулері не тиісті дәрежедегі прокурордың рұқсатымен, не соңынан прокурорды хабардар ету арқылы жүргізілуі тиіс екенін еске сала кетейік.

Жедел-іздістіру қызметін жүзеге асыратын органдардың лауазымды адамдарының іс-әрекеттері мен шешімдеріне жасалған шағымдар мен арыздарды қарайды. Мұндай шағымдар қатарына Жедел-іздістіру қызметі туралы Заңының ынтымақтастық жасау еркіндігі жөніндегі талабына қарамастан азаматтарды жасырын ынтымақтастық жасауға мәжбүрлеу туралы шағымдар жатқызылуы мүмкін.

Жедел-іздістіру қызметін жүзеге асыратын органдар шығарған жедел-іздістіру әрекеттерін ұйымдастыру мен өткізу тактикасын реттейтін Конституцияға, заңдарға және республика Президентінің актілеріне қайшы келетін нормативтік сипаттағы актілерге наразылық жасайды. Әрине, жедел-іздістіру әрекеттерінің тактикасына қатысты нормативтік актілердің біркатары мемлекеттік немесе өзге заңмен қорғалатын құпияны сақтаумен кездеседі, сондықтан да жариялауға тиесілі емес және ашық баспасөз жарияланбайды. Жедел-іздістіру қызметін жүзеге асыратын органдардың орталық аппаратының нормативтік сипаттағы ведомстволық актілерді дайындауы, әрине Конституциямен және басқа да құқықтық нормалармен келісіледі. Жедел-іздістіру әрекеттерін ұйымдастыру және жүргізілу тактикасына қатысты ведомстволық нормативтік актілерді жариялау Қазақстан Республикасының Бас прокурорымен немесе оған бағынышты прокурорлармен келісіледі. Егер де қадағалауды жүзеге асыра отырып, прокурор жариялау кезінде прокурормен келісілуін қажет етпеген және заңнамаға қатысты қайшылықтардан тұратын жедел-іздістіру қызметіне қатысты ведомстволық нормативтік актілерді анықтаса, мұндай актілерге шапшаң наразылық білдіруге міндетті.

Жедел-іздістіру қызметін жүзеге асырған кезде заңның, адамның және азаматтың құқықтары

мен бостандықтарының бұзылғаны анықталған жағдайда өзінің қаулысымен жедел-іздістіру әрекеттерін тоқтатады. Жедел-іздістіру қызметін жүзеге асыратын орган жетекшісі белгіленген тәртіпте прокурордың шешіміне шағым беруге құқылы, бірақ сонымен бірге жедел-іздістіру әрекеттерін жүргізілуін тоқтатуға міндетті.

Жедел-іздістіру әрекеттерін жүзеге асырған кезде құқыққа қарсы әрекеттерге жол берген қызметкерлерге қатысты:

- қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілерін анықтап, қылмыстық іс қозғау туралы;
- тәртіптік теріс қылық белгілері орын алған кезде тәртіптік іс қозғау туралы қаулы шығарады;
- жедел-іздістіру қызметін жүзеге асырған кезде заңды бұзудың анықталған фактілері бойынша өзінің құзыретіне кіретін прокурорлық қадағалаудың өзге де актілерін шығарады;
- заңсыз ұсталған адамдарды босатады.

Қажет болған кезде жедел-іздістіру қызметін жүзеге асыратын органдар басшыларынан заң бұзушылықты жою мақсатында өздеріне бағынышты органдарда тексеріс жүргізуді талап етеді.

Заңдарда белгіленген жағдайларда жедел-іздістіру әрекеттерін жүргізуге санкция береді [4].

Қылмыстарды әзірледі немесе жасады деген кінәсі заңмен белгіленген тәртіпте дәлелденбеген адам жедел-іздістіру қызметін жүргізуші органдардан өзін тексеру үшін негіз болған мәліметтерді талап етуге құқығы Қазақстан Республикасы Конституциясының 18 бабының 3 тармағында көрініс тапқан. Онда мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, лауазымды адамдар және бұқаралық ақпарат құралдары әрбір азаматқа өзінің құқықтары мен мүдделеріне қатысты құжаттармен, шешімдермен және ақпарат көздерімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті делінген. Конституцияның 39 бабының 1 тармағы бойынша адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатына қажетті шамада ғана және тек заңмен шектелуі мүмкін. Міне сондықтан да жедел-іздістіру қызметінің субъектілерінен жоғары білікті және мінсіз жұмыс істеу талап етіледі.

Жедел-іздістіру қызметін жүзеге асырушы органның арызданушыға қажетті мағлұматтарды беруден бас тартуы туралы шешімін негізсіз деп таныған ретте, судья өзінің ұйғарымымен, ал прокурор – ескертумен аталған органды мағлұматтарға беруге міндеттей алады.

Жедел-іздістіру қызметінің нәтижесінде алынған адамның жеке өміріне, ар-ожданы мен

қадір-қасиетіне қатысты мәліметтер, егер оларда заңмен тыйым салынған іс-әрекеттер жасағаны туралы хабарлама болмаса, сақталмайды және жойылуға тиіс. Өмірге, ар-ождан мен қадір-қасиетке қатысты мәліметтер – адамда бар ең басты, маңызды, оның жеке өміріндегі, тұрмысындағы, психологиясындағы құндылық туралы мәліметтер. Ол мәліметтер адамның тұлға болып қалыптасу және өзін ұстаудағы фундаментальды процесінде орныққан. Бұл құбылыстарды әрбір адам маңызды жеке құндылығы деп санайды және өзгелер үшін олар жабық болып табылады. Егер оны жария етіп берсең адамның жаны ауырып, ұзақ психикалық жүйке ауытқуларына, депрессияға ұшырауы мүмкін [2].

Сонымен бірге, жария және жасырын жедел-іздістіру әрекеттерін жүргізуді құқықтық реттеудің де мәселелері бар екен. Жедел-іздістіру әрекеттерін құқықтық реттеу дегеніміз – жедел-іздістіру қызметінің туындаған, жалғасып жатқан және тоқтаған қоғамдық қатынастарды реттеу мақсатында мемлекеттің нормативтік-биліктік әсері.

Жедел-іздістіру әрекеттерін жүргізуді құқықтық реттеудің мәселелерінің бірі – Қазақстан Республикасының жедел-іздістіру қызметінің сыртқы барлау қызметін қамтуында. Ресейде сыртқы барлау қызметі арнайы дербес заңмен реттеледі, жедел-іздістіру қызметі сыртқы барлау қызметінен бөлек қызмет болып табылады. Оның өзі бір уақытта жедел-іздістіру қызметін жүзеге асырушы органдардың сыртқы барлау қызметін жүзеге асыруына әкеп соғып отыр. Солардың бірі болып табылатын ҚР ҰҚК сияқты органдардың мемлекеттік аппараты күшеюі кезінде оның саяси мақсаттарда өз азаматтарына қатысты қылмысты іс-әрекеттер жасау құралына айналуы мүмкін. Себебі сыртқы барлау қызметін жүзеге асыру ешқашанда ешбір мемлекетте жариялануға жатпайтын нормативтік актілерге сүйенеді. Сыртқы барлау қызметі мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында адамдарды өлтіруге, олардың денсаулығына зиян келтіруге, адам өмірі мен денсаулығына қауіп төндіруге жол береді. Мұның өзі республикада адам құқықтары мен бостандықтары екінші орынға ысырылып қалғандығын көрсетеді, оларды сақтауда, қорғауда кепіл бола алмайды.

Сондықтан жедел-іздістіру қызметінен заң дәрежесінде сыртқы барлау қызметін бөліп шығару қажет және оны реттейтін «Сыртқы барлау қызметі туралы» арнайы заң шығару қажет. Сонда ғана Қазақстан Республикасы азаматтарының конституциялық құқықтары мен бостандықтарының сақталуына толық кепіл болады.

Тағы бір айта кететін жағдай – заңмен қорғалатын жеке өмірге тиіспеушілік, хат жазысу, телефонмен сөйлесу, телеграф хабарлары мен пошта жөнелтілімдері құпиясын, сондай-ақ тұрғын үйді қол сұғудан қорғау құқығын қозғайтын жасырын (арнайы) жедел-іздігіру әрекеттерін жүргізудің шекті мерзімдерінің заңмен белгіленбеуінде. Әрине, ондай мерзімдер құпия ведомстволық нормативтік актілермен белгіленуі мүмкін, бірақ олар заңмен қорғалатын жеке өмірге тиіспеушілік, хат жазысу, телефонмен сөйлесу, телеграф хабарлары мен пошта жөнелтілімдері құпиясы, сондай-ақ тұрғын үйді қол сұғудан қорғау құқығы бұзылған азаматтар үшін ол жабық, қол жетерліктей емес. Байқау, тұрғын жайларды, ғимараттарды, жер учаскелерін және көлік құралдарына кіру және тексеру; пошта жөнелтілімдерін бақылау; телефонмен және өзге де сөйлесулерді тыңдау; байланыстың техникалық арналарынан, компьютер жүйелерінен және өзге техникалық құралдардан хабарламалар алып тастау сияқты жасырын жедел-іздігіру әрекеттері азаматтардың жеке өміріне тиіспеушілік, хат жазысу, телефонмен сөйлесу, телеграф хабарлары мен пошта жөнелтілімдері құпиясы, тұрғын үйді қол сұғудан қорғау конституциялық құқықтарын шектеуге әкеліп соғатыны белгілі. Осының өзі мұндай әрекеттерді жүргізудің мерзімдерін шектемеу жоғарыда аталған азаматтардың конституциялық құқықтарының шектелуінің жүйелі түрге айналуына әкеп соғуда. Мысалы, 1995 жылғы 12 тамыздағы №144-ФЗ «Жедел-іздігіру қызметі туралы» Ресей Федерациясының Федералдық Заңымен азаматтардың конституциялық құқықтарын қозғайтын жедел-іздігіру әрекеттері 6 айға дейін жүргізілуі мүмкін. Бұл азаматтардың конституциялық құқықтарының жүйелі түрде бұзылмауының кепілі. Сондықтан, азаматтардың конституциялық құқықтарын қозғайтын жасырын жедел-іздігіру әрекеттерін жүргізудің шекті мерзімдерін жедел-іздігіру заңында белгілеу керек.

**Қорытынды.** Қазақстандық жедел-іздігіру заңнамасының тағы бір кемшілігі – заңда жекелеген жедел-іздігіру әрекеттеріне анықтама берілмегендіктен, аталған жедел-іздігіру әрекеттерін әр қалай түсінуге әкеп соғып отыр. Мысалыға, Беларусь Республикасының «Жедел-іздігіру қызметі туралы» Заңында жедел-іздігіру әрекеттерінің әрқайсысына анықтама берілген. Бұл жедел-іздігіру әрекеттерін әр қалай түсіндіруді туғызбайды. Сондықтан, қазақстандық жедел-іздігіру заңында тізімі заңмен бекітілген жедел-іздігіру әрекеттеріне анықтама беру арқылы әр қалай түсінушілік мәселесін жоямыз. Әрине, мұнда жедел-іздігіру әрекеттерінің әрқайсысына анықтама беретін болсақ, жедел-іздігіру қызметін жүргізуші органдардың әрекет ету аясын тым тар қылып жібермейміз бе деген сұрақ туындауы мүмкін. Ол үшін әрбір жедел-іздігіру әрекетінің анықтамасын кең шеңберде барлық жасалуы мүмкін әрекеттерді көрсете отырып жазу керек. Ол жедел-іздігіру қызметкерінің жедел-іздігіру әрекетін жүргізу үшін бағыт-бағдар ретінде қалыптасады.

Қазақстан Республикасының құқықтық саясат Концепциясында: «Қолданыстағы заңнама нормаларын жетілдіру келесі шараларды қолдану арқылы жүзеге асырылады:

– Құқықтық реттеудегі кемшіліктер орнын толтыру және қоғамдық қатынастардың ішіндегі ең маңызды аяға терең көңіл бөлу;

– Заңнаманы унификациялау мақсатында мемлекеттік және орыс тілінде бірыңғай қолданылатын терминдер тізімін қалыптастыру [5].

Г.У. Дауленбаеваның пікірінше, жедел-іздігіру қызметінде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына қолсұғатын мәліметтер алу, жинау процессуалдық сипатқа ие болуы тиіс, яғни процессуалдық нормалармен реттелуге жатады, ол тек Жедел-іздігіру қызметі туралы Заңда ғана емес, сондай-ақ Қылмыстық істер жүргізу кодексінде де көрініс табуы тиіс [6].

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Байкенжеев А.С. Обеспечение прав человека в Республике Казахстан: проблемы теории и практики. // Вестник Казахской Академии Труда и Социальных отношений. – 2002 г. – №1(4). – 52 б.
2. Галиев С.Ж., Сапарин О.Е. Комментарий к Закону РК «Об оперативно-розыскной деятельности». – Алматы, 1998 г.
3. 1994 жылғы 19 қыркүйекте қабылданған №154-ХІІІ «Жедел-іздігіру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңы. // <http://adilet.zan.kz>
4. 1995 жылғы 21 желтоқсандағы №2709 «Қазақстан Республикасының Прокуратурасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы // <http://adilet.zan.kz>
5. Қазақстан Республикасының құқықтық саясат Концепциясы. – Қазақстан Республикасы Президентінің 20 қыркүйек 2002 жылғы қабылданған №949 Жарлығымен // Ресми газет. – №40 (93). – 5.10. 2002 ж.
6. Дауленбаева Г.У. Право лица на ознакомление с информацией, затрагивающей его права и законные интересы: уголовно- процессуальные аспекты. Дисс. на соиск. учен. степени к.ю.н. // Алматы, 2006. – 98 б.

УДК: 343.34  
МРНТИ: 10.79.01

*Э.П. Кенжибекова<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Абай атындағы ҚазҰПУ, Тарих және құқық институты, қылмыстық-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, з.ғ.к., Алматы қ., Қазақстан  
e-mail: danaestai@mail.ru*

### **ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС БОЙЫНША СОТҚА ДЕЙІНГІ ТЕРГЕП-ТЕКСЕРУ САТЫСЫНДА ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСС ҚАТЫСУШЫЛАРЫНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕ**

*Аңдатпа*

Бұл мақалада қылмыстық процесс қатысушыларына қатысты қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысындағы қолданылатын қауіпсіздік шаралары жөнінде сондай-ақ, жақын, алыс шет мемлекеттердің қылмыстық процесуалдық заңнамасы нормаларына шолу жасалына отырып, отандық қылмыстық процесуалдық заңнаманы жетілдіру шарасы қарастырылған.

**Түйін сөздер:** қатысушылар, қылмыстық процесс, қауіпсіздік шаралары, сотқа дейінгі, тергеп – тексеру, процесуалдық заңнама.

*Э.П. Кенжибекова<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>к.ю.н., старший преподаватель кафедры уголовно-правовых дисциплин института истории и права КазНПУ имени Абая, г. Алматы, Казахстан  
e-mail: danaestai@mail.ru*

### **МЕРЫ БЕЗОПАСНОСТИ, ПРИМЕНЯЕМЫЕ В ОТНОШЕНИИ УЧАСТНИКОВ ПРОЦЕССА НА СТАДИИ ДОСУДЕБНОГО РАССЛЕДОВАНИЯ УГОЛОВНОГО ДЕЛА**

*Аннотация*

В этой статье рассматриваются пути совершенствования уголовно-процессуального законодательства в отношении существующих мер безопасности на досудебном этапе уголовного судопроизводства на основе компаративного анализа правил уголовно-процессуального законодательства ближнего и дальнего зарубежья.

**Ключевые слова:** участники, уголовный процесс, гарантии, меры безопасности, досудебное разбирательство, расследование, процессуальное законодательство.

*E.P. Kenjibekova<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>к.ю.н., Senior Lecturer, Chair of Criminal Law Disciplines, Institute of History and Law Kazakh National University named after Abay, Almaty, Kazakhstan  
e-mail: danaestai@mail.ru*

### **SAFETY MEASURES APPLICABLE TO THE PARTICIPANTS OF THE PROCESS AT THE STAGE OF THE PRE-STUDY OF THE CRIMINAL CASE**

*Abstract*

This article examines the improvement of criminal procedural legislation with respect to existing security measures at the pre-trial stage of criminal proceedings against participants in the criminal process, as well as consideration of the rules of the criminal procedure legislation of the near and far abroad.

**Keywords:** participants, criminal trial, guarantees, security measures, pre-trial proceedings, investigation, procedural legislation.

#### **Кіріспе**

Қылмыстық процесс қатысушыларына қарсы әрекеттесулер қылмыстық сот өндірісінің кез келген сатысында жасалуы мүмкін. Себебі ол қатысушылар қылмыстық істі сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатылары мен сотта қарауға әрекеттеседі [1]. Сонымен қатар, қылмыстық

процесс қатысушыларының қауіпсіздігін қамтамасыз етудің мәселелері, әсіресе сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысында пайда болады.

Осыған орай, құқыққа қайшы әрекеттер бәрінен бұрын қылмыстық істер бойынша іс жүргізуге әрекеттесуші процесс қатысушыларының құқықтарына қарсы бағытталады. Мұн-

дай әрекеттердің мақсаты болып дәлелдемелерді алу процесін, ҚР ҚПК-сі 113 бабында көрсетілген қылмыстық іс бойынша анықталуға жататын мән-жайларды анықтау процесіне кері әсерін тигізу немесе тоқтау табылады [2].

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысының барысында қорғалуға жататын тұлғаларға қатысты әрекеттердің баламасы былай түсіндіріледі, аталған сатыда айыптаудың көлемі мен шегі анықталып, күдікті кінәсінің алдын-ала барысы анықталады және ол айыптауды прокурор бекіткеннен кейін сотқа ұсынылады.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысының барысында ұсынылған қауіпсіздік шаралары қылмыстық процесс міндеттерінің орындалуына бағытталады. Яғни ҚР ҚПК-сі 97 бабының 1-ші бөлігіне сай көзделген негіздер бойынша сотқа дейінгі сатыда оларға қауіпсіздікті қамтамасыз ету шарасы қолданылады.

Қылмыстық процесті жүргізетін орган, егер қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге байланысты күдіктіге, айыпталушыға, жәбірленушіге, куәге, қылмыстық процеске қатысатын басқа да адамдарға, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері мен жақын туыстарына қатысты күш қолданудың немесе қылмыстық заңда тыйым салынған өзге де іс-әрекеттің жасалу қатері туралы деректер болса, олардың қауіпсіздігі шараларын қолдануға міндетті.

Мәліметтерге қолжетімділікті шектеу түріндегі қауіпсіздік шарасы мемлекеттік құпияларды не іске қатысатын адамдар өмірінің интимдік жақтары туралы мәліметтерді жария етуден қорғау мақсатында қолданылуы мүмкін.

А.Н. Ахпанов пен В.И. Андреевтің пікірлерінше, аталған баптың мазмұнына орай, процеске қатысатын жәбірленуші, оның өкілі, куә және олардың жақын туыстары сияқты қылмыстық сот өндірісі қатысушыларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында тергеуші тергеу әрекетіне қатысты жәбірленуші, оның өкілі және куәнің жеке басы туралы мәліметтерді тергеу әрекеттерінің хаттамасында көрсетпеуі тиіс [3, 16 б.].

Осыған орай заңды сұрақ туындайды, осындай жолмен қауіпсіздікті қамтамасыз ету шаралары қолданылғанда қандай жолмен процесс қатысушысының жеке басы туралы шынайы мәліметті құпия түрде сақтауды қамтамасыз ету мәселесі.

ҚР ҚПК-нің 96 – бабы 1-бөлігіне сай қылмыстық процесті жүргізуші орган қауіпсіздік шарасын қолдануға міндетті. Осыған сай ол қатысушының жеке басы туралы мәліметті құпия түрде сақтаудың себептерін көрсете оты-

рып қаулы шығарады. Одан да тергеу әрекетіне қатысушының лақап атын көрсетеді, ал қаулыда қорғалатын адам өзінің шынайы қолтаңбасының үлгісін көрсетеді. Лақап аты және шынайы қолтаңба үлгісі қорғалатын тұлғаға қатысты тергеу әрекеттерінің хаттамаларында қолданылады. Қаулыны арнайы конвертке салып, мөрмен бекітіп қылмыстық іске тіркеледі және қылмыстық процестің өзге де қатысушыларының онымен танысу мүмкіндігін жоққа шығаратын жағдайларда іспен бірге сақталады.

Менің ойымша, бұл мәселе өте маңызды себебі сотқа дейінгі тергеп – тексеру сатысында әрмен қарай тергеу әрекеттерін жүргізу барысында тергеуші мен анықтаушы қорғалатын тұлға жөніндегі мәліметтердің сақталуы үшін шаралар қолдануға міндетті. Мұндай шаралар шартты түрде екі топқа бөлініп топтастырылуы мүмкін:

- тергеу әрекеттерін жүргізу барысындағы процесуалдық құжаттарды жазуда қорғалатын тұлғаға қажетті лақап ат және жасырын қолтаңба үлгісін қолданумен байланысты шаралар;

- қылмыстық істе сақталатын арнайы конвертке салынған шынайы мәліметтерді (подлинные сведения) құпиялы түрде сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған шаралар.

Қылмыстық процесуалдық заңнамамен келісімсіз де қауіпсіздік шараларын қолдану туралы шешімдерді қабылдауды қарастырады. ҚР ҚПК-нің 97 бабының 3-бөлігіне сай анықталады: тергеу әрекетіне қатысушының жеке басы туралы мәліметтерді алу мен сақтау мүмкіндігі қаулының негізінде тиісті жасырын ат беру жүзеге асырылады және аталған мәселелерді тергеу органы бастығының рұқсатынсыз да алуға болады. Мұндай жедел түрде қабылданған процесуалдық шешімнің заңдылығы мен негізділігін қамтамасыз ету үшін, тергеушімен қабылданған қаулыны тексеру үшін тергеу органының бастығына жіберуге міндетті.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысында қылмыстық процесс қатысушыларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын қолданудың тағы да бір ерекшелік жағы бар. Мұндағы қауіпсіздікті қамтамасыз етудің ерекшелігі болып, дәл осы кезеңде қылмыстық сот төрелігіне және қорғану қажеттілігіне ие болатын қатысушыларға қасақана әрекет жасауға тырысатын тұлғалар анықталуы мүмкін [4, 10 б.].

Қауіпсіздік шараларын қолдануды сот сатыларында да жалғастыру, сондай-ақ, осындай болу үшін жағдайлар жасауды дайындау, қылмыстық процесті жүргізуші органдардың тарапынан өте жоғары деңгейде бағалануы тиіс.

Заң тергеу барысында, яғни сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысында қолданылатын қауіпсіздік шараларының бірнеше түрлерін атап көрсетеді. Дәлірек келсек ҚПК-нің 97 бабының 1-ші бөлігіне сай: «Қылмыстық процесті жүргізетін орган куәлардың, күдіктілердің және қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысатын басқа да адамдардың, олардың отбасы мүшелерінің және жақын туыстарының қауіпсіздігі шараларын қамтамасыз ету мақсатында:

1) күш қолданудың немесе қылмыстық заңда тыйым салынған басқа да іс-әрекеттердің қатерін төндіріп отырған адамға оны қылмыстық жауаптылыққа тарту ықтималдығы туралы ресми ескертпе жасайды;

2) қорғалатын адам туралы мәліметтерге қолжетімділікті шектейді;

3) оның жеке басының қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы тапсырма береді;

4) қылмыстық процеске қатысушыларға қатысты күш қолдану (қолдануды ұйымдастыру) немесе өзге де қылмыстық іс-әрекеттер жасау (жасауды ұйымдастыру) ықтималдығын болғызбайтын бұлтартпау шараларын күдіктіге, айыпталушыға қатысты таңдайды;

5) жақындауға тыйым салу түріндегі процесстік мәжбүрлеу шарасын қолданады деп көрсетілген». Қылмыстық процесті жүргізетін орган шығарған ескертпе адамға қолын қойғыза отырып хабарланады.

Өз кезегінде қылмыстық сот өндірісіне қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларының шеңберін кеңейту қажеттігіне А.Ю. Епихинде көңіл бөлген [5, с. 114].

Атап өтер болсақ, осы аталғандардың үшеуі сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысында қолданылуы мүмкін:

- танушы адамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ дауыс, сөйлеу, жүріс ерекшеліктері бойынша тану кезінде адамды тану үшін көрсету танылуға тиіс адамның танушы адамды көзбен шолып байқауын болдырмайтын жағдайларда жүргізілуі мүмкін. Танушы адамға тану үшін көрсетілген адамдарды жеткілікті түрде көзбен шолып байқау мүмкіндігі қамтамасыз етілуге тиіс;

- өзіне қатысты жасырын тергеу әрекеті жүргізлетін объектінің шифрын ашуды болғызбау мақсатында қаулыда нақты деректердің орнына бүркеншік атты, шартты атауды көрсетуге жол беріледі. Құпиялық талаптары сақтала отырып, деректерді өзгерту туралы прокурормен келісілетін тиісті қаулы шығарылады.

ҚР ҚПК-сі 96 бабының 1-бөлігіне сай осы аталған қауіпсіздік шараларынан өзге де ҚР заңдарымен қарастырылған қауіпсіздік шараларды қолдану мүмкіндіктері қарастырылған. Бірінші кезекте «жәбірленуші, куә мен өзге процесс қатысушыларын мемлекеттік қорғау» туралы заңы бар. Онда қылмыстық процесуалдық қауіпсіздік шараларынан өзге мемлекеттік қорғау шаралары қарастырылған.

Кейбір ғалымдар қылмыстық процесуалдық мәжбүрлеу шараларының өзге де түрлерін қолдану мүмкіндігін негіздеп атап көрсетеді. Себебі олар да, қылмыстық сот өндірісі қатысушыларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету шарасы ретінде қарастырылады дейді [6, с. 53 – 58].

Яғни, ҚР ҚПК-сі 128 бабы 1 – бөлігіне сай тергеушімен, анықтаушымен, сот өкілеттігінің шеңберінде бұлтартпау шарасын қолдану негізі ретінде қарастырылған. ҚР ҚПК-сі 128 бабының 1-ші бөлігіне сай «қылмыстық құқық бұзушылық жасаудағы күдіктіні ұстап алу – қылмыстық қудалау органы қылмыстың жолын кесу және оған күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын қолдану туралы мәселені шешу мақсатында немесе адамның жасырынуы не неғұрлым ауыр қылмыс жасауы мүмкін деп пайымдауға негіздер болса, қылмыстық теріс қылық бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету үшін қолданатын процесстік мәжбүрлеу шарасы» деп көрсетілген.

Бұл қылмыстық процесуалдық ереже келесідей бірнеше қорытынды жасауға алып келеді:

1) бұлтартпау шарасын қолдану шешімі тек қана жеткілікті негіздер болғанда да қабылданады;

2) бұлтартпау шарасын таңдау – ол құқық, брақ қылмыстық процесті жүргізетін орган үшін міндетті емес;

3) қорғау нысаны ретінде бұлтартпау шарасының бірін қолдану қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қатаңырақ шарасының бір түріне ауыстыруын жоққа шығармайды;

4) кейбір бұлтартпау шаралары сот шешімдерінде қолданылуы мүмкін.

Бұлтартпау шарасын таңдау туралы мәселені шешумен қатар, қорғалатын тұлғаның қауіпсіздігін қамтамасыз ету құралы ретінде тергеушімен видео – конференциялардың – байланыс қолдану арқылы жауап алынуы мүмкін. Ол дегеніміз қорғалатын адамға сұрақтар қою мүмкіндігін қамтамасыз еткенімен, жауап алу орнын анықтау мүмкіндігінен айырады. Жеке дербес тергеу әрекеті ретінде өткізілген жағдайда.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жыл 30 тамыз (2007 жылғы өзгерістер мен толықтырулармен). – Алматы: Жеті жарғы, 2010.
- 2 Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ
- 3 Ахпанов А.Н., Андреев В.И. Безопасность участников уголовного процесса: Монография. – Алматы, – 178 с.
- 4 «Қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау туралы» ҚР Заңы (5.07.2000). – Алматы: Баспа, – 10-б.
- 5 Епихин А.Ю. некоторые проблемы обеспечения безопасности лиц ведущих производство по уголовному делу// Материалы международной научно-практической конференции. – М. 2004. – С. 114-118.
- 6 Брусницын А.В. О состоявшихся и будущих новеллах УПК, обеспечивающих безопасность участников уголовного процесса. Уголовное право. – 2013. № 3. – С. 53 – 58.

УДК: 343.13  
МРНТИ: 10.79.41



Г.Ж. Османова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы ҚазҰПУ, Тарих және құқық Институты, Қылмыстық-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі, Алматы қ., Қазақстан  
e-mail: [Gulaina.78@mail.ru](mailto:Gulaina.78@mail.ru)

## СОТҚА ДЕЙІНГІ ІС ЖҮРГІЗУДЕ ІС ЖҮРГІЗУ ҚҰЖАТТАРЫН ҚҰРАСТЫРУДА ТЕРМИНДЕРДІ ҚОЛДАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

### Аңдатпа

Бұл мақалада сотқа дейінгі іс жүргізу барысындағы тергеп-тексеру амалдары кезінде қылмыстық процестік заңнамаға сәйкес іс жүргізу құжаттарын құрастыруда мәтіндерді орынды қолдану мәселелері қарастырылып, қылмыстық істі тергеп-тексерудің тиімділігін арттыру үшін қазірдің өзінде көптеген тергеушілермен пайдаланылатын іс жүргізу құжаттарының электронды мұрағаттарын дамыту тәсілдері туралы баяндалады.

**Түйін сөздер:** қылмыстық процесс, тергеп-тексеру, іс жүргізу құжаты, сотқа дейінгі іс жүргізу, хаттама, жауап алу хаттамасы.

Г.Ж. Османова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>м.ю.н., старший преподаватель кафедры уголовно-правовых дисциплин  
Института истории и права КазНПУ имени Абая, г. Алматы, Казахстан.  
e-mail: [Gulaina.78@mail.ru](mailto:Gulaina.78@mail.ru)

## ВОПРОСЫ ПРИМЕНЕНИЯ ТЕРМИНОВ ПРИ СОСТАВЛЕНИИ ПРОЦЕССУАЛЬНЫХ ДОКУМЕНТОВ В ДОСУДЕБНОМ ПРОИЗВОДСТВЕ

### Аннотация

В статье рассматриваются проблемы применения терминов при составлении процессуальных документов в досудебном производстве в соответствии с уголовно-процессуальным законодательством. Целесообразным представляется развитие электронных архивов процессуальных документов, уже сейчас используемых многими следователями для повышения эффективности расследования уголовного дела.



**Ключевые слова:** уголовный процесс, расследование, процессуальный документ, досудебное производство, протокол, протокол допроса.

*G.Zh. Osmanova<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>master of jurisprudence, senior teacher of department criminal and legal discipline  
Institute of history and right of KazNPU of a name of Abay, Almaty, Kazakhstan  
e-mail: [Gulaina.78@mail.ru](mailto:Gulaina.78@mail.ru)*

## **QUESTIONS OF APPLICATION OF TERMS BY DRAWING UP PROCEDURAL DOCUMENTS IN PRE-JUDICIAL PRODUCTION**

### *Abstract*

In article problems of application of terms are considered by drawing up procedural documents in pre-judicial production according to the criminal procedure legislation. Development of electronic archives of the procedural documents already now used by many investigators for increase in efficiency of investigation of criminal case is represented expedient.

**Keywords:** criminal procedure, investigations, judicial document, pre-trial production, protocol, protocol of interrogation.

Заң талабына сай әрбір іс жүргізу құжаты сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында бекітілген фактілерге негізделуі тиіс. Бұл фактілердің шындығында орын алған барлық жағдайларды қамтитын және іс жүргізу құжатында өз көрінісін тапқан қылмыстық құқық бұзушылық істердің материалдарына және оның дәлелдерге сәйкес келуі өте маңызды. Басқа сөзбен айтқанда, іс жүргізу құжатының негізділігі – онда баяндалған фактілердің объективті дұрыстығы.

Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің құпиясын құратын мәліметтер ерекше қызығушылық тудырады. Олар нақты қылмыстық құқық бұзушылық туралы іс бойынша қылмыстық процесске қатысушылардан, сондай-ақ құқық қорғау органдарының қызметкерлерінен алынуы мүмкін.

Тергеушінің негізді болуы тиіс қорытындыларына іс жүргізу құжатында баяндалған барлық шешімдер мен пікірлер жатады. Бірақ та тергеушінің әртүрлі қорытындыларының дәлелдігінің өзіндік ерекшеліктері болуы мүмкін.

Қылмыстық құқық бұзушылық туралы іс бойынша қорытындыларды негіздеу дәлелдемелердің қисынды ұйымдастырылуына, оймен реттеу жағдайында – дәлелдемелерді бағалау кезінде пайда болады. Өз кезегінде, дәлелдемелерді бағалау тергеу барысында қылмыстық іс бойынша соңғы шешім қабылдау үшін де, аралық шешім қабылдау үшін де жиналған дәлелдер жиынтығының жеткілікті екендігі бекітілгенде таным процесі кезінде алынған қорытындыларды негіздеумен байланысады.

Дәлелдер жиынтығы белгілі бір мақсатқа құрастырылуы керек. Дәлелдеу материалдарының артықшылығы, тергеуші жеткіліктілігі белгілі, айқындалып қойған жағдайларға көп көңіл

бөліп, ешқандай жаналық енгізбейтін дәлелдерді жинай берген жағдайда, ол алдын ала тергеудің созылуына алып келуі мүмкін.

Егер тергеп-тексеру іс-әрекетін жүргізу кезінде фотосуретке түсіру, дыбыс бейнежазба қолданылса не іздің көшірме бедері мен таңбасы жасалса, сызбалар, схемалар, жоспарлар жасалса, онда хаттамада оны жүргізу барысында қолданылған ғылыми-техникалық құралдар, оларды пайдалану жағдайлары мен тәртібі, бұл құралдар қолданылған объектілер және алынған нәтижелер көрсетілуге тиіс. Хаттамада бұған қоса ғылыми-техникалық құралдарды қолданудың алдында бұл туралы тергеу іс-әрекетін жүргізуге қатысқан адамдардың хабардар етілгендігі көрсетілуге тиіс [1, 25 б.].

ҚР ҚПК 218 бабына сәйкес, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам куәны, жәбірленушіні, күдіктіні жауап алуға шақыру қағазы арқылы шақырады.

Шақыру қағазында жауап алуға шақырылатын адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), адамды шақырып отырған адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), лауазымы, жауап алуға келетін мекен-жай мен уақыты (күні, сағаты), адвокат шақыру құқығы, сондай-ақ дәлелді себептерсіз келмеудің салдары көрсетіледі.

Шақыру қағазы жауап алуға шақырылатын адамға одан қолхат ала отырып табыс етіледі не байланыс құралдарының көмегімен беріледі. Жауап алуға шақырылатын адам уақытша болмаған жағдайда, шақыру қағазы оның отбасының кәмелетке толған мүшесіне немесе тұрғылықты жері бойынша тұрғын үй-пайдалану ұйымына немесе әкімшілікке не жұмыс орны бойын-

ша әкімшілікке немесе сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның тапсырмасы бойынша өзге адамдар мен ұйымдарға табыс етіледі, олар шақыру қағазын жауап алуға шақырылатын адамға беруге міндетті [2].

Жауап алынатын адам өзге байланыс құралдарын пайдалана отырып шақырылуы мүмкін. Күзетпен ұсталып отырған күдікті жауап алуға күзетпен ұстау орнының әкімшілігі арқылы шақырылады және жеткізіледі.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам жауап алу алдында жауап алынатын адамның жеке басына көз жеткізуге тиіс. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның шешімі бойынша, сондай-ақ күдіктінің, айыпталушының, куәнің немесе жәбірленушінің өтінуі бойынша жауап алу кезінде дыбыс- және бейнежазба қолданылуы мүмкін. Жауап алынатын адамға мұндай дыбыс- және бейнежазбаның қолданылатыны туралы жауап алу басталғанға дейін хабарланады. Дыбыс- және бейнежазба жауап алудың барысын толығымен көрсетуге және жауап алынатын адамдардың айғақтарын толық қамтуға тиіс. Жауап алудың бір бөлігін дыбыс- және бейнежазбаға түсіруге, сондай-ақ сол жауап алудың барысында берілген айғақтарды жазып алу үшін арнайы қайталауға жол берілмейді.

Кез-келген мәтіннің мағынасы автордың осы мәтінге қандай мағына беретіндігіне байланысты болады. Заң саласында қызмет ететін мәтіндерге олардың өз құрушыларының жеке меншігі болып табылуы тән. Осыған байланысты мәтіннің қандай да бір нақты оқиғалар туралы ақпарат беру қабілетінің ғана емес, сонымен қатар автордың болып жатқан оқиғаларға қарым-қатынасын «белгілеу» қабілетінің де ерекше мәні бар. Заңдық мәтіндер мүліктік, еңбектік немесе басқа да даулы сұрақтарды қарастыруында қандай да бір әрекеттің заңдылығын немесе заңды еместігін жазбаша куәландыру қызметін атқарады.

Заңдық мәтінді құрастырушының мақсаты нақты оқиғаға заңдық факт формасында көрініс беру болып табылады. Құжатты құрушының істің фактіге негізделген жағына саналы түрде бағыттылығы заң саласында осындай құжаттарға қойылатын қатаң талаппен түсіндіріледі. Заң саласы үшін істің фактіге негізделген жағы ғана маңызды болып табылады. Фактілер жағдайлық белгісінен айырылып отырғандықтан, нақты не нәрсе орын алғандығымен ғана маңызды.

Іс жүргізу мәтіндерінде «факт» түсінігінің «оқиға» түсінігімен жақындығы байқалады. Оқиға туралы баяндай отырып, мәтінді құрастырушы оны кейде істің нақты жағдайына сәйкес

келмейтін көптеген нақты егжей-тегжейлермен шырмал тастайды. Бұл жағдайда құжатты құрушыға қандай да бір әрекетті іске асырудың фактісі емес, қандай жағдайда оқиға болғандығы, яғни істің субъективті жағы маңызды.

Фактінің оқиғадан негізгі айырмашылығы «сезінуші субъектіден», яғни табиғи жүйе ретінде адамға тәннің барлығынан құтылуға деген ұмтылыс болып табылады. «Факт» және «оқиға» мәні бойынша әр түрлі әлемнің мазмұнына жатады. «Факт» түсінігі білім әлеміне, жалған мен ақиқат шартымен шектелген логикалық кеңістікке бейімделген. «Оқиға» түсінігі жалғандық пен ақиқаттың шектеулерімен байланысты емес, яғни ол нақты кеңістік пен уақыт болып жатқан ағымға бейімделген [3, 46 б.].

Оқиғаның заңдық фактінің формасына ауысуы ресми құжаттарды дайындауға қойылатын талаппен, яғни құжаттардың ақтық формациясы талабымен негізделген. Мәтіннің формализациясы деп заңдық текстердің мазмұнына, тіліне, формасына қойылатын шектеулердің жүйесін түсінуге болады. Мәтіндерді үйлестіру құқық тұрғысынан ақталған: құжаттың авторы ғана заң тұлғасы болып табылмайды, мәтіннің формасы да «заңдастырылған түрде» иеленеді [4, 5 б.].

Заң мәтінін формализациялаудың коммуникативті міндеті – құжатты құрастырушымен байланысты ашатын жақтарын, оның сол оқиғаны бағалауын анықтаушыдан айыру болып табылады. Құжаттың мұндай құрылымы фактілерге, яғни болған оқиғаның объективті жағына көңіл бөлуге мүмкіндік берер еді.

Осындай талаптарға сәйкес құрылған құжатқа формальды логика заңдылықтарын қолдануға болады. Бірақ та заңдық мәтінге деген мұндай көзқараста осы құбылыстың адам өміріндегі функциялары есепке алынбайды, яғни субъективті жақ ескерілмейді. Бұдан бір уақытта осы мәтіннің презумпциялары арасында заңдық тұрғыда да, табиғи тұрғысынан да елеулі қайшылықтар көрініс табады.

Нақты белгіленген түсініктер, ашық білдірілген ойлар қисынды түрде берілуі тиіс, яғни құбылыстар арасындағы қатынастар мен тәуелділіктердің қисынын бейнелеу керек. Лингвистикадағы қисындылық сөйлеудің құрамдас бөлігінің, мағыналық байланыстардың, ойдың құрамдас бөліктерінің арасындағы қатынастар мен байланыстардың көрінісі ретінде анықталады. Қисындылықты заттық және түсініктік деп ажыратуға болады. Заттық қисындылық тіл бірлігінің мағыналық байланыстары мен қатынастарының заттар мен құбылыстардың шын мәніндегі байланыста-

ры мен қатынастарына сәйкестілігінен тұрады. Түсініктік қисындылық тіл элементтерінің мағыналық байланыстарындағы ойдың қисынды қозғалысын бейнелейді. Қисынды ойлау мен пайымдау – пайымдауда қарама-қайшылықтарға жол бермей, нақты және жүйелі, дәлелді ойлау деген сөз [5, 145 б.]. Сот төрағалары мұны есте сақтау керек, себебі сот құжаты қорытындылардың негізделуін талап етеді. Тұтас мәтін деңгейіндегі қисындылық сөйлеу композициясымен және бірқатар логикалық амалдармен құрылады, олардың негізгілері – түсінікті анықтау, түсіндіру, суреттеу, салыстыру, талдау, синтездеу, абстракциялау (жалпылау). Бір сөзбен айтқанда, нақтылық және қисындылық, айқындылық, дұрыстық, қысқалық жазған адамның ойлары оқырманның немесе сот құжатын тыңдаушылардың санасына жеңіл жетуі үшін қажет.

